ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

Сыр бойы

№40-41 (19523-19524)
17 наурыз, сенбі
2018 жыл
www.syrboyi.kz

1929 жылдың 1 шілдесінен шығады

МҮДДЕСІ ОРТАҚ МЕМЛЕКЕТТЕР

АСТАНАДА ОРТАЛЫҚ АЗИЯ ЕЛДЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ КОНСУЛЬТАТИВТІК ЖҰМЫС КЕЗДЕСУІ ӨТТІ

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековке, Тәжікстан Республикасының Президенті Эмомали Рахмонға, Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевке, сондай-ақ Түрікменстан Меджлисінің төрайымы Акджа Нұрбердыеваға қошемет білдірді.

Елбасы ішкіөңірлік мәселелерді шешу үшін тұрақты консультативтік жұмыс кездесулерін өткізу бастамасы Өзбекстан Президенті Ш.Мирзиёевке тиесілі екенін атап өтті.

– Туындайтын барлық мәселелерді біз бірлесіп шеше аламыз. Біздің кездесуіміз бәрімізге ортақ Наурыз мейрамы қарсаңында өтуінің символдық мәні бар. Қазақстан көршілерімен, әсіресе, тарихы, мәдениеті, дүниетанымы, дүниені сезінуі ортақ Орталық Азия елдерімен тығыз экономикалық ынтымақтастық орнатуға әрдайым ұмтылыс танытты, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті Орталық Азия елдерінің әлеуетін біріктірудің, ішкі өңірлік сауданы арттырудың, өңірлік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің және халықтарымыздың жақындасуының маңыздылығын атап өтіп, жоғары деңгейдегі осындай консультативтік кездесулерді өткізудің артықшылықтарына тоқталды.

– Елдеріміз арасындағы саяси ынтымақтастық мәселесі бойынша елеулі жетістікке қол жеткізгенімізді айтқым келеді. Біз сыртқы саясат ведомствосы басшылары арасында диалог орнатуда алдық. Нью-Йоркте Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің отырысы кезінде сіздердің сыртқы істер министрлеріңізді көріп, риза болдым. Осылайша зор қолдау көрсеттіңіздер. Біз әрдайым бір-бірімізге қолдау көрсетіп жүруіміз керек, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Мемлекет басшысы Орталық Азия елдерінің барлық көшбасшыларының ерекше күш-жігер танытқанын атап өтіп, өңір елдері арасындағы өткен жылғы мемлекетаралық ынтымақтастықты нығайту үдерісіне оң баға берді.

Бұдан бөлек, Нұрсұлтан Назарбаев Орталық Азия елдерінің Қазақстанмен қарым-қатынасты дамыту мәселесіне назар аударды.

– 2017 жылы сіздердің елдеріңіздің әрқайсысына жіберілген Қазақстан экспорты 35 процентке жетті. Үкіметаралық комиссиялардың отырыстары өткізілуде. Шекараларда жаңа бекеттер ашылуда. Паспорт тексеру тәртібі жеңілдетілуде. Жаңа жолдар мен көпірлер салынуда. Шекараларға қатысты келісімдер жасалуда. Көлік қатынасы орнатылуда. Жаңа әуе рейстері ашылып, жүрдек пойыздар жөнелтілуде, – деді Қазақстан Президенті.

Сонымен бірге, Мемлекет басшысы өңірдің жетекші державалары – Ресей Федерациясымен және Қытай Халық Республикасымен байланыстарды одан әрі нығайту қажеттігін атап өтті.

Соңында Нұрсұлтан Назарбаев өткізіліп жатқан кездесудің табысты болатынына, оның нәтижелері өңірдегі барлық халықтың игілігіне қызмет ететініне сенім білдірді.

Мұнан кейін Қырғыз Республикасының Президенті С.Жээнбеков сөз сөйледі.

– Бүгінгі кездесу біздің достық және тату көршілік қарым-қатынастарымызды жаңғыртып, жандандыра түседі. Осы басқосу елдеріміз бен халықтарымыздың одан әрі жақындасуына бағытталған ортақ ұмтылыстарымызға тың серпін береді. Қонақжайлық танытып, Орталық Азия елдері басшыларының кездесуін ұйымдастырғаны үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа ризашылығымды білдіремін, – деді Қырғыз Республикасының Президенті.

Тәжікстан Республикасының Президенті Э.Рахмон сөйлеген сөзінде Орталық Азияның көлік-транзит әлеуетін дамыту, су және энергетика ресурстарын тиімді пайдалану, мәдениет саласындағы өзара іс-қимыл және өңірлік қауіпсіздікті нығайту мәселелеріне тоқталды.

– Біз терроризм, экстремизм, есірткінің заңсыз айналымы, трансұлттық ұйымдасқан қылмыс, діни радикализм сияқты қауіпсіздікке төнетін сын-қатерлерге қарсы тиімді әрі жедел әрекет ету үшін барлық тетіктерді пайдалануымыз керек. Бұл мәселелерді шешу ықпалдастығымыздың басым міндеті саналады. Өйткені бір елдегі жағдайдың өзгеруі бүкіл өңірдегі ахуалға теріс ықпал етуі мүмкін, – деді Э.Рахмон.

Өзбекстан Республикасының Президенті Ш.Мирзиёев сауда-экономикалық ынтымақтастықты және өңірлік қауіпсіздік пен тұрақтылықты қамтамасыз ету саласында мемлекетаралық ықпалдастықты дамытудың маңыздылығын атап өтті.

– Біздің барлық бірлескен іс-қимылымыз, жоба-ларымыз бен бағдарламаларымыз өзара сенім мен құрметті нығайтып, халықтарымыздың мүддесіне сай келетін әрі елдеріміз тарапынан толық қолдау табатын тығыз өңірлік ынтымақтастықты нақты жаңа мазмұнмен байыта түсетіні сөзсіз, – деді Өзбекстан Президенті.

Түрікменстан Меджлисінің төрайымы А.Нұрбердыева Түрікменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтің жұмыс кездесуіне қатысушыларға арналған үндеуін оқып берді.

– Орталық Азиядағы жақын көршілермен ынтымақтасу Түрікменстанның сыртқы саяси стратегиясының басымды аспектілерінің бірі болып саналады. Біздің ел екіжақты және көпжақты форматтағы барлық бағыттар бойынша тең құқылы және сенімді диалогты ілгерілетуге жанжақты қолдау білдіре отырып, өңірдегі елдермен ауқымды ықпалдастық орнатуды көздейді, – деді А.Нұрбердыева.

ҚАРҚЫН АЛҒАН ҚАТЫНАС

Нұрсұлтан Назарбаев Қырғыз Республикасының Президенті Сооронбай Жээнбековпен кездесті.

Кездесу барысында тараптар екіжақты қатынастардың және өңірлік күн тәртібінің өзекті мәселелерін талқылады.

Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы сауда-экономикалық қатынастардың дамып келе жатқанына тоқталып, Орталық Азия елдері басшыларының жоспарланған кездесуінің маңызды екенін айтты.

– Біз бәрімізге ортақ мәселелерді, соның ішінде экономикалық ықпалдастықты, өзара сауданы, инфрақұрылымдық даму мен логистика саласындағы ынтымақтастықты талқылаймыз, – деді Қазақстан Президенті.

Сооронбай Жээнбеков Астанада Орталық Азия елдері басшыларының консультативтік жұмыс кездесуін өткізу жөніндегі бастамаға қолдау білдірді.

ТАУАР АЙНАЛЫМЫ ТОЛЫҒА ТҮСПЕК

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев Өзбекстан Республикасының Президенті Шавкат Мирзиёевпен кездесті.

Нұрсұлтан Назарбаев Шавкат Мирзиёевтің екіжақты қатынастарды дамыту мен нығайтудағы рөлін ерекше атап өтті.

– Сіз мемлекет басшысы болғалы өзіңізбен бірнеше рет жүздестік, өзара талқылаған мәселелердің бәрі жүзеге асырылып, жұмыстар атқарылып жатыр. Биыл көп жұмыс істедіңіз, көршілермен өзара қарым-қатынасты реттедіңіз, ондаған жылдар бойы шешілмеген мәселелерді шештіңіз. Өзбекстанда атқарып жатқан орасан зор жұмыстарыңыз үшін ризашылығымды білдіремін және бұл өңіріміздегі барлық елдерге әсер етеді, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев бүгінгі консультативтік жұмыс кездесуінің маңызды сипатын атап өтті. Оны өткізу жөніндегі идеяны Өзбекстан Президенті ұсынған болатын.

– Біз бүгін барлық әріптестерімізбен бірге экономикалық проблемалар мен күнделікті мәселелерді талқылап, шешу үшін кездесіп отырмыз. Биыл мұндай кездесулер көп болмақ: өзіңіз бастамашы болған Ауғанстан жөніндегі кездесу, Түркімен тарапы ұсынған Арал теңізіне қатысты кездесу және басқа да іс-шаралар өтеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Өзбекстан Президенті Орталық Азия елдері басшыларының консультативтік жұмыс кездесуінің аз уақыт ішінде ұйымдастырылғаны үшін Қазақстан Президентіне алғыс айтты және екіжақты ынтымақтастықтың өзекті мәселелерін шешу ісіндегі Нұрсұлтан Назарбаевтың саяси ерік-жігерін атап өтті.

– Бүгінде теміржол тасымалы 44 процентке артқанына, жалпы елдеріміз арасындағы тауар айналымының екі миллиард долларға жеткеніне қуаныштымын. Сізбен өзара келіскеніміздей, бұл көрсеткішті бес миллиард долларға дейін жеткіземіз, – деді Өзбекстан Президенті.

ТАМЫРЫ ТЕРЕҢ ТАТУЛЫҚ

Нұрсұлтан Назарбаев Орталық Азия елдері басшыларының консультативтік жұмыс кездесуінің қорытындысы бойынша бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдері үшін брифинг өткізді.

– Орталық Азия елдері басшыларының консультативтік жұмыс кездесуі толық өзара түсіністік пен тату көршілік жағдайында өтті. Біз күн тәртібіндегі халықаралық және өңірлік өзекті мәселелер бойынша пайымды да сындарлы ой-пікірлерімізді ортаға салдық, – деді Мемлекет басшысы.

Нұрсұлтан Назарбаев Орталық Азияның барлық елдері Ресей Федерациясымен белсенді экономикалық ынтымақтастық орнатқанын атап өтті.

– Біз өңірдің көлік-логистика жүйесін екіжақты форматта да, Еуразиялық экономикалық одақ аясында да бірлесе қалыптастырамыз. Сонымен бірге, ішкі өңірлік проблемаларымызды біз үшін ешкім шешіп бермейтінін түсінеміз. Осыған орай базалық басымдықтарды анықтап, келешектің жоспарын жасадық, – деді Қазақстан Президенті.

Мемлекет басшысы өңірлік қауіпсіздік пен Ауғанстандағы ахуал мәселелері бойынша жүргізілген келіссөздердің нәтижелеріне тоқталды.

– Орталық Азияның барлық елі Ауғанстандағы саяси-экономикалық даму және саяси мәселелерді реттеуге қолдау көрсету үшін өздерінің үлесін қосуда. Біз өзара күш-жігерімізді жұмылдыра отырып, Ауғанстан проблемасын халықаралық деңгейде талқылауды жалғастыруға келістік. Қазақстан Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесінің тұрақты емес мүшесі ретінде бұл бағыттағы жұмыстарды халықаралық дәрежеде белсенді жүргізіп келеді, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

Қазақстан Президенті біздің еліміз өңір елдерінің қауіпсіздік кеңесі аппараттары арасында бесжақты тұрақты консультациялар жүргізу тетігін жасауды ұсынғанын атап өтті.

– Бұл келісілген ұстанымдарды іске асыра отырып, өңір қауіпсіздігінің маңызды мәселелері бойынша тұрақты диалог жасап тұруға мүмкіндік береді. Бес ел арасындағы шекараны делимитациялау және демаркациялау жұмыстарын аяқтау ісі негізгі бағыт болып саналады. Осыған байланысты делегация басшылары өңіріміздегі қауіпсіздік пен тұрақтылықты күшейту мақсатымен бұл үдерісті жылдамдатудың қажет екендігін мақұлдады, – деді Мемлекет басшысы.

Елбасы атап өткендей, Біріккен Ұлттар Ұйымының мәліметі бойынша, соңғы 10 жылда Орталық Азия елдеріндегі ішкі жалпы өнімнің орташа өсімі 6,2 процентті құраған. Бұл сол кезеңдегі 2,6 процентін орташа көрсеткіштен асып түседі. Өңір елдерінің сыртқы саудасында да өсім болғаны байқалады.

Нұрсұлтан Назарбаев жұмыс кездесуі барысында өңірлік экономиканың орнықты дамуын қамтамасыз ету үшін шаралар қарастырылғанын айтты.

– Елдеріміз арасындағы өзара сауда жасау ісінде тауарлардың номенклатурасын кеңейту қажет. Біздің экспорт-импорт операцияларымызға қатысты салыстырмалы статистикалық мәліметтер бұл бағытта зор мүмкіндіктер бар екенін дәлелдейді. Елдеріміз арасындағы инвестициялық ынтымақтастық пен инвесторларды бірлесе қорғау ісін жақсарту үшін жүйелі жұмыс жүргізу қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Бұдан бөлек, Мемлекет басшысы экономиканы жаңа инновациялық-цифрлық платформаға көшіру қажеттігіне тоқталып, транзиттік тасымалдаулар кезінде тарифтік саясатты оңтайландырудың және әкімшілік рәсімдерді жеңілдетудің маңыздылығына тоқталды. Сондай-ақ, трансшекаралық су ресурстарын пайдалану мәселелерін ортақ құқықтық ұстанымдар, өзара құрмет және барлық тараптың мүдделерін сақтау негізінде шешудің маңыздылығына назар аударды.

Қазақстан Президенті консультативтік кездесу барысында өңірдегі экономикалық ынтымақтастықты ілгерілету мақсатымен вице-премьерлер деңгейінде бесжақты жұмыс комиссиясын құру туралы ұсыныс қарастырылғанын айтты.

– Қарқынды даму үшін ішкі өңірлік қаржыландыру көздерін қалыптастыру қажет, – деді Мемлекет басшысы.

Мәдени-гуманитарлық байланыстар өңірлік өзара іс-қимылды күшейтудің маңызды факторы болып саналады.

– Біз осы бағыттағы ынтымақтастығымызды одан әрі арттыру жөнінде уағдаластық. Ғылым және білім беру саласындағы өзара іс-қимылды дамыту үшін Қазақстан өңірдегі елдердің студенттерін оқуға қабылдауға дайын. Спорт және туризм саласында ортақ спорт шараларын өткізуді жандандырып, Орталық Азияның біріккен туристік бағдарын әзірлеуге мүмкіндігіміз бар, – деді Қазақстан Президенті.

Соңында Мемлекет басшысы қол жеткізілген уағдаластықтар мемлекеттеріміздің ынтымақтастығына айтарлықтай серпін беретініне сенім артты.

– Ең бастысы, бізде ортақ түсіністік қалыптасты, сондай-ақ серіктестігімізді нығайтуға және бір-бірімізге қолдау көрсетуге ниеттіміз. Сондықтан біз мұндай кездесулерді жыл сайын тұрақты түрде, барлығымызға ортақ ұлы Наурыз мерекесі қарсаңында өткізу жөнінде уағдаластық, – деді Нұрсұлтан Назарбаев.

ТАБЫС ТІЛЕДІ

Қазақстан Президенті Түркіменстан Меджлисі комитетінің төрағасы Сердар Бердімұхамедовпен кездесті.

Нұрсұлтан Назарбаев Түркіменстан Президентіне ізгі ниетін білдіріп, қызметіне зор табыс тіледі.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Түркіменстан арасындағы екіжақты диалогты нығайту мен дамытудың маңыздылығын атап өтті.

Кездесу барысында Қазақстан Президентіне Түркіменстан Президенті Гурбангулы Бердімұхамедовтың жеке жолдауы табыс етілді.

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ӨЗБЕКСТАН ЖЫЛЫ

Мемлекет басшысы Қазақстандағы Өзбекстан жылының ашылу рәсіміне қатысты.

– Орталық Азия – тарихы бай, өзіндік мәдени мұрасы бар адамзат өркениетінің көне бесігінің бірі. Біз ортақ құндылықтарымыз бен бірегей дүниетанымымызды сақтап қалдық. Бұл мереке біздің бірлігімізді, рухани тұтастығымыз бен көп ғасырлық достығымызды одан әрі нығайтуға қызмет ете берсін, – деді Қазақстан Президенті.

Нұрсұлтан Назарбаев екі ел арасындағы саяси, экономикалық және мәдени қарым-қатынастарды нығайтуға және дамытуға қосқан зор үлесі үшін Шавкат Мирзиёевке I дәрежелі «Достық» орденін табыс етті.

Шавкат Мирзиёев өз еңбегінің жоғары бағаланып, Өзбекстан Республикасының Қазақстан Республикасындағы жылын өткізу туралы бастама көтеріп, шешім қабылдағаны үшін Нұрсұлтан Назарбаевқа зор ризашылық білдірді.

Өзбекстан Президенті Қазақстанның бүкіл әлем мойындап отырған жүйелі саяси өзгерістері мен экономикалық реформаларын, көреген және терең ойластырылған жаһандық және өңірлік бастамаларын ерекше атап өтті.

– Біріккен Ұлттар Ұйымы Қауіпсіздік Кеңесіне табысты төрағалық етуі, Шанхай ынтымақтастық ұйымына мүше мемлекеттер басшылары кеңесінің тарихи отырысын, халықаралық «ЭКСПО-2017» көрмесін, Ислам ынтымақтастығы ұйымының Ғылым және технологиялар жөніндегі бірінші саммитін және басқа да ірі халықаралық іс-шараларды жоғары деңгейде өткізуі – Қазақстанның халықаралық беделінің жоғары екенінің жарқын көрінісі. Бүгін біз Астанада көп жылдан бері алғаш рет Орталық Азия елдері басшыларының консультативтік кездесуін өткіздік, – деді Өзбекстан Республикасының Президенті.

Сондай-ақ ол бүкіл өңірде бейбітшілік пен тұрақтылықты сақтап, өсіп-өркендету үшін Орталық Азия елдерінің интеграциялық ынтымақтастығында Нұрсұлтан Назарбаевтың зор рөл атқарып отырғанын ерекше атап өтті.

– Өңірлеріміз арасындағы тығыз байланыстар, адамдар арасындағы ашық қарым-қатынас пен достық, мәдени байланыстардың жандануы халықтарымызды жақындата түсуге мүмкіндік берді. Бұл әлемдік деңгейдегі көрнекті мемлекет және саясат қайраткері – Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Әбішұлы Назарбаевтың зор ерік-жігерінің арқасында жүзеге асқанын ерекше атап өткім келеді, – деді Өзбекстан Президенті.

Өзбекстан басшысы екі ел арасындағы мәдени-гуманитарлық саладағы қатынастарды дамытудың маңызы зор екенін айтты.

– Осыған байланысты біздің елімізде қазақ халқының ұлы перзенті, ойшыл және гуманист ақын Абай Құнанбаевтың мұрасын насихаттап, терең зерттеу жөнінде Өзбекстан Президентінің қаулысы қабылданғанын хабарлаймын, – деді Шавкат Мирзиёев.

Іс-шара барысында Өзбекстан Республикасының белгілі шығармашылық өкілдері өнер көрсетіп, көрші елдің зергерлік және қолөнер бұйымдарының көрмесін таныстыру рәсімі өткізілді.

Қазақстандағы Өзбекстан жылының салтанатты ашылу рәсіміне Қырғызстан және Тәжікстан Президенттері қатысты.

ШУАҚТЫ НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІНЕ ОРАЙ ОРТАЛЫҚ АЗИЯ МЕМЛЕКЕТТЕРІ БАСШЫЛАРЫНЫҢ БІРЛЕСКЕН МӘЛІМДЕМЕСІ

Біз, Қазақстан Республикасы, Қырғыз Республикасы, Тәжікстан Республикасы, Түркіменстан, Өзбекстан Республикалары Президенттері, Орталық Азия халықтарын бүкіл өңірімізге ортақ Наурыз мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз.

2010 жылғы 23 ақпанда Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясының қарарымен бұл мейрам Наурыз – Халықаралық күні деп танылғанын және оны ЮНЕСКО-ның Адамзаттың материалдық емес мәдени мұралары тізіміне енгізгенін ерекше атап өтеміз.

Өзінің мыңжылдық тарихында Наурыз мейрамы табиғаттың және қоғамның қайта түлеуі мен жаңаруының, адамзат баласының рухани тазаруы мен өзін-өзі дамытуының нышанына айналды. Осы шуақты да қастерлі мереке амандықты, бірлікті, бауырластық пен өзара қолдауды танытып, біздің елдерімізді біріктіретін барлық мәдени-тарихи құндылықтарды дәріптейді. Бұл – ортақ ата-бабамыздан қалған ұлы мұра. Біз оны сақтауымыз және дамытуымыз қажет.

Наурызды тойлау кезеңі барлық заманда адами және отбасылық қарым-қатынастардың, достық пен тату көршілік байланыстардың нығаюымен, көршілер арасындағы ерекше қонақжайлылықтың көрінісі табуымен қатар келген. Бұл ортақ тарих, мәдениет, дәстүр, тұрмыс арқылы біріккен елдеріміз үшін қазір де маңызды.

Осы мейрам қарсаңында бүкіл өңіріміздің қауіпсіздігін, тұрақтылығы мен орнықты дамуын қамтамасыз ету мақсатымен өңірлік ынтымақтастыққа, өзара қолдауға, өзекті мәселелерді бірлесіп шешуге ниет білдіруіміздің зор символдық мәні бар.

Өзара тиімді сауда-экономикалық және инвестициялық ынтымақтастық, өңірлік транзит-көлік инфрақұрылымның кеңеюі, су-энергетикалық, азық-түлік әлеуеттерін ұтымды игеру, өндіріс және өңдеу салаларын дамыту, озық технологиялар мен инновацияларды қолдану, цифрлық экономика жолындағы ілгерілеу Орталық Азия елдері әл-ауқатының тұрақты түрде өсуін қамтамасыз етуге септігін тигізеді.

Біз халықтарымыздың арасындағы өзара құрмет, достық пен бауырластық қатынастарды сақтауға және нығайтуға деген тарихи жауапкершілікті сезіне отырып, мәдениет пен өнер, білім мен ғылым, туризм және спорт салаларындағы өзара ықпалдастықты тереңдетуге шақырамыз.

Көктемгі күн мен түннің теңелуі, рухани тазару мен жаңару мерекесінің қарсаңында Қазақстан, Қырғызстан, Тәжікстан, Түркіменстан, Өзбекстан халықтарына, сондай-ақ жер бетіндегі барша халықтарға бейбітшілік, молшылық және қуаныш тілеп, өсіп-өркендеулеріне ниеттестігімізді білдіреміз.

Наурыз мейрамы әр үйге амандық пен бақ-береке әкелсін!

ДӘЛДІК ДӘУІРІ

Алдағы уақытта аймақтағы түрлі мәселелер мен міндеттерді шешу кезінде ғарыштық зерттеу нәтижелері қолданылады. «Қазақстан Ғарыш Сапары» ҰК» АҚ вице-президенті, ұшқыш-ғарышкер, Халық қаһарманы Айдын Айымбетов бастаған сала мамандарымен кездесуде облыс әкімі Қырымбек Көшербаев осылай мәлімдеді.

ҒАРЫШТЫҢ МҮМКІНДІГІНЕ МҮДДЕЛІМІЗ

Бұл жергілікті атқарушы органдардың салалық қажеттіліктерін қанағаттандырады. Мемлекеттік реттеу тиімділігін арттырып, өңірдің өркендеуін еселей түседі. Елбасы өз Жолдауында 2030 жылға қарай Қазақстанның әлемдік ғарыш қызметі нарығындағы мүмкіндігін кеңейтіп, басталған жобаларды қисынды аяқтауды тапсырған болатын. Бүгінде ғарыштық және навигациялық бақылау жүйелерінің белсенді түрде қолданысқа енгізіліп жатқаны – осының көрінісі. Әдетте отандық ғарыштық түсірілімдерді мемлекеттік ұйымдар, жеке кәсіпорындар мен тұлғалар қажетіне жаратады.

– «Қазақстан Ғарыш Сапары» ұсынған жоғары дәлдікті спутниктік жүйенің мүмкіндігін барынша тиімді пайдалануға тиіспіз. Оның ішінде жер қойнауы мен жер пайдалануды, табиғи ресурстарды бақылау, картографияны жаңарту, ауыл шаруашылығы үшін ауадай қажет, – деді аймақ басшысы.

Мәжілісте жерді қашықтықтан зондтау және «Смарт сити» жобасының мүмкіндіктері туралы компания өкілдері егжей-тегжей айтып берді. Жерді қашықтықтан зондтау дерегі жер телімін өз бетінше иелену жағдайларын анықтауға, қатты тұрмыстық қалдықтар, көпжылдық көшеттер, су тасқыны, қар қорын бағалау мониторингтерін жасауға көмектеседі. Ал ашық қала жасауда «Смарт сити» жобасының маңызы ерекше. Ол тиімді мемлекеттік қызмет көрсетуге, экономиканың басым бағыттарын қолдауға, көлеңкелі экономиканы қысқартуға, салық базасының кеңеюіне ықпал етеді.

«Қазақстан Ғарыш Сапары» компаниясының мүмкіндіктерін таразылаған Айдын Айымбетов облыс әкімдігімен бірлесе жұмыс жасауға әзір екенін жеткізді. Осы орайда тиісті сала басшыларына ғарыштық технологияларды қолдану арқылы қызмет алу жөнінде іс-шара қабылдау және жүзеге асыру, қажет мамандарды арнайы курстардан өткізу жүктелді.

Назерке САНИЯЗОВА,
«Сыр бойы».

ДАМУДЫҢ НАҚТЫ БАҒДАРЫ

«Достық үйінде» Елбасының «Президенттің әлеуметтік бес бастамасы» үндеуін насихаттауға арналған облыстық Ассамблея активінің отырысы өтті. Оған облыстық Ассамблея хатшылығының меңгерушісі Ләйлә Төрешова, Қорқыт ата атындағы ҚМУ-дың проректоры Абайбек Жүнісов, «Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ облыстық филиалының директоры Әділжан Сәулебаев, облыс бойынша мемлекеттік кірістер департаментінің басқарма басшысы Темірлан Қожаназаров, облыстық кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Ерлан Молдырайымов және бірқатар қоғамдық ұйымдар өкілдері қатысты.

– Қазір еліміздің ЖОО-да 530 мыңнан астам жастар білім алып жатса, олардың 30 проценті мемлекеттік білім грантының иегерлері. Осыған орай, Президент білім беру жүйесіндегі сұранысқа ие мамандықтарға грант көлемі ұлғайтылып, оларға басымдылық берілетінін айтып өтті. Біздің білім ордасы 2013 жылдан бастап облыс әкімінің бастамасымен аймақтың дамуына қажетті мамандықтардың білім алуына қолайлы жағдай жасап, білім гранттарын бөліп келе жатыр. Бүгінгі күні 428 студент облыс әкімі грантымен қамтылған. Биылғы жылдың жазында олардың 145-і оқуды тәмамдамақ. Бұлардың дені техникалық сала мамандары, – деді кездесуде Қорқыт ата атындағы ҚМУ проректоры Абайбек Талғатұлы.

Ал «Қазақстан Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» АҚ Қызылорда облыстық филиалының директоры Әділжан Сәулебаевтың айтуынша, соңғы он жылда жан басына шаққанда тұрғын үймен қамтамасыз ету көрсеткіші 30 процентке өскен. Облыс бойынша бүгінгі күні 173 отбасы банк арқылы үй жағдайын жақсартып отыр. Өткен жыл қорытындысы бойынша ипотекалық несиенің 76 проценті «Тұрғын үй құрылыс жинақ банкі» арқылы жүргізілді. Елбасының бірінші әлеуметтік бастамасын жүзеге асыру аясында бірнеше ұсыныстар әзірлеу үстінде.

Жиын барысында жалақысы төмен жұмысшылардың еңбекақысын көбейту үшін олардың салық жүктемесін азайту бастамасы бойынша Темірлан Қожаназаров, шағын несие беруді көбейту бастамасы төңірегінде Ерлан Молдырайымов мәлімдеді.

Актив отырысына қатысушылар үндеуден туындайтын ауқымды тапсырмаларды жүзеге асыру жолдары мен оның басымдықтарына тоқталып, саяси тұрақтылық пен қоғамдық келісім, сананы жаңғырту, жаңа заманға сай болу жолындағы маңызы жоғары мәселелерді талқылады.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.

Мемлекет басшысы Нұрсұлтан Назарбаев «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Жолдауында Қазақстанның мемлекеттілігін нығайту жолындағы стратегиялық маңызды мәселелерді айқындап берді.

ЖЕМҚОРЛЫҚТЫҢ ЖОЛЫН КЕСУГЕ ӘРБІР ҚОҒАМ МҮШЕСІ ЖАУАПТЫ

Соның ішінде, сыбайлас жемқорлықпен күрес бағыты айрықша көрсетілген.

Сыбайлас жемқорлық – қоғамдық індет. Бұл мемлекеттің бәсекеге қабілеттілігін едәуір төмендетіп, қоғамдағы демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейді. Сонымен бірге елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді. Ең бастысы, адамдардың заң мен әділдікке деген сеніміне селкеу салады. Қоғам өзегіне түскен бұл індетпен күрес еліміздегі мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналды.

Өйткені жең ұшынан жалғасқан көз қысты-бармақ басты әрекет әлі де болса тыйылмай тұр.

Өкінішке орай жемқорлық ұғымы заманауи құқықтық сөздік қолданысында кең көрініс тапқан. Соның ішінде лауазымды тұлғалардың, қоғамдық, саяси қайраткерлер мен мемлекеттік шенеуніктердің халық алдында қабылдаған антына сатқындық танытуы үлкен өзекті мәселеге айналып отыр.

Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан-тараж етіп, ысырап қылу, жер учаскесін заңсыз беру, дүние-мүлкін, ақша капиталын салық декларациясынан, яғни, мемлекеттен жасырып қалу сияқты әрекеттер жиі әшкереленуде. Асау атқа арқан кергендей заң күші мен жалпыхалықтық бақылау ел мүддесінен құлқынын биік ұстаған құныққандармен күресін тоқтатқан емес.

Қазіргі таңда мемлекет тарапынан жемқорлыққа қарсы күрес мақсатында ауқымды жұмыстар атқарылуда. Қазақстан Кеңестер одағы кеңістігінде алғаш рет «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заң қабылдады. Бұл заң жобасы арқылы жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін анықтап, оған қатысты құқық бұзушылықтың және осыған байланысты жауапкершіліктің арту түрлері анықталды.

Елімізде 2015 жылы 18 қарашада «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңның қабылданғаны да баршаға мәлім.

Жемқорлыққа қарсы күресте барлық адамдар заң мен сот алдында тең. Жеке және заңды тұлғалардың бұзылған құқықтары мен заңды мүдделерін қалпына келтіру, сыбайлас жемқорлық пен құқық бұзушылықтың зиянды зардаптарын жою, олардың алдын алу және барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде күрес жүргізу, яғни, жемқорлықпен күресу – жалпыға ортақ міндет.

Елбасымыз өз Жолдауында «Сыбайлас жемқорлық қоғамға, мемлекеттің конституциялық негізіне қауіп төндіреді, сондықтан, онымен күрес жүргізу – жалпыұлттық міндет», – деген болатын.

Біз елдегі сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету бағытында елеулі қадамдар жасадық. Алайда, басты назар көбіне сыбайлас жемқорлықтың салдарларымен күресуге аударылып отыр.

Сондықтан, Президент Жолдауында сыбайлас жемқорлықтың себептері мен алғышарттарын анықтап, оларды жою жұмысын күшейту қажеттігін атап көрсетті.

Сыбайлас жемқорлықпен күресте көп нәрсе бүкіл қоғамның белсене атсалысуына байланысты. Әлеуметтік желінің, өзге де медиа-ресурстардың дамуы жағдайында, жемқорлыққа қарсы іс-әрекет барысында оны жалпы жұртшылықтың жек көруі күрестің қуатты құралына айналуы тиіс.

Елбасы Жолдауында айтылған мемлекеттік қызметтегі тұлғаларға қойылатын талап жұртшылықтың «әрбір мемлекеттік қызметкер арын да, жанын да таза ұстап, сауатты және білікті, біреуге тәуелді болмайтындай жағдайда болса екен», – деген пікірімен үндескендей.

Мемлекеттік қызметкердің атына кір келтіретін әрекеттерден әркімнің де аулақ болғаны жөн. Мұндай заң бұзушылыққа қасақана барғандар қатаң жазаға тартылады.

Әрине, ең алдымен бүгінгі өскін, ертеңгі ел сенім артатын азаматтың отбасы тәрбиесі тәлімді болуы қажет. Ата-анасының шаруаны пара беру арқылы шешетінін, не пара алу арқылы өздерінің материалдық жағдайын жақсартып отырғанын көріп өскен бала бұл жағдайды орынды, яғни, солай болуы керек екен деп түсінеді. «Ұяда не көрсең, ұшқанда соны ілесің» деп халқымыз қалай дөп айтқан. Есейгенде ол баладан қандай мемлекеттік қызметкер шығады? Қалтасының қамын ойлайтын шенеунік бола ма, әлде тәуелсіз еліміздің нығаюына, қазіргі жаһандану заманында патриоттық сезімді бойына терең сіңірген, елін құрметтейтін азамат шыға ма? Қоғам қашан да бойына адамшылық қағидаттарды сіңіре білген жастарды керек етеді.

Сондықтан, әрбір қоғам мүшесінің, әр отбасының осы мәселеге аса мән бергені абзал деп түйіндейміз.

А.ҚАЙРУЛЛАЕВ,
облыстық
ішкі саясат басқармасының
басшысы.

ЖЫЛДАР ЖЕМІСІ

БІЛІМ МЕН ҒЫЛЫМ ЖОЛЫНДАҒЫ ТАРИХИ ҚАДАМ

Университеттердің ел экономикасының бәсекеге қабілеттілігін арттыруда, интеллектуалды ұлт қалыптастыруда рөлі айтпаса да түсінікті. Оның ішінде өңірлік университеттерге артылар жауапкершілік өте ауқымды. Соның бірі осыдан 20 жыл бұрын құрылған Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті Сыр өңірінің мәдени-әлеуметтік ілгерілеуіне, білім беру ісі мен жергілікті ғылымның уақыт талабына сай дамуына қызмет етіп келеді.

1997 жылғы 1 қазанда Тәуелсіз еліміздің тарихындағы алғашқы ұзақмерзімді мемлекеттік даму бағдарламасы – «Қазақстан-2030» Стратегиясы жарияланғаны белгілі. Онда Қазақстанды дамыған 50 елдің деңгейіне жеткізетін стратегиялық міндеттер қатарында білім жүйесіндегі реформаларды жүзеге асыру қажеттігі атап көрсетілген болатын. Жоғары оқу орындарын біріктіріп, заман талабына сай қайта құру ісі аясында 1998 жылғы 24 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №256 қаулысымен Қызылордадағы гуманитарлық университет пен политехникалық институт біріктіріліп Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті құрылды. ҚР Білім, мәдениет және денсаулық сақтау министрінің 1998 жылғы 25 наурыздағы бұйрығымен жаңа көпсалалы аймақтық университетке ректор болып техника ғылымдарының докторы, профессор Қылышбай Бисенов тағайындалды.

Сөз жоқ, осы тағайындау жаңа басшыға зор жауапкершілік артқаны белгілі. Өйткені, бұрынғы екі оқу орындарының бірігуі астарында үлкен талап пен мақсат жатқан болатын. Ол – аймақтағы екі білім мен ғылым ошағының бұрыннан келе жатқан өңірге деген ықпалын еселеп өсіру, мамандар сапасын жоғары деңгейге көтеру, өңірге бірінші кезекте өте қажет деген мамандықтар ашып, оларды жуық арада дамыту, жаңадан құрылған жоғары оқу орны ғалымдарының ғылыми ізденістерінің нәтижелілігін арттыра отырып облыс экономикасының түрлі салаларын одан әрі дамытуға қолайлы ықпал жасау.

Осы жерде ерекше жайтты ескеру қажет. Екі оқу орнын қосуды тек біріктіру деп түсіну аздық

етеді. Біздіңше, сол кезеңде осы біріктіру арқылы қазақтың туын тіккен өңірдің білім мен ғылым өкілдерінің шығармашылық күші мен қарымын қосу арқылы олардың аймаққа, елге берер шығармашылық мүмкіндігін барынша еселеп өсіру еді. Тоқсан сегіздің наурызынан Сыр бойының жоғары оқу орны үшін жаңа тарихи кезең басталды десе де, артық айтқандық бола қоймас. Өйткені, осыған дейін жеке-дара тірлік жасап келген екі дербес жоғары оқу орындары алдарына ерекше мақсат пен бағдар ала отыра, екі тізгінді біреу етті, сөйтіп өңірдің рухани құндылығы мен әлеуетін бір бағытта, бір сарында, бір арнаға біріктіріп өркендеуге жол ашылды.

Сөз жоқ, жаңадан ашылған іргелі оқу орнының алға қарай өзгеше дамуының жағдайы мен қарқыны, өміршеңдігі мен қойылған талаптарға барынша сәйкестілігі жаңадан тағайындалған басшының өресіне, қабілетіне, білімдарлығына, ыждағаттылығына, қайсарлығына, шыдамдылығы мен табандылығына да байланысты еді. Үлкен ұжымның келе-келе жеткен табыстары сол қойылған басты мақсатқа ие болуда университет ректорының жоғары талапқа лайық болғанының дәлелі.

Қуанарлығы, өңіріміздегі іргелі жоғары оқу орнына облыс жұртшылығының, өңір азаматтарының және аймақ басшыларының көзқарасы мен ілтипаты ыстық және жоғары. Осының айғағы ретінде 2013 жылы университеттің Қамқоршылық Кеңесі құрылғанын айтуға болады. Кеңеске төраға болып сайланған аймақ басшысы өңірдің одан әрі дамуының кепілі осы оқу ордасының заман талабына сай жұмыс атқара алуымен байланысты екенін, алдағы уақытта республикада жоғары оқу орындары бәсекесінде алғашқы бестік қатарына кіруіне барлық қолдан келер істің атқарылатынын жеткізді. Бұл университет ұжымы үшін үлкен қолдау болды. Сонымен қатар оқытушылар мен студенттерге үлкен сенім еді. Бұл университеттің одан әрі дамуының күрделі бір кезеңі болғаны рас. Беделді ірі университеті бар өңірдің өзі де мықты, рухани әлеуеті жоғары, экономикалық қарымы күшті аймаққа айналатыны белгілі.

Жиырма жыл ішінде университет айтарлықтай мол жетістіктерге иелік етті. Соның ішінде туған өлкенің рухани және мәдени құндылықтарын құрметтеуде, ежелгі өркениеттер орталығы болған өңірдің тарихын студент жастардың санасына сіңіруде көп жұмыс атқарылғанын айту парызымыз. Сыр өңірі халық өнеріне деген айрықша ілтипатымен ерекшеленеді. Осыған орай 1998 жылы республикадағы алғашқы «Дәстүрлі өнер – жыр» мамандығы бізде ашылды. Онда қәсіби орындаушы термеші-жыршылар дайындалуда. Бұл өңірдің көнеден келе жатқан қасиетті өнерін бүкіл елге насихаттау мен таратудың кепілі болған шығар.

Университет әлемнің көптеген беткеұстар білім және ғылым орталықтарымен тығыз байланыс орнату арқасында бұрын ойымызға кірмейтін білім беруді халықаралық деңгейге көтере білді, тәрбиелеп жатқан түлектеріміздің жоғары бәсекелестікке дайындығын көтеріп, нығайтты.

Аймақта өтіп жататын көп іс-шаралардың биік деңгейде ұйымдастырылуына, облыстық түрлі саласының жаңарып, дамуында жаңадан ашылған көпсалалы университет ғалымдары мен түлектерінің лайықты, қолайлы орны айқындала бастады. Мәселен, Қызылорда атырабын арнайы экономикалық аймаққа айналдыру әдістемесі мен жолдарын жасап, қалыптастыруға университет ғалымдары өз кезінде мол үлестерін қосқаны белгілі.

Өткен кезеңді ойша артқа тастап, біз бүгін сол жиырма жыл бұрын жергілікті екі жоғары оқу орны бірігіп, іргелі университет ашылғаны дұрыс шешім болғанын қадап айтқымыз келеді. Ол қазір өңірдің барлық салаларына оң ықпалын тигізетін ықпалды күшке айналып отыр. Осында өңірдің, елдің көкейкесті мәселелері турасында өздерінің салмақты, білікті, табанды ойлары мен пікірін білдіретін мамандар жүр. Оларды дұрыс бағытпен ілгері тартқан өзінің жұртқа айтар өнегелі сөзі мен көрсетер жақсы ісі бар басшысы бар. Осы іргелі ұжымда қазір ғылым мен білімге еңбегі сіңген ғалым-ұстаздар, ғылым мен білімді өмірлік ұстанымы мен мақсаты деп таңдаған көп талапты жастар шоғырлануда. Соның арқасында өңірдің рухани және өндірістік мәселелері өзінің лайықты шешімін табуда.

Университет қазір еліміздің көпсалалы жоғары оқу орындары арасында алдыңғы ондыққа кіріп отыр. Бұл – жоғары табыс, әрі бұл университеттің соңғы жылдары атқарған мол жұмыстарының әділ бағаланғаны. Сондай-ақ, осыдан жиырма жыл бұрын өңірдің білімі мен ғылымына жасалған тарихи қамқорлық қадамының сәтті де дұрыс болғанының айқын дәлелі.

Серікбай ҚОШҚАРОВ,
Қорқыт ата
атындағы ҚМУ профессоры.

ӨНДІРІС

АЛҒА АДЫМДАҒАН «АРАЛ ҚҰРЫЛЫС»

«Атадан ұл туса игі, ата жолын қуса игі» деген. Көпшілік білікті басшы, тәжірибелі құрылысшы ретінде танитын «Арал құрылысы» ЖШС директоры Мейрамбек Құлмырзаевпен тілдесуде осы нақыл ойға оралған еді.

Аталған мекеме Арал ауданындағы бұрынғы теміржол саласындағы көпір құрылысы мекемесінің ізінен құрылған. Құрылыс монтаж, күрделі және жай жөндеу, авто көлік, теміржол құрылысы жұмыстарымен айналысатын іргелі ұжым. Мықты базасы, темірбетон бұйымдарын дайындайтын, ағаш кесіп өңдейтін басқа да цехы, қуатты техникалары бар бірегей кәсіпкерлік көзі. Айта кетерлігі, мекеме жұмысын әуел баста Оразғали Құлмырзаев ағамыз ұстаса, қазір әке жолын үлкен ұлы Мейрамбек жалғастырып келеді.

Мекемеде бірнеше адам тұрақты жұмыспен қамтылған. Жазғы маусым кезінде жұмысшылар саны арта түседі. Дағдарыс деп-деген шақта әр адамның жұмыспен қамтылуы өте маңызды екенін ешкім жоққа шығара алмайды. Ал ауданның қаншама адамын жұмыспен қамтып отырған «Арал құрылысы» ЖШС басшыларының бұл игі істері мақтауға лайық. Еңбек адамының көпшілігі суырылып сөйлегеннен гөрі нақты іспен айналысқанды абзал санайтынын білетін боларсыз. Бұл жолы да сондай сезімде болдық. Мейрамбек менің қойған сауалыма тайға таңба басқандай нық жауап қайтарды. Оның байсалды үнінен жастыққа тән жігер-қайратты, сенім лебін аңғардым. Тағы да сана пернесінде «жас келсе іске» деген халық даналығы қылаң берді.

Шаруаны ұқсата алған адамның ұтылмасын аңғару да қиын емес. Темір-бетон цехын қайта жарақтандыру бетон өнімдерін өндіру көрсеткішін арттыруға, мұнай өнімдерін сақтау орнын қайта ыңғайлау, сақталатын тауардың көлемін ұлғайтуға, одан қалды, темір жол тұйығын, құрылыс техникаларын, қойма орындарын жалға беру негізгі қызмет түрлерінің ауқымын кеңейтуге жол ашқан. Айта кетерлігі, мекеме күрделі құрылыс жүргізу және қайта жөндеу жұмыстарымен қатар, жол салуға қоса автокөлік жолдарын күрделі, орташа жөндеу, қалпына келтірумен де айналысады. Осынау жылдар аралығында серіктестіктің қалдырған қолтаңбасын көп жерлерден кездестіруге болады. «Сексеуіл-Жезқазған» темір жолында «Арал құрылыстың» ауыр құрылыс техникалары жер жұмыстарын атқарып бірнеше адам еңбек етіп, табыс тапты. Мұнан біршама уақыт бұрын «Сарыбұлақ-Қазалы» су құбырын жүргізу «Батыс Еуропа-Батыс Қытай» көлік жолын салуға, «Бозой-Шымкент» газ трубаларын темір жол тұйығына түсіріп, жинап, қайта тиеу барысында үлкен ыждағаттылық танытты.

– «Арал құрылысының» жұмысы жылдан-жылға қарқын алуда. Мәселен, «Қонақ үй кешені құрылысын салу» жобасының құны – 234 млн теңге болатын. Сауда кешені өткен жылы толығымен іске қосылды. Кешенде 30 адам жұмыспен қамтылған. «Бизнестің жол картасы-2020» бизнесті қолдау мен дамытудың бірыңғай бағдарламасы аясында несие алып, аталған жоба бойынша алынған несиенің проценттік мөлшерлемесі субсидияланып отыр. Сондай-ақ, «Асфальт-бетон зауыты» жобасы 2017 жылы облыс әкімінің қатысуымен өткен телекөпір барысында пайдалануға берілді. Алға қойған ауқымды жоспарлары да аз емес. Мемлекет тарапынан жасалған қолдау, жеңілдіктерді де тиімді пайдаланады.Серіктестік басшысы тұрмысы төмен отбасыларға қолдау көрсетуден, игілікті істерге демеушілік танытудан ешқашан тартынған емес. Елге, жерге деген шынайы ықыластың жемісі осы болса керек, – дейді аудандық кәсіпкерлік бөлімінің басшысы Бектемір Жұмағұлов.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ.
Арал ауданы.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облыстық мәслихатының кезекті 19 сессиясы 2018 жылғы 29 наурызда сағат 11:00-де облыстық мекемелер Үйінің (Сұлтан Бейбарыс к., 1) мәжіліс залында ашылады.

Сессияның күн тәртібіне мына мәселелер ұсынылады:

1. Қызылорда облысы тұрғындарын сапалы ауызсумен қамтамасыз ету бағытында атқарылған жұмыстардың барысы мен алдағы міндеттері туралы.
2. Қызылорда облыстық мәслихаты хатшысының есебі туралы.
3. «2018-2020 жылдарға арналған облыстық бюджет туралы» Қызылорда облыстық мәслихатының 2017 жылғы 12 желтоқсандағы № 157 шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы.
4. Қосымша мәселелер.

Облыстық мәслихаттың тұрақты комиссияларының отырыстары 2018 жылғы 28 наурызда сағат 15:00-де, тұрақты комиссиялардың бірлескен отырысы сағат 16:30-да өткізіледі.

Облыстық мәслихат.

Өмірді өрелі өнегесімен өрнектеп өткен сыйлас, сырлас, мінездес, қайран қимас досым Әбіш жайлы жан тебіренісімнен туған ой орамдары...

Иә, Әбіш Кекілбайұлының айдай әлем мойындаған жазушылық, суреткерлік қасиеттеріне, шығармашылық әлеміне, қырларына, сырларына баға беру екінің бірі, егіздің сыңары түгілі, мыңның бірінің де қолынан келмейтін, құлашы жетіп, уысына сыя бермейтін қиын, күрделі мәселе екендігі бесенеден белгілі. Сондықтан мен Әбішті жақсы білетін, жақсы көретін, талантын құрметтейтін замандастарының, тағдырластарының, құрдастарының бірі есебінде оның табиғи, адами, азаматтық, кісілік қасиеттері, бекзат болмысы жөнінде ғана ой өрбітуге бел байладым.

Сейілбек ШАУХАМАНОВ

ТАУ ТҰЛҒА

Әбекең жаратылысы, мінез-құлқы, жүріс-тұрысы, ақыл-парасаты, білгірлігі, дүлдүлдігі, түпсіз, терең ойы, бойы, өзі, сөзі, болмысы өзгелерден бөлекшелеу, ерекшелеу заманынан, замандастарынан, тағдырластарынан, тамырластарынан, әріптестерінен оқ бойы оза туған заманымыздың заңғар тұлғасы.

Әбекеңнің көсемдігі мен шешендігі шексіз энциклопедиялық білімінен, ғаламдық деңгейдегі ордалы ойынан, шалқар шабытынан, сергек сезімінен, табиғи талантына, ең бастысы, Алланың арнайы, төрелеп берген сыйы – асқақ ақылынан.

Н.Назарбаев: «Әбіш Кекілбаев – ұлттық саясатымыздың ұраншысы» – дейді.

Әбіш Кекілбаев – тарихшы, шежіреші, жылнамашы, халық жазушысы, саясаткер, қоғам және мемлекет қайраткері, философ, ғұлама, абыз, ұлтымыздың рухани ұстазы, адамдықтың, азаматтықтың символы.

Ол ешкімді де бөлмейтін, жармайтын, алаламайтын, бәрі де болсын, бәрі де оңсын дейтін, тәні де, қаны да,жаны да таза, ешкімге қылдай қиянат жасамаған, ешкімнің ала жібін аттамаған, ешкімге жел болып тимеген, ешкімнің көңіліне көлеңке түсірмеген, тіптен жерге де салмақ салмай жүретін, көпшіл, халықшыл, қазақшыл, мемлекетшіл жан еді.

Қай заманда болмасын қазақтың қанына сіңген қасіреті, қайғысы жүзшілдік, жершілдік, рушылдық, топшылдық, қаншылдық ауруларына бойын алдырмаған, аяғын шалдырмаған, жақсылық пен жақсыларға жақын жүретін, жамандық пен жамандардан қашық жүретін, ат тонын алып қашып жүретін азамат.

«Біріңді қазақ бірің дос, көрмесең сөздің бәрі бос»-деп данышпан Абай айтқандай, Әбекең бірлі-жарым өзі бола алмайтын, болғанды көре алмайтын, тіптен өзгелерден күннің жарығын да қызғанатын, өзге түгілі өзіне өзі ұнамайтын, ақыл-есі ауруға шалдыққан пенделер болмаса, досы көп, дұшпаны жоқ, 62 тамырында адал қан ағып жатқан, бұл дүниеге бір-ақ рет келердей керемет кісі еді.

Қазақтың кең даласындай мандайына іргелі ел сыйғандай, таңдайынан маржан сөз, бал тамғандай, мейірімді, мерейлі, жылы, жұмсақ жүзінен имандылықтың, инабаттылықтың, шапағаттың, шарапаттың нұры төгіліп тұрғандай періште пейілді жан еді.

Ол қазақтың кең-байтақ, дархан даласының даналығын, қазақи қасиетіміздің, қазақи философияның қаймағын тәніне, қанына, жанына молынан сіңірген тау тұлға.

Әбекең кісілігіне кішілігі жарасқан, даналығына балалығы жарасқан, көсемдігіне шешендігі, биіктігіне терендігі, кеңдігіне кемелдігі жарасқан, мандайы қазақтың даласындай, өзі алаштың данасындай, қазақтың панасындай, еліміздің ағасындай, халқымыздың жағасындай, суымыздың сағасындай азамат болатын.

Үлкендердің ортасында кіші емес, кішілердің ортасында үлкен емес ғажайып бір бетегеден биік, жусаннан аласа, сүттен ақ, судан таза болатын.

Бұл дүниеден көргені де көп, тергені де көп, түйгені де көп, білгені де көп, ілгені де көп, ,жадының мықтылығы тасқа таңба басқандай, зерек еді, зерделі еді.

Бір кездесудің өзі бір ғанибет, салиқалы, салауатты, киелі кеңестің, мәнді мәслихаттың адамы. Атты адам аттан түсіп, отырған адам орнынан тұрып, өзі түгілі көлеңкесіне сәлем беретіндей, жарықтықтың жарқылдаған бір сәлемінің өзі бір ат мінгізгендей еді-ау.

Кейде, шіркін-ай, адамдардың бәрі осы Әбекеңдей болса, заман, қоғам, өміріміз қандай болар еді деп қиялдайсың, армандайсың. Өкінішке орай, арман деген арман, қиял деген қиял, өмір деген өмір.

Періштең болмаса, пендең осындай-ақ болсын, ағайын.

Әбіш Кекілбайұлының қайраткерлік, саясаткерлік қасиеттері Жоғарғы кеңестің депутаты, төрағасы болған кездерінде жалпақ жұртқа жарқырай көрінді.

Мысалы, сол заманда шешімі ең бір қиын болған мәселе егеменді еліміздің елтаңбасын қабылдау болды.

«Аты несі, қанаты несі»-деп көптеген депутаттар оны түсінбей, бұра тартып, бастарын ала қашып, сан-саққа жүгіртті. Сондай бір мәселе әбден ушығып, тығырыққа тірелген сын сағатында Әбіш Кекілбайұлы:«Қазақ қазақ болғаны үшін мың өлін, мың тіріліп жүріп, қазақ болып қалғаны үшін атқа қарыздар. Қазақ аттың жалында, түйенің қомында жүріп, іргелі ел, қабырғалы халық болған. Қазақты жылқы мінезді дейді. Жылқының еті де дәрі, сүті де дәрі. Қазақтың жылқысыз күні жоқ. Жылқы қасиетті, киелі Қамбар атаның түлігі. Өңінде түгілі түсінде атқа мінсең бақытты боласың.

Қанатты ат-қазақтың қырғидай қиялы, Алатаудай арманы. Қанатты ат – қазақтың жарқын болашағы, кемел келешегі. Қанатты ат – жақсылықтың нышаны, жаңалықтың жаршысы»-дегенде депутаттар сілтідей тынып, бұл жобаға бір ауыздан дауыс берді. Міне, данышпанның дуалы аузынан шыққан қасиетті, киелі сөздің құдіреті осындай болды.

Ол кезде Жоғарғы кеңестің 362 депутаты халықтың қайнаған ортасынан шыққан, халық сайлаған, халық сенген, әрқайсысы сен тұр, мен атайын дейтін, ауыздығымен алысқан, басы кез келген ноқтаға сыя бермейтін, кез келгеннің айтқанына көніп, айдағанына жүре қоймайтын, аяқтыға жол, ауыздыға сөз бермейтін, ешкімнің қасы мен қабағын қарауылдамайтын, табалдырығына табын-байтын, ешкімнің алдында тізесін бүкпейтін, басын имейтін, кеудесін ешкімге бастырмайтын, төбесіне ешкімді шығармайтын, ешкімнің алдында жалтақтамайтын, жалпақтамайтын, «малым жанымның садақасы, жаным арымның садақасы» дейтін, ар мен намыстан жаралған арқалы, қабырғалы азаматтар, олардың басым көпшілігі халықшыл, мемлекетшіл тұғырлы тұлғалар болатын.

Олар: Салық Зиманов, Манаш Қозыбаев, Шахмардан Есенов, Сағадат Нұрмағамбетов, Сұлтан Сартаев, Сауық Тәкежанов және Жоғарғы кеңеске төраға да, депутат та болған біздің кейіпкеріміз, Әбіш Кекілбаев сияқты ғұламалар, дарабоздар, он тоғыз облыстық партия комитеттерінің бірінші хатшылары, облыстық атқару комитетінің төрағалары, министрлер болатын.

Осындай жақсылар мен жайсаңдарды, асылдар мен ардақтыларды көрмесек біздер де өлшеулі уақыт біткенде, кезек келгенде бұл жалған дүниеден өтер едік, ненің жақсы, ненің жаман екенін, кімнің жақсы, кімнің жаман екенін білмей кетер едік.

Міне, Әбіш Кекілбайұлы осының бәрінің басын бір шаңыраққа қосып, ұйытып, ұйымдастырып, ақылымен арқандап, шеберлігімен шегелеп, кісілігімен кісендеп, талантымен тағалап, тапқырлығымен тұсаулап, көсемдігімен көндіріп, шешендігімен сендіріп, дәлдігімен, дәйектілігімен дәлелдеп, шайтанға тұзақ құрарлықтай сұңғыла саясаткерлігімен 362 депутатты сабасына түсіріп, тәубесіне келтіріп, небір тарихи, тағдырлы кезеңдерде, сын сағаттарында кез келген күрмеуі қиын, күрделі мәселелерді майдан қыл тартқандай етіп, тері теспей, қан шығармай, өгіз өлтірмей, арба сындырмай шешетін еді.

Әбекеңнің ел, жер, халық, отансүйгіштік қасиеттері бір төбе. Әбекең саналы ғұмырын елін, жерін, Отанын сүюге, мемлекетімізді нығайтуға арнаған, қазақ руханиятының өсіп-өркендеуіне өлшеусіз үлес қосқан Алаш жұртының асылы, ардақтысы.

Әбіш Кекілбаев «Тәуелсіздік толғауы» атты мақаласында: «Ар-намыс қана тәуелсіздікке тірек бола алады. Ол біздің тілегімізді емес, біз оның тілегін тілеуіміз қажет»-деп бірліксіз ұлттың, түйісіксіз елдің болуы мүмкін еместігін айқындап, қара бастың қамынан гөрі, ұлттық мүддеден жанын аямаудың үлгісін көрсетті. Тарихтың ащы сабақтарын ұмытпауға шақырып, билік ауысу кезінде ел ағаларының арасындағы бақастық пен бақталастықтың тәуелсіздігіміздің елең-алаңында қайталанбауы үшін жан-тәнімен күресті.

«Ұлт тек қана ұлттық ынтымақ жағдайында ғана өз мүддесіне жете алады»-деп сан жылдар бойы халықтық қасиетімізден айырып-тобырландыруға, халықты бірлігінен айырып-ұлтсыздандыруға, тарихынан айырып-рухсыздандыруға бағытталған оташылдық дертінің емшісі бола білді.

Әбіш Кекілбаев: «20-шы ғасырда ұлттарды ұлы мұраттар жетелейді», «Бостандық ұлтты бодандықтан да қатты сынайды», «Мен үшін ең қымбатты туған жерім», «Мен Маңғыстауда тумасам, дәл осындай болмас едім», «Көзің барда, Маңғыстауды көріп қал», «Адамды адам еткен кітап, азамат еткен – кітапхана», «Менің арманым қазақтың кең даласы қазаққа толса екен»-дейді .

Оның өзі де, сөзі де, өмірі де, өлімі де өнеге.

Әбіш Кекілбаев: «Өлсең де қадіріңді біліп, атыңды ұмытпайтын ел-жұртың мен ұрпағың болса, өлімнің несі үрей, несі қиянат. Он сегіз мың ғаламның әрқайсысына жөн тауып берген жаратылыс жарықтықта әділетсіздік деген болуы мүмкін бе, сірә?!

Қатары сиреп, қайраты кеткен кәрі уақытын сарқып, дүние ауса несі әділетсіздік. Қайта қадірін кетіріп, болғанын, толғанын көрмеген өгей ортада өлекселе сүйретіп жүріп қалғаны қиянат болмай ма?

«Ақыл-есі дұрыста жөнімен жөнелу де кез келгенге бұйыра бермейтін бақ емес пе?»-дейді.

Сондай-ақ, ол «Исламның қағидаларында мұсылман сөзінің қазақшасы «Ақыл-есі түзулер»-дегенді білдіреді», – дейді.

Бұл адамның өмірі мен өлімі жөніндегі неткен терең философия, шындық, ақиқат, ешуақытта, ешкім де айта алмаған, ешкім де айта алмайтын, ешкімнің де батылы бармайтын, азаматтық ерлікке пара-пар даналық, даралық, кемеңгерлік, халықты тәубаға, қанағатқа, шүкіршілікке шақыратын қағида.

Ислам діні догма емес білім, ғылым, ендеше ол да жаңғыруға, дамуға тиісті.

Әбіш Кекілбайұлының өлім жөніндегі бұл тың көзқарасы мен пікірі исламның өлім жөніндегі қағидаларын жетілдіру, дамыту болып табылады. Ислам өлімді бүкіл адамзатқа-патшаға да, пақырға да, ханға да, қараға да ортақ заңды табиғи құбылыс, кемшілік емес теңшілік деп қабылдайды.

Исламда адам өлді демейді, қайтыс болды дейді. Адам топырақтан жаралған, Алланың құзырына, топыраққа қайтты деген сөз бұл.

Қайтыс болу деген бұл жалған, өткінші, опасыз , фәни дүниеден, мәңгілік бақи дүниеге өту, тұрақ өзгерту деп есептейді.

«Өлім деген ұйқының ағасы, ұйқы деген өлімнің інісі» деп уағыздайды.

Жақсы адамның өзі де, өмірі де, өлімі де жақсы. Кез келген мұсылман жасарын жасағасын, асарын асағасын, берерін бергесін, аларын алғасын, парыз-қарызын орындағасын «Алла, аманатыңды (жанымды) қинамай, жан-жағыма салмақ салмай ала көр» деп тілейді.

Әбекең театрдан үйіне келіп, жұмсақ орындықта отырып, кешкі асын ішіп, төсекке бір күн де жатпай, өзінің қара шаңырағында, өзін де, өзгені де қинамай Алланың аманатын абыроймен тапсырды.

Ақиқатында, Әбекең өзі айтқан «Ақыл-есі бүтінде жөнімен жөнелу кез келгенге бұйыра бермейтін бақ емес пе?» -деген ұлағатты өсиеті де, тілегі де орындалған бақытты адам.

Тарихта Шоқанмен қатар шыққан, императорлық орыс географиялық қоғамының мүшесі болған екінші қазақ Мұхаммед Салық Қарауыл Қожаұлы Бабажановтың орны ерекше болған.

Ол өлгенде: «Салық өлді дегенше,
Алып өлді десейші,
Алып өлді дегенше,
Халық өлді десейші»,-деп бүкіл батыс өлкесінің халқы күңіренген екен. Бүгін халықтың осы бір зары, мұңы, жоқтауы, іздеуі, сағынуы құтты бір Әбіштің рухына арналғандай.

Әбіштің рухы халқымен мәңгілік бірге жасайды.Қазақ барда, Әбіш бар.

Қазақта: «Құданы құдай қосады, досты пайғамбар қосады», «Бір адал досы бар адам бақытты», «Бір дұшпан аздық қылмайды, мың дос көптік қылмайды», «Жол-жөнекей қосылған екі достан, бір дос артық ежелден көңіл қосқан», «Сен досыңның кім екенін айт, мен сенің кім екеніңді айтайын» - деген аталы сөздер бар.

Жақсы, адал досты тану, табу, сақтау, достықтың шынысын шытынатпау, әйнегін кірлетпеу, айнасына көлеңке түсірмеу ең жоғары адами қасиет – Алланың сыйы, Алланың сыны, Алланың аманаты.

Жоғарыда Әбекеңнің көпшіл, жолдасшыл, досшыл, азамат екендігі жөнінде айтқанбыз.

Әлбетте, жолдастың да жолдасы, достың да досы бар.

Сөзсіз Әбекеңнің ең бірінші бұл дүниеде теңдесі жоқ досы, сүйген жары Клара. «Жігіттің қосы оңбай, ісі оңбайды», «Жақсы әйел-азаматтың бақыты», «Дарын мен талант құдайдан, ердің бабы жұбайдан»-дейді атам қазақ. Клара Әбекеңе бақ та, тақ та, абырой, атақ та болды. Ол өзін де, өмірін де, жүрегін де, тілегін де Әбекеңе қалтқысыз арнаған жан. Ол Әбіштің алдына да түспей, артында да қалмай, қатар жүріп, әрдайым жанына жалау болып, жыртығына жамау болып, өтпегенін өткізіп, жетпегенін жеткізіп, күндіз де, түнде де, үйде де, түзде де, қыста да, күзде де егіз қозыдай тізіліп, қасынан екі елі де қалмай оның бапкері, демеушісі, жебеушісі, сақшысы, шырақшысы бола білді. Әбіш пен Клараның денесінің бөлектігі болмаса, жаны бір жандар.

Біздің елдің бір ақылды, абыройлы жігіті әйеліне риза болып: «Әйелің жақсы болса, шешеңдей болады екен»-деп еді. Осындай аса жоғары баға, теңеу Кларадай адал жар, асыл аналарға арналса керек.

Ағылшынның атақты драматургі Бернард Шоудың әйелінен біреулер: «Айтыңызшы, ханым, ұлы адамның әйелі болған қандай екен?»-деп сұрапты дейді. Сонда Шоудың әйелі: «Салыстырып айта алмаймын. Өйткені жай адамның әйелі болып көргенім жоқ»-деп жауап беріпті.

Егер шындығына келсек, ұлы адам болудан гөрі, ұлы адамға жар болу қаншалықты қиын, қаншалықты жауапты десеңізші?!

Бірақ дана қазақ: «Жаманның басында жатқанша, жақсының аяғында жат» демей ме.

...Біздің Әбекеңмен бірінші кездесуімізге себепкер болған төмендегі жағдай еді.

Қызылордадағы көрнекті ғалым, ауыл шаруашылығы ғылымының докторы, профессор, ұлағатты ұстаз, елге танымал абыройлы азамат Дүйсен Нұрымовтың жары Тілектес – Әбіш Кекілбайұлының туған қарындасы. Дүйсеннің әкесі Еген Нұрымов Шиелі ауданындағы Жиделіарық ұжымшарының негізін қалаушы төрағасы, облыс ауыл шаруашылығының алғашқы, ірі ұйымдастырушыларының бірі болған.

Әбекең туысқандық жолмен алдымен Қызылордаға, сосын Дүйсеннің анасы Бибісалға сәлем беру үшін Шиеліге келді. Мен сол кезде Шиелі аудандық партия комитетінің бірінші хатшысы болатынмын. Міне, осылайша 1984 жылы біз Әбекеңді бұрын сырттай білетін болсақ,енді бірінші рет кездестік, етене таныстық, білістік, «адам сөйлескенше, ат кісінескенше»-дегендей, егжей-тегжейлі сөйлесетік, сырластық, сыйластық, түсіністік, болашақ достығымыздың алғашқы сәтті қадамын жасадық.

Менің сол жылдары «Кездейсоқтық дегеніміздің өзі қажеттілік»-деген қағиданың ақиқаттығына көзім жетті.

Осы кездесудің алдында ғана менің қолыма Әбекеңнің «Үркер» романы түсіп, үлкен бір қызығушылықпен, ынтамен, ықыласпен оқып, сау бетін қалдырмай сызып, шимайлап, ең бір ұтымды, ұтқыр, тартымды, таңдаулы жерлерін арнайы қойын дәптеріме көшіріп алғанмын. Сол роман, ондағы құдіретті, киелі сөздер, оралымды, ордалы ойлар, керемет кейіпкерлер, жантебірентерлік оқиғалар, жансеміртерлік жайттар менің рухани жан-дүниемде төңкеріс жасады. Қасиетті, құдіретті, киелі сөзге, кітапқа, әдебиетке, мәдениетке, өнерге деген сүйіспеншілігім мен қызығушылығымды, жаңа, жағымды, жасампаз көзқарасымды қалыптастырды, келешекте өзім де қолыма қалам алатындай ынта-ықыласымды, құштарлығымды тудырды.

Құдірет-ай десеңізші, сол кезден бастап әрбір кездесуден, әрбір шарадан, баспасөзден, телеарнадан, кітаптан, тарихтан, халықтан, уақыттан, оқиғалардан маржан сөз, дуалы сөз, пәтуалы сөз іздеп, тауып, теріп, құмнан тау тұрғызғандай, тырнақтап, жинап, бүкіладамзаттық құндылықтардың ой орманын аралаумен келемін.

Әбекең тұлпарды шаппай тұрып, тұяғынан танитын, сұңқарды ұшпай тұрып, қиясынан танитын, кісі болар баланы бесігінен танитын, көріпкел, данагөй бабаларымыздың ұрпағы, жарасымды жалғасы, сезімтал, сергек, адамсүйгіш, адамсыйлағыш, адамтүсінгіш, адамтанығыш, не айтып отырғаныңды түгілі, не айтайын деп отырғаның, не ойлап отырғаныңды қас-қабағыңнан біліп қоятын психолог, адам жанының инженері еді ғой, шіркін!

Иә, ол сол жолы шимайланған кітапты, қойын дәптерімді көріп, менің бар жан-дүниемді, ішкі тебіренісімді, рухани жаңғыруымды үшінші көзі – жүрегімен сезініп, мені бірден жақсы көріп қалды.

Өйткені кімнің де болса, жазған кітабы оның саналы өмір жалғасындағы бауыр етінен жаралған баласы, өзі, өмірі, өмірінің жалғасы. Сондықтан әрбір шығармашылық адамы өзінің өзегін жарып шыққан дүниесін бағалаған, ұнатқан, мақтаған, мадақтаған, жақтаған адамды жанындай жақсы көруі табиғи, заңды құбылыс.

Міне, Әбекең екеуміздің арамыздағы достығымыз осылайша басталып, Әбекең дүниеден өткенше, дүниеден өткесін де оның рухының алдында отыз жылдың үстінде жарасымды жалғасын тауып келеді.

Біздің достығымыз басыңды күн шалса, қасыңнан қалмайтын, басыңды бұлт шалса, қасыңнан табылмайтын, «көлеңке» достық, кездейсоқ достық, уақытша достық, алдамшы достық, қалта достық, карта достық, құлқын достық, нәпсі достық емес-тін.

Біздің достығымыз жай ғана, өткінші, кездейсоқ, «сырты бүтін, іші түтін», «сырты жылтырап тұрған, іші қалтырап тұрған», жасанды, жалған, алаулап, жалаулап тұрған бақай есептің достығы емес, шын, шынайы ішкі терең түсіністіктің, жан-жақты, рухани сәйкестіктің, үндестіктің, үйлесімділіктің, уақытқа, оқиғаларға, заманға, қоғамға, тарихқа, халыққа деген көзқарасымыз бен пікіріміздің бірлігінің достығы еді.

Атам қазақ: «Жақсымен жолдас болсаң, жетерсің мұратқа, жаманмен жолдас болсаң, қаларсың ұятқа»-деп қалай тауып айтқан десеңізші. Әбекеңмен алғашқы кездесуден алған керемет әсерімнің арқасында, оның шапағатымен, шарапатымен мен де кейінірек «ештен кеш жақсы»-дегендей қолыма қалам алдым. Әбекеңмен достығымның жарасымды жалғасы ақ қағаз бен қаламмен өмірлік достығымның қалыптасуы болды.Нәтижесінде жеті кітап жаздым, қазір де жазып жатырмын, келешекте де ақыл-есім түгелде жаза беретін болармын.

Азды-көпті шығармашылық еңбегім еленіп, ескеріліп Қазақстан Республикасы Журналистер, Жазушылар одағының мүшесі болдым.

Менің алтыншы «Парыз бен Парасат» атты кітабымның алғы сөзін «Көркем ой мен көркемсөздің қайнары» атты айдармен ардақты, асыл досым Әбіш Кекілбайұлы жазып еді.

Онда Әбіш Кекілбайұлы: «Сейілбек – менің құрдасым, сыйласым, сырласым, мұндасым, досым. Оның шығармайтын қылығы жоқ. Соңғы жылдары қағаз бен қаламға әбден құнығып алды. Бұрынғы шұқынатындарымыз жолда жайылып қалдық. Кітап үстінен кітап төгілтіп, жазады да жатады. Елден естігендерім деп бір шығарады. Елден көргендерім деп бір шығарады. Бастан кешкендерім деп үш шығарады. Ойдан шығарғандарым деп және шығарады. Түпсіз шыңырау сияқты. Қанша қауғаласаң да, сарқи алмайсың! Қайсысын оқысаңыз да, жаңбырдан соң, таза ауа жұтқандай, көкірегің ашылып, көз шолаң кеңейіп сала береді. Ұзақ жыл тебірентіп, сан қайтара толғантқан жайттар сөз болады. Көпті көріп, көпті түйген көшелі азаматтың ой соқпағына түсіп, серуеңге шыққандайсың.

Түсіне бересің, түсіне бересің, біле бересің! Бүгінгі және баяғы дүниенің байқай қоймаған, есті қоймаған, ескере қоймаған әдептерінің қыр-сырына қанығасың. Бәрінен де шұрайлы тілін айтсайшы. Бұндай да бейнелі, бұндай да дәлелді, бұндай да дәйекті, бұндай да ұшқыр да ұтқыр жазуға, сөйлеуге болады екен-ау деп таңқаласың.

Шешендік пен көшелілік ай құшақ қауып аймаласқан бұндай кестелі сөзбен, келісті оймен әлі де талай ұшырасарымыз сөзсіз. Сондықтан да бүгін бәрін қамтып, бәрін сарқып айтамыз деп босқа әуре болмағанымыз дұрыс»-дейді.

Дүниедегі ең қымбат нәрсе алтын да емес, ақша да емес – уақыт. Адам да, заман да, қоғам да, тарих та, тағдыр да сол уақыттың аясында өтеді, бәрі сол жоғары мәртебелі уақыттың еншісінде. Ал, 21-ғасырдың адамды таң-тамаша қалдыратын, тіптен кейде көңілге үрей, күдік ұялататын белгісіз уақыттың тажал айдаһардай көз ілеспес жылдамдықпен жүйіткіп алға жылжуы деп білемін.

Бұндай жан ұшырған жылдамдыққа, өмірдегі өгей, өзгеше, бөтенше, төтенше, баянсыз, жағымсыз өзгерістерге ілесе алмай қаншама адам орта жолда омақасып құлап жатыр десеңізші?! Бұрынғының адамдары «өтіп бара жатқан уақыт, менің өмірім»-деп жылайды екен. Бүгінгінің адамдары бұған қуанарын да, қайғырарын да білмей дел-сал күй кешуде. Біреулер «еңбекақы, жәрдемақы, зейнетақы алатын күн жақын»-деп қуанады, баз біреулер «несие төлейтін күн жақын»-деп қайғырады.

Уақыт – әмірші, уақыт – сыншы, уақыт – емші, уақыт – төреші.

Менің Әбекеңмен етене танысқаныма отыз жылдан асып барады. Иә, бұл аз да уақыт емес, көп те уақыт емес.

Осы жылдары не көрмедік, не білмедік, қаншама мыңдаған адамдармен кездестім, қаншама ірілі-ұсақты оқиғалар басымыздан өтті десеңізші?! Қанша нәрсе ұмытылды. Кешегіні бүгін ұмытатын жағдайға, жасқа жеттік. Адамның басының да, мыйының да, жадының да мүмкіншілігі, сыйымдылығы, шеңбері, шегі болады ғой.

Мысалы, бір ескерткіштің басында тұрып-ақ, тарихты тереңнен қопарып, жүз-деген адамның атын атап, түсін түстейтін, бәрін білетін ақылды, данышпан, жады тасқа таңба басқандай Әбекеңнің өзінің үйінің, телефонының номерін білмеуі таңғажайып оқиға емес пе? Өйткені оның басында мұндай майда-шүйде мәселелерге орын жоқ.

Сондықтан да қаншама адамдардың, қаншама оқиғалардың естен шығып қалуы табиғи заңдылық. Сондай-ақ кісінің жадын, есін еншілеп алған, ешуақытта естен шықпайтын адамдардың да, оқиғалардың да болары сөзсіз.

Менің өмірімдегі сондай адамдардың бірі, бірегейі Әбіш Кекілбаев, ал сондай оқиға 1984 жылы екеуміздің кездесуіміз, танысуымыз, табысуымыз, достасуымыз.

Әбеке! Қазақта: «Өлік өлік емес, тірі өлік»-деген сөз бар, сіз бәрін сезіп, бәрін біліп, бәрін естіп жатырсыз.

Осыған риза бол, қайран Әбекем!

ЕҢБЕК ЕРІ

Алты алаштың анасы атанған Сыр өңірі дарындылар мен талантылардан әсте кенде емес. Жалпы, қай сала маманының да еңбегін жемісті етіп, абыройын көтеретін басты тетік – істің көзін табу болса керек. Дәл осы қасиет талайларды биікке көтеріп, көп алдында құрметін арттырды. Солардың бірі – Сыр өңірінің талантты перзенті Арапбек Әбиев. 1976 жылы КСРО Жоғары Кеңесі Президиумының Жарлығымен сол кездегі ең жоғарғы атақ – Социалистік Еңбек Ерін иеленіп, кеудесіне алтын жұлдыз таққанда Арекеңнің отызды енді орталаған кезі еді.

ЖІГЕРІ ЕҢБЕККЕ ЖАНЫЛҒАН, ЖҮРЕГІ ЕЛГЕ ТАҢЫЛҒАН

Қаршадайынан қара жұмыста шыңдалған Арапбек аға 77 жасқа келсе де әлі күнге бір тыным таппайды. Шаршау дегенді есіне де алмайтын алдаспан азаматты қалаға іздеп барғанымызбен, дауысын ауылдан естідік. «Ауылдамын,– дейді Арекең. – Қожакенттегі қарашаңырақтағы Сейілбек есімді інің атакәсіптен қол үзбей, егіншілікпен шұғылданады ғой. Міне, көктем де келді, күн жылынды, алдағы шаруасы қалай болар екен деп аландап, осында ат басын тіреген бетім. Дала қосын орналас тырар жер ыңғайлап, су келер арық пен каналдың тазалығын қарап, егіс басында жүрмін,– дейді Еңбек Ері.

Арапбек Әбиев туған ауылында орта мектепті бітірісімен Жаңақорғандағы кәсіптік-техникалық училище табалдырығын аттады. Мұның ауыл шаруашылығы техникаларының әмбебап маманы болып шығуын күтіп тұрғандай тусыраған Түгіскен алқабында алапат жұмыстар басталып-ақ кетсін. Дербес аудан болып қайта құрылған Жаңақорғанда жаңадан қазылған Келінтөбе каналының бойынан бес бірдей кеңшар ашылатын болып, қызу жұмыстар қарқын алды. Бір кездері осы жерден оңтүстік пен Өзбекстанға қоныс аударғандарды тың жерге қайта қоныстандыру басталды. Іргелі шаруашылықтар қазығын қағып, егіс егуді қолға алды. Жаңа типті үйлер салынып, түрлі әлеуметтік мекемелер қызметі жандана түсті. Осы қызу тірліктің бел ортасында, әрине, Арапбек секілді қажырлы да, қайратты жастар жүргені анық.

“Өмірде еңбек етпеген адамды өмір жазалай да біледі” дегенді қайдан естігені есінде жоқ, осы сөз Арапбектің есінде сақталып қалыпты. Сәл босаңсыса болды есіне сол түседі де тұрады. Қай кітаптан оқыды екен, ә?.. Әлде әкесі айтты ма? Әкесі Әби өмірін қара жұмыспен өткізген еңбекқор кісі еді. Шиелі мен Тайпақкөл каналдарының қазылуына қатыстым деп мақтанышпен айтып отыратын-ды. Бейнет десе жанып түсетін сол дәстүрді Арекең ның сеніммен жалғастырды. 1967 жылы туған ауылынан іргесін көтерген КПСС-тің XXIII съезі атындағы кеңшар күрішшісі болып еңбек жолын жалғастырды. Звено жетекшісі ретінде өзінің қабілетін көрсетті. Алғашқы жылы-ақ күріші бітік шығып, жоспардан артық өнім алды. Онда дақылдың қыр-сырын толық біле де бермейді. Тек ерінбейтіндігі көңілге демеу. Құдай қосқан жары да өзіне сай болыпты. Ол да тынын таппайды. Біресе егістік басына, біресе келген көмекшілерге таба-таба нан жауып, тамақ істеп, зыр жүгіреді. Әйтеуір Жаратушының көзі тура екен. Несібесі молынан шашылыпты. Ештеңеден таршылық көрмеді. Әуелгі жылы қарауындағы 25 гектар күріштің әр гектарынан 56,8 центнерден өнім алып, өз қатарластарынан озық тұрды. Ал келер жылы өз ісіне мамандана түскен диқан әр гектардан 70 центнерден күріш жинады. Жыл соңындағы қорытынды жиналыста Жаңақорған ауданы ауылшаруашылық басқармасының басшысы, Түгіскен массивін игеру бастамасын көтерген азаматтардың бірі Зұлпыхар Мұсаханов жас жігіттің иығынан қағып тұрып, жиналысқа қатысқандарға қарата: – Міне, құрыш білекті мына жігіттен үлгі алыңдар! Күріш дақылының қыр-сырына қанығып, еңбегін ақжолмен бастады. Арапбектің шығар биігі әлі алда, асықтың сақасындай мына шымыр баладан талай таңғажайыптарды күте беріңдер, – деп ағалық батасын беріп еді. Ақ тілекті азаматтың сөзі айна қатесіз келіп, 1970 жылы өз звеносындағы күріштің әр гектарынан 90 центнерден өнім жинаған Арапбек Әбиев бесжылдық бойы сол қарқынынан таймады. 1976 жылы тіпті шарықтатып, 120 центнерден өнім алып, оза шапты. Осы жоғары көрсеткіштері үшін оған Социалистік Еңбек Ері атағы берілді. Бұл кезде біздің кейіпкеріміз, еңбек майталманы небәрі 35 жаста еді.

Уақыт, шіркін, құба жонның қуланындай шаң қалдырып, өтіп барады. Онан кейінгі жылдары да ол «Ленин» орденімен екі мәрте марапатталды. «Еңбек Қызыл Ту» орденін кеудесіне тақты. Бүкілодақтық ауыл шаруашылығы жетістіктері көрмесінің күміс, алтын медальдары да жарқырады.

– Шаруашылықтарды жаңа жүйеде құрудың кезеңдері еді ғой сол шақ. Бүкілхалықтық іске араласқанымызға қуанып, дүние-байлыққа мән бермейтін кезіміз еді, бір мен емес, менің замандастарымның көпшілігі сол идеямен өмір сүрді десем, жаңылыспаймын. Алайда, жоғары еңбек нәтижем үшін маған сол кездің сәйгүлігі – «Москвич-412» жеңіл автокөлігі сыйға берілгенде ауылдастарым түгілі өзім де таңданумен болдым,– дейді Арекең. 1978 жылы егіс бригадирлігіне көтеріліп, бұл қызметті аттай он алты жыл атқарды. Арасында ауылшаруашылық институтында сырттай оқып та алды. Шаруашылықты ұршықтай иіретін жігіт ағасы кейіннен 1994 жылы кеңшар директорының орынбасары қызметін атқарып, 1996 жылдың қысында еңбек демалысына шықты.

Бағы да, бабы да шапқан Арапбек Әбиев небір алқалы жиындардың төрінде отырды. КПСС-тің XXV, ВСЦПС-тің III съезіне де делегат болып қатысты. Бұл екінің бірінің маңдайына бұйыра бермейтін бақ. Бірде осындай шақыртумен Мәскеуге барған сапарында «Мәскеу» қонақ үйі тосыннан өртке оранып, жанып кеткен орден-медальдарын қайта қалпына келтіремін деп біраз әуре болғаны бар.

Кешегі қоғамдық өзгерістер мен жекешелендіру жүріп берген шақтарда ауылдастарының шарасыз күйі жанына батты. Мына алакөбең заманда адамның көңілі қайтып байыз таба қойсын. Қарақан басын ойлайтын кісіңіз бұл емес. Қандас, қауымдас төңірегіне жаны ауырды. Бірі істің көзін тапса, екінші бірі көзсіз көбелектей анда бір, мында бір соқтығысады. Беталысты бір бағамдап алған Арекең әуелгілер қатарында шаруа қожалығын құрды. Алғашқы егіс бітімі де, өнімділігі де ортадан жоғары болды. Мұны көріп, өзге ауылдастары да дербес шаруаға мойын бұрып, өзіндік әрекет ете бастады.

– Былтыр егіннен Жаңақорған ауданы жоғары нәтиже көрсетті. Арнайы шақырған соң аудан орталығындағы «Алтын күз» мерекесіне барып қатыстым. Жоғары еңбек нәтижесін көрсеткен жастар марапатталып жатты. Аудан әкімі Ғалым Әміреев істің көзін білетін, жаңашыл жас көрінді. Сөзі де тиянақты, қадамы да нық. Ізбасарларымның көптеп шыққандығына марқайдым, –дейді Арекең өз сүйсінісін білдіріп.

Елге елеулі азамат жарқын өмірдің ортасында. Балаларының бәрі аяқтанған, әрқайсысы әр саланың білікті маманы. Мұның өзі де пенде үшін аз байлық емес.

Бастысы – ел аман, жұрттың тірлігі түзу. Қоғамға қызмет етем деген жанға мүмкіндік мол. Еңбек Ері осыған шүкіршілік етеді.

Нұрмахан ЕЛТАЙ.
Жаңақорған ауданы.

«Ауылдық елді мекендерді сапалы ауызсумен қамтамасыз ету үшін Үкімет бұл іске барлық қаражат көздерінен жыл сайын кем дегенде 100 миллиард теңге қарастыруы қажет».

Елбасының биылғы Жолдауынан.

ТАЗА СУ – ТІРШІЛІКТІҢ НӘРІ

СЫРБОЙЫЛЫҚТАР АУЫЗСУДАН ТАРЫҚПАЙДЫ

Адам баласының тіршілігі үшін қажеттіліктер аз емес. Ал солардың ішіндегі ең маңыздысы – ауызсу. Еліміздің тұрғындарын тіршілік нәрімен қамтамасыз ету – мемлекеттің негізгі міндеттерінің бірі. Дәлірек айтқанда, қазақстандықтарды ауызсумен қамтамасыз ету мемлекеттік саясаттың басты әлеуметтік бағыттарының бірі болып саналады. Осы мақсатта Қазақстанда ауқымды жұмыстар атқарылып келеді.

Адам денсаулығы ауызсудың сапасына тікелей тәуелді. Осыған байланысты ауызсуға мемлекеттік санитарлық талаптар қойылады. «Қазақстандағы сапалы ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі – халықтың денсаулығын сақтаудың аса маңызды міндеті. Сондықтан бұл біздің басымдығымыз болмақ», – деп Мемлекет басшысы Тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдарында атап өткен болатын. Мұнымен қоса Елбасы жерасты суларының әлеуетін кеңінен пайдалану, сумен қамтудың жаңа желілерін салу кезінде де жүйелі қағидатты қолдану керектігін тапсырды.

Қазақстанда халықты ауызсумен қамтамасыз ету ісінің өзіне тән ерекшеліктері бар. Жер аумағы жөнінен әлемде тоғызыншы орынға ие Қазақстанда елді мекендер арасы алшақ орналасқандықтан, ауызсумен қамтамасыз етудің өзіндік қиындықтары да жеткілікті. Көп қаржы жұмсауға тура келеді. Соған байланысты бұл бағытта мемлекеттік бағдарламалар аясында мол көлемде қаржы бөлініп келеді. Оны біздің облыста жасалып жатқан жұмыстардан анық байқауға болады. Олай болса, соңғы он жыл көлемінде жүзеге асырылған жұмыстарға шолу жасап өтелік. Бұл жөнінде облыстық энергетика және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық басқармасының басшысы М. Усайн бізге мынадай деректерді ұсынған болатын.

Қызылорда облысында ауыз су саласын дамыту бойынша 2002-2010 жылдар аралығында республикалық «Ауызсу» салалық бағдарламасы іске асырылды. Аталған бағдарлама аясында негізінен аудан орталықтары мен ауылдық елді мекендердің сумен жабдықтау жүйелерін күрделі жөндеу, жаңғырту және топтық су құбырларының құрылысын салу жұмыстары жасалды. Нәтижесінде 1000 шақырымнан астам ауызсу құбырлары ауыстырылып, топтық су құбырына қосылған елді мекендер саны көбейді.

Кейін 2011 жылы Елбасы Жолдауында «2020 жылы орталықтандырылған сумен қамтуға қол жеткізу қалаларда 100 процентті құрауы тиіс. Ал ауылдық жерлерде бұл көрсеткіш 2 есеге артып, 80 процентке жетуі керек» деген тапсырма қойды. Осы тапсырмаға сәйкес, 2011-2020 жылдарға арналған «Ақбұлақ» бағдарламасы қабылданды.

2015 жылдан бастап, бірқатар салалық бағдарламалар ықшамдалып, «2020 жылға дейінгі өңірлерді дамыту» бағдарламасына біріктіріліп, жалғасуда. Трансферт арқылы «Ақбұлақ» бағдарламасымен 2011-2015 жылдар аралығында республикалық және облыстық бюджеттен, барлығы 31,8 млрд. теңге бөлініп игерілді (Республикалық бюджет – 27,2 млрд теңге, облыстық бюджет – 4,6 млрд теңге). Жүргізілген жұмыстар нәтижесінде 38 елді мекеннің су жүйелері жаңарды.

Жалпы ауызсумен қамтамасыз ету бойынша республикалық бюджеттен бөлінетін қаржы екі көзден, яғни, трансферт арқылы Инвестициялар және даму министрлігі және тікелей Су ресурстары комитеті арқылы беріледі. Облыс әкімінің тікелей қолдауымен «Нұрлы жол» бағдарламасымен қайтарымды қаражат негізінде кредиттік қаржылар тарту, «Өңірлерді дамыту» және облыстық бюджет арқылы 2016-2017 жылдары 55 жобаға барлығы 13,6 млрд теңгеден аса қаржы бөлінді. Оның ішінде, республикалық бюджеттен 12,3 млрд теңге бөлінсе, облыстық бюджеттен бөлінгені 1,3 млрд теңгеден асты.

Бұл жұмыстарды нақтылай келсек, «Нұрлы жол» бағдарламасмен 2016-2017 жылы 41 жобаны іске асыруға 11,5 млрд теңге бөлінді. Оның ішінде, 1,1 млрд теңге үнемделген қаржы есебінде бюджетке қайтарылды. Нәтижесінде 638 шақырым ауызсу және 7,8 кәріз желілері жаңартылды.

«2020 жылға дейін Өңірлерді дамыту» бағдарламасымен 2017 жылы республикалық бюджеттен 5 жобаның құрылыс жұмыстарына 855,8 млн теңге (РБ – 770,3 млн теңге, ОБ – 85,5 млн теңге) қаржы бөлініп, 828,1 млн теңге игерілді және үнемделген 27,7 млн теңге бюджетке қайтарылды. Жобада қаралған 71,7 шақырым су желілері жаңғыртылды. Ал облыстық бюджеттен 2017 жылы 9 жобаға 1 268,3 млн теңге бөлінді.

Статистикалық мәліметтер бойынша облыста қазір 744 мың халық тұратын 263 елді мекен бар. Оның ішінде үшеуі қалалық (Қызылорда, Арал, Қазалы – 307 мың адам) және 260 ауылдық (437 мың адам) елді мекен.

Бүгінгі күнге қалалық елді мекендер 100% ауызсумен жабдықталған. Биылғы жыл басынан бері мәслихат депутаттары және су мамандары бірлесіп, барлық аудандарда және Қызылорда қаласында кездесулер өткізіп, ауызсумен қамту мәселесін талқылады. Соның барысында орталықтандырылған су жүйесіне қосылатын елді мекен саны нақтыланды. Нәтижесінде 260 ауылдық елді мекендер бойынша ауызсумен қамтылу жағдайы төмендігідей.

Ауылдық елді мекендердің 199-ы немесе 76,5% топтық су құбырлар («Арал-Сарыбұлақ» арқылы, «Октябрь», «Жиделі») мен таратушы су желісі бар скважиналар арқылы орталықтандырылған су жүйесіне қосылған. Оның ішінде 184 елді мекенге «Арал» «Қазсушар» РМК-ның «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы қызмет көрсетуде. Халық санымен алғанда тұрғындардың 95 проценті орталық су жүйесінен ауызсу тұтынуда. Осы жерде ескере кетерлік жайт, Инвестициялар және даму министрлігінің орталықтандырылған су жүйесіне қосылған елді мекендерді есептеу критерийлеріне сәйкес, қалалық елді мекендер (Қызылорда, Арал, Қазалы) халық санымен, ал ауылдық жерлерде елді мекендер санымен есептеледі. Олай болса, Қызылорда облысының көрсеткіші республикалық көрсеткіштен әлдеқайда жоғары екенін аңғаруға болады. Республика бойынша бұл көрсеткіш ауыл санымен 56% және халық санымен 80% құрайды.

Облыстағы елді мекендердің 61-і немесе 23,5% (халық санының 3%) орталықтандырылмаған су көздерін пайдалануда, яғни, су тарату желісі жоқ оқшау скважиналар, тасымалдау, шахталық құдықтар арқылы ауыз су тұтынуда. Осы 61 ауылдық елді мекеннің 51-і немесе 20% (халық санымен 13 мың адам немесе 3 %) тікелей скважинадан, бесеуі немесе 1,9% (27 адам) шахталық құдық арқылы, қалған бесеуі немесе 1,9% (213 адам) ауызсуды тасымалдау арқылы пайдалануда.

Айтары жоқ, тұрғындарды ауызсумен қамтамасыз ету бағытында ауқымды жұмыстар атқарылды. Соның нәтижесінде қазіргі таңда өңіріміздегі көптеген елді мекендер сапалы жерасты су көзіне қосылған. Осындай ауыл бүлдіршіндері бүгінде суды шүмектен ағызып, мейірлене ішеді. Өйткені, үйді-үйге өлшеуіш құралымен қосылған тіршілік нәрінің сапасы өте жақсы. Бұған дейін талай жыл құдықтан тартып, тасымал суды пайдаланған ауыл тұрғындары қазір таза судың игілігін көріп отыр. Бұрын дариядан иін ағашпен су тасыған немесе фляга арқалап, су іздеген сырбойылықтар бүгінгі жағдайларына дән риза. Қазір олардың үйлерінде су ағып тұр. Осындай игіліктерге әлі қол жеткізе алмай жатқан ауылдар бойынша алдағы уақытта жұмыс жүргізіле беретін болады.

Облыс әкімі Қырымбек Көшербаев облыстық мәслихат депутаттарымен кездесуінде аймақ халқының 95 проценті орталықтандырылған ауызсумен қамтамасыз етілгенін еске салып, бұл республикадағы үздік көрсеткіш екенін атап өткен болатын. Енді осы көрсеткішті 100 процентке жеткізу міндеті тұр. Сондықтан осы саладағы атқарылатын жұмыстарды анықтау мақсатында облыс басшысы тапсырмасына сәйкес, уақытша комиссия құрылды. Аудандық және облыстық мәлихат депутаттары мен арнаулы мамандардан құралған жұмыс тобы облыс елді мекендерін ауызсумен жабдықтау және сарқынды суларды бұру бойынша проблемалық мәселелерді зерттеумен айналысты.

БІРЫҢҒАЙ ОПЕРАТОРҒА БІРІГУ – ТИІМДІ БАСТАМА

Облыс елді мекендерін ауызсумен қамтамасыз етуде топтық су құбырларының маңызы ерекше. «Қазсушар РМК «Арал» салынып жатқан кәсіпорындардың бірлескен дирекциясы филиалы Арал, Қазалы, Қармақшы, Шиелі және Жаңақорған аудандарының 219 мыңнан аса халқы шоғырланған 96 елді мекенді «Арал – Сарыбұлақ», «Жиделі» және «Октябрь» топтық су құбырлары арқылы ауыз сумен қамтамасыз етіп келеді. Осы топтық су құбырларына қосылған барлық елді мекендердің ішкі ауыз су жүйелері филиалдың пайдалануында.

«Қазсушар» РМК «Арал» СЖКБД филиалы директоры И.Оңғарбаевтың айтуынша, бүгінгі таңда 96 елді мекеннің 70-ін ауызсумен жабдықтау мәселесі толықтай шешілген, яғни тәулік бойы үздіксіз сапалы ауызсумен қамтамасыз етіліп келеді. 21 елді мекеннің ішкі су тарату жүйелері бар, бірақ сервистік су жүйелері болмағандықтан, қоғамдық колонкалар арқылы ауызсу беріліп отыр. 5 елді мекен – Сорбеткей, Ақжұлақ, Қарашалаң, Тастүбек және Шөміш автокөлік арқылы ауызсумен қамтамасыз етіледі. Қазіргі таңда, топтық су құбырлары арқылы елді мекендерді қамтамасыз ету бір жүйеге келтірілген.

Облыс аумағындағы үш топтық су құбырына қосылған 96 елді мекеннің ішкі су тарату жүйелері бойынша жүргізілген жұмыстар оң нәтижесін берді. Осыдан соң аймақ басшысының тапсырмасына сай, аудандардағы оқшау ауызсумен жабдықтау жүйелері бар 88 елді мекеннің ауызсумен жабдықтау жүйелері республикалық меншікке, «Арал» СЖКДБД филиал теңгеріміне қабылданып, филиал базасында облыс елді мекендерінде ауызсумен жабдықтау және сарқынды суларды бұру бойынша бірыңғай оператор құру жұмыстары басталып кеткен болатын.

Осыған байланысты Арал, Қазалы, Қармақшы, Жалағаш, Сырдария, Шиелі, Жаңақорған аудандары және Қызылорда қаласына қарасты 86 елді – мекеннің оқшау ауызсумен қамту жүйелері 2017 жылдың 1 маусымынан бастап филиал теңгеріміне қабылданды. Осы қабылданған елді мекендердің ішінде, кейбір жекелеген елді мекендердің, атап айтар болсақ, Сырдария ауданының орталығы Тереңөзек кентінің және Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кенті мен Талдыарал ауылының сарқынды суларды бұру (канализациялық) жүйелері де республикалық меншікке өткізілді. Қармақшы ауданының Төретам және Ақай елді мекендерінің ішкі су тарату жүйелері 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап қабылданып, 135 мыңнан аса халықты ауызсумен қамтамасыз етіп келеді.

Бір операторға бірігу тиімділігін көрсетіп отыр. Біріншіден, магистральді құбырлар мен ішкі таратушы желілерді бақылау жүйеге түсті. Ол бойынша барлық пайдалану шығындары бір салаға тоғыстырылып, бірыңғай тариф бекітіліп, бірнеше басқару операторлары бір операторға оңтайландырылды. Ауызсу тарату қызметтеріне бірыңғай тариф бекітіліп, салаға инвестиция тартуға мүмкіндік туды. Авариялық жағдайларды уақытылы жоюға, материалдар мен техниканы керек болған жағдайда орталықтандырылған оператордан бөлуге қол жеткізілді.

Оқшау ауызсумен қамту жүйелерінің қаржы-шаруашылық жағдайларына сараптама жасау барысында тарифтің 1 текше метр ауызсу үшін 169,9 – 262,24 теңге аралығында екені анықталды. Кейбір ауданда дифференциалды тариф қолданылған. Аудандардың бірі қалыпты жұмыс жасаса, кейбірі шығынмен жұмыс жасап келгендігі анықталды. Сондықтан облыс көлемінде оқшау ауызсумен қамту жүйелерінің жұмысын бір жүйеге түсіру, бір саясат жүргізу және барлық аудандағы тұтынушылар арасында біркелкілікке қол жеткізу міндеті тұрды. Ол үшін оқшау ауыз сумен қамту жүйелерінен су тарату және сарқынды суларды бұру қызметтері бойынша бірыңғай тариф бекітуге өтінім ұсынылып, ауызсу тарату қызметі бойынша 386,9 теңге, Төретам, Ақай елді мекендері үшін 353,84 теңге және сарқынды суларды бұру қызметіне тұрғындар үшін 93 теңге, заңды тұлғалар мен кәсіпкерлік субъектілері үшін 230,5 теңге көлімінде бірыңғай тариф бекітілді. Халықтың пайдаланатын ауызсу көлемінің тариф айырмасына субсидия төленуде.

Филиал директоры И.Оңғарбаев бізбен әңгімесінде облыстағы елді мекендерді ауызсумен қамтамасыз ететін бірыңғай оператор құру арқасында төмендегідей жетістіктер мен тиімділікке қол жеткізілгенін айтып өтті.

Ауыз суды өндіргеннен ең соңғы тұтынушыға дейін бір оператор жеткізіп береді. Арадағы делдалдар жойылып, қаражат жинау, берілген су көлемі жөніндегі қайшылықтар келмеске кетті. Ал ескі жүйе бойынша магистральді құбырлар бір мекемеде, елді мекендер мен аудан орталықтарының ішкі су тарату желілері басқа коммуналдық кәсіпорындардың пайдалануында болған еді.

Авариялық жағдайларды уақытылы жоюға, материалдар мен техниканы қажет болған жағдайда орталықтандырылған оператордан бөлуге қол жеткізілді. Ауызсу жүйелерін бірқалыпты техникалық жағдайда ұстап тұру үшін қажетті шикізат материалдарымен, жанар-жағармаймен, химиялық реагенттермен қамтамасыз ету орталықтандырылып, бір жерден жүргізілетін болды.

Филиал директоры, сондай-ақ, бірыңғай оператор ретінде атқарылған жұмыстарға тоқталып өтті. Қабылдаған уақытта жұмысшы қызметкер саны 449 болатын, қосымша 84 адам жұмысқа қабылданып, қазір 533 адамға жетті. Мамандармен қамтамасыз ету және жұмысшы қызметкерлердің біліктіліктерін арттыру мақсатында 75 инженерлі-техникалық қызметкер және 9 инженер-энергетик оқытылды. Жастарды тәрбиелеу мақсатында 13 жас жұмысқа қабылданды. Алайда, әлі де болса тарифтік сметаны қорғайтын білікті мамандар жетіспейді. Бұл, әсіресе, аудандарда анық байқалуда.

Арнайы техникамен және авариялық көліктермен қамтамасыз ету мақсатында 2 дана экскаватор, 7 дана «Уаз Фермер» автокөліктері сатып алынған. Елді мекендерді 24 сағат ауызсумен қамтамасыз ету мақсатында тереңінен су тартатын «ЭЦВ», «К» типті насостар сатып алынып, станцияларға орнатылды. Ауызсу жүйелерінде орын алған авариялық жағдайларды уақытылы қалпына келтіру мақсатында авариялық бригадалар, қажетті насостармен және құрал-жабдықтармен, жұмысшылар арнайы киіммен қамтамасыз етілген. Осы орайда бұрынғы сумен жабдықтаушы мекеме қарамағында болып, қазір бірыңғай оператор құрамына ауысқан жұмысшылардың ризашылығын айтпай кету мүмкін емес. Отыз жылдан аса мерзімде арнаулы жұмыс киімін көрмеген олар бүгінде бұл жөнінен проблеманы білмейді.

Филиал басшысының айтуынша ауызсу жүйелерін пайдалану нұсқаулықтарына сәйкес, бұрын-соңды болмаған жоспарлы алдын ала жөндеу жұмыстары күнделікті жүргізіліп келеді. Осының нәтижесінде осы күнге дейін диаметрі 50мм-200мм болатын 239 дана ашып-жабу реттегіш арматуралары (задвижка), 40 дана қайтарма (обратный) клапандары жаңадан ауыстырылды. Қазіргі таңда, топтық су құбырларына қосылған абоненттер есептегіш құралымен 97,3 процент қамтылды. Ал оқшау су жүйелері бойынша барлық қажеттілігі 20 973 абонент болатын болса, оның 14 240 абоненті немесе 68 проценті өлшегіш құралымен қамтылған. Оқшау су жүйелерін қабылдағалы, 1606 дана су есептегіш құралдары филиалдың жұмысы нәтижесінде орнатылды.

Қабылданған техникалық шешімдердің арқасында оқшау ауызсу жүйелерімен қамтамасыз етілген 88 елді мекеннің 45 немесе 51 проценті, 24 сағат ауызсумен қамтамасыз етуге көшірілді. Ауызсу сапасын үнемі бақылауда ұстау үшін барлық аудан бойынша Ұлттық сараптама орталығымен келісімшарт жасалған.

Облыс әкімінің тапсырмасына сай құрылған Уақытша комиссияның төрағасы, облыстық мәслихат депутаты Имамадин Оңғарбаев жұмыс тобының аудандарды аралағанда біраз мәселелерді анықтағанын жеткізді. Сонымен бірге бұл проблемаларға кәсіпорын басшысы ретінде емес, комиссия жетекшісі тұрғысынан баға беріп отырғанын айтты.

АТҚАРЫЛАР ЖҰМЫС АЗ ЕМЕС

Арал ауданы бойынша «Қосаман – Ақбасты» және «Жақсықылыш – Тоқабай – Абай» бағыттарында магистральды құбырды тарту және ішкі тарату жүйелерін салу бойынша жоба-сметалық құжаттары облыстық бюджет қаражаты есебінен жасалуда. Шөміш елді мекені бойынша аудандық бюджет қаражаты есебінен жоба сметалық құжаттамалары дайындалмақ. Уақытша комиссия сондай-ақ аудан әкімшілігіне Аққұлақ, Көктем, Ерімбетжаға, Сазды, Ақеспе елді мекендеріне жоба сметалық құжаттамаларын дайындауды ұсынып отыр. Осы жерде бір анықтап өтерлік мәселе – облыс аудандарындағы елді мекендердің су желілері «Арал» СЖКБД филиалы қарамағына өткенмен де, жергілікті жерде жүзеге асырылатын жұмыстар жобасын аудандар әкімшіліктері жасап беруі тиіс. Облыс әкімінің тапсырмасы осындай. Ел – ортақ, жер – ортақ, сондықтан жергілікті әкімшіліктер тыс қала алмайды.

Комиссия төрағасы «Арал-Сарбұлақ» топтық су құбырына жөндеу жасалғанда қаржы жетіспеушілігіне орай он жылға ғана есептелген құбыр салынғанын айтты. Одан бері бес жыл уақыт өтті, халық саны өсіп, су тұтыну көлемі арта түсуде. Екінші желі тарту қажеттігі туындаған жағдайда оған кем дегенде 10-15 млрд теңге қажет болады. Ал оның орнына Қазалыдан 80 шақырым қашықтықтағы Байқожа елді мекені тұсындағы «Аққесек» су кешенінен магистральды су құбыры тартылса, бұл жағдайда мемлекеттің миллиардтаған қаржысы үнемделер еді.

Қазалы ауданы бойынша «Арал – Сарбұлақ» топтық су құбырына қосылған Жанқожа батыр, Бекарыстан би, Майдакөл ауылдарының және Байқожа оқшау ауызсумен жабдықтау жүйесі бойынша жасалған жобалық құжаттамалардың уақыты өтіп кетуіне байланысты аудан әкімшілігі тарапынан қайта жасалуы керек. Сол секілді Шәкен, Шилі, және Сарыбұлақ елді мекендеріне ауызсу жүйелерін тарту бойынша жоба-сметалық құжаттамаларын дайындауды қажет етеді.

Қармақшы ауданында оқшау ауызсу жүйелерімен қамтамасыз етілген Алдашбай ахун және Қармақшы елді мекендерінің ұңғымаларына қосымша бір-бір ұңғымадан қазу бойынша жоба сметалық құжаттамалары дайындалды. Осы жобаларды филиалдың инвестициялық бағдарламасына енгізу жоспарланып отыр. Ал Төретам және Ақай елді мекендеріндегі ауызсу жүйелері қыс мезгілінде қатып қалуы себепті оларды жаңғырту немесе кеңейту бойынша жоба дайындау қажеттілігі туындауы мүмкін. Қазіргі күні құбыр бойындағы задвижкалар қатып қалған. Күн жылынбай оларды қозғауға болмайды. Мұның бәрі кезінде сапасыз орындалған жұмыстың нәтижесі. Сондықтан екі елді мекенге де қайта жоба жасау қажет.

Имамадин Зәкірұлы Төретам мен Ақай елді мекендері филиал қарамағына 1 қаңтарда өткенін айтты. Төретамда он екі мыңға, Ақайда бес мыңға жуық халық бар. Оларға суды ресейлік «Байқоңырэнерго» мекемесі беріп келеді. Мұндағылар судың 1 текше метрін 207 теңгеден босатуда. Байқоңыр беріп келе жатқан судың жыл өткен сайын тарифі қымбаттай беретін болады. Сол үшін Аккесек деген жердегі жер асты су қорынан 40 шақырымдық құбыр тарту керек. Сонда Төретам мен Ақайды сапалы, әрі арзан және тұрақты ауызсумен қамтамасыз етуге қол жеткізіледі.

Жалағаш ауданында үш елді мекен – Жаңадария, Ақкыр және Мақпалкөл ауылдары бойынша жобалар дайындалды. Бұл жобаларды 2018-2019 жылдарға «Өңірлерді дамыту-2020» бағдарламасы аясында жүзеге асыру үшін бюджеттік өтінім ұсынылып, оның ішінде Мақпалкөл және Ақкыр елді мекендері қолдау тауып отыр. Қолдау таппай қалған Жаңадария елді мекенін 2019 – 2021 жылдар жоспарына енгізуді қажет етеді. Сондай-ақ үздіксіз ауызсумен қамтамасыз ету үшін Ақкұм, Аламесек, Мәдениет, Далдабай және Жаңақоныс елді мекендерінің ішкі су жүйелерін салу, кеңейту және әр үйге дейін кіргізу бойынша аудандық бюджет қаражаты есебінен жоба – сметалық құжаттамаларын жасату керек. Ол дайындалғаннан кейін құрылыс – монтаж жұмыстарын қаржыландыруға республикалық бюджетке ұсынуды қажет етеді.

Сырдария ауданы бойынша оқшау ауызсу жүйелерімен қамтамасыз етілген Жетіқөл және Бесарық елді мекендерінің ауыз су жүйелері тозығы жеткен және кеңейтуді қажет етеді. Комиссия төрағасы Сырдария ауданы басқа аудандармен салыстырғанда ауыз сумен қамтамасыз ету бойынша жоғары деңгейде екендігін атап кетті.

«Жиделі» топтық су құбырының бас су алу кешенінен Шиелі кентіне дейінгі магистральді құбырдың екінші жүйесін салу қажет. Бұл бойынша аудан әкімшілігі облыстық бюджет қаражаты есебінен жоба құжаттамалар дайындап жатыр. Оқшау ауызсу жүйелерімен қамтамасыз етілген елді мекендердің су жүйелері тозығы жеткен және кеңейтуді қажет етеді. Осы бағытта үш елді мекеннің – Ботабай, 1 Мамыр және Бірлестік ауылдары бойынша жобалар дайындалды. Бұл жобаларды 2018-2019 жылдары «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында жүзеге асыру үшін бюджеттік өтінім ұсынылды. 2018 жылдың наурыз айына дейін Тартоғай және Сұлутөбе (М.Шоқай) елді мекендерінің жобалары мемлекеттік сараптамадан өткізілетін болады.

Комиссия Жаңақорған ауданы бойынша бірқатар проблемалық жайттарды анықтады. Жаңақорған кентінде біраз тұтынушылар ауыз суды тасымалмен немесе сағатпен тұтынуға мәжбүр. Өйткені, кент толықтай таратушы жүйелермен қамтамасыз етілмеген, көптеген көшелердің ауызсумен жабдықтау жүйелері тозығы жеткен. Осы мәселені шешу үшін 2017 жылдан бастап «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында қаржыландырылып отырған Жаңақорған кентінің 4-ші кезең құрылысы жобасы жүргізіліп келеді. Алайда, бұл жоба толық аяқталғанымен, мәселе шешілмей қалып отыр. Себебі жоба бойынша 193 км таратушы жүйелердің құрылысын салу және 24 856 үйді ауызсумен қамтамасыз ету қарастырылған. Бірақ жоба бойынша сервистік жүйелер немесе қоғамдық су тарату колонкалары қарастырылмаған. Осыған байланысты ауызсу беру мүмкін емес. Осы мәселені шешу үшін филиал өз күшімен «Қызылорда облысы Жаңақорған ауданы Жаңақорған кентінің тұрғын үйлеріне су құбырын жеткізу сервистік жүйесінің құрылысы» жобасын дайындау жұмыстарын жүргізуде. Оның сметалық құны жобамен 1 млрд теңге болады. Жоба жүзеге асырылғанда кенттің ауызсумен қамтамасыз ету мәселесі толық шешімін табатын болады.

Ал, «Жиделі» топтық су құбырына қосылған Жайылма, Сүттіқұдық. Төменарық, Қожамберді, Еңбек, Екпінді және Сунақата елді мекендері ауызсумен қамтылғанымен ішкі таратушы жүйелері толықтай тозығы жеткен және кеңейтуді қажет етеді. Осыған байланысты жоба-сметалық құжаттамаларын аудандық немесе облыстық бюджет қаражаты есебінен жасау мүмкіндігін қарастыру керек. Жоба-сметалық құжаттары дайындалғаннан кейін құрылыс жұмыстарын қаржыландыруға республикалық бюджетке ұсыну қажет. Бұл жұмыстар 2019-2020 жылдары атқарылады деп жоспарлануда. Қалған 28 елді мекен оқшау су көздерімен отыр, оларға жеткізілетін «Талап» және «Сырдария» топтық су құбыры құрылысы жүріп жатыр. Биыл «Сырдария» топтық су құбырына 16 елді мекен қосылады. Қалған 12 елді мекен 2018-2019 жылы қосылады. Өйткені, оған 3,5 млрд теңгедей қаржы керек. Ал биылға бөлініп отырғаны 1 млрд «Талап» су құбырынан 4 елді мекен су ішетін болады және ондағы бас тоғанның жұмысы бітеді. Осылайша Жаңақорған ауданының проблемасы шешіледі.

Қызылорда қаласына қарасты Белкөл кенті аумағында орналасқан сарқынды суды сүзгілеу алаңы құзыретті органдардың теңгерімінде болмаған. Аталған жағдайға байланысты сүзгілеу алаңын заңдастырып филиал теңгеріміне беруді қажет етеді. Талдыарал елді мекенінде 19 үй 2 қабатты үйлер орналасқан және жеке үйлер бар. Осында шоғырланған халықты үздіксіз ауызсумен қамтамасыз етуге, ауызсу жүйелерінің толықтай тозуына байланысты мүмкіндік болмай отыр. Осыған орай ауызсу жүйелерін салуға жоба-сметалық құжаттамаларын дайындауға және құрылысын жүргізуге қаражат көздерін қарастыруды қажет етеді. Қалаға қарасты 13 елді мекеннің жобалық құжаттары түгелдей дайындалды. Осы жерде атап өтерлігі, Қызылорда қаласы жанындағы «Сабалақ» саяжай кешеніне келетін ауызсу жүйесі жобасы жасалып республикалық бюджетке ұсынылды.

Көп қабатты тұрғын үйлерден шығатын сарқынды суды бұруға жүргізілген кәріз су жүйесінің шойын құбыры 1989 жылы пайдалануға берілген. Қазіргі таңда толықтай тозығы жету салдарынан көптеген ақаулар пайда болып, қайта қалпына келтіруге мүмкін болмады. Аталған жайттарға байланысты Талдыаралдағы 1989 жылы пайдалануға берілген кәріз су жүйесі толықтай қайта жаңғыртуды қажет етеді және жобада биологиялық тазалау станциясын ескеру қажет.

Аудан және облыстық мәслихат депутаттарынан құрылған жұмыс тобы, барлық аудандарды аралап, жағдаймен танысып көріп, халықпен кездесті. Қызылорда облысы бойынша 24 сағат ауызсумен қамтамасыз етілген елді мекендердің ауызсу жүйелерін қайта жаңғырту, кеңейту және 24 сағат ауызсумен қамтамасыз етілмеген елді мекендердің ауызсу мәселесін түпкілікті шешу үшін «Қызылорда облысы елді мекендерін ауызсумен қамтамасыз етудің перспективалық даму жоспары» дайындалып, қажетті қаражат көлемі анықталды. Жалпы қаражат көлемі – 30,3 млрд теңге. Оның ішінде жоба-сметалық құжаттамаларын дайындауға шамамен – 1,2 млрд теңге, құрылыс монтаж жұмыстарына шамамен 29,1 млрд теңге жұмсалады деген есеп бар.

Комиссия төрағасы «Арал» СЖКБД филиалының басты мақсаты, негізгі ұстанымы тұрғындарды 24 сағат бойы ауызсумен қамтамасыз ету екенін жеткізді. Ол үшін барлық елді мекенде ішкі су желілері болуы керек.

Сонымен бірге келесі мәселені атап өтті. Алты ай қыс кезінде белгілі бір мөлшерде су тұтынған елді мекендерде, кенттер мен қалаларда жазғы мезгілде оның көлемі 3-4 есе өсіп шыға келеді. Демек, жаз айларында ауызсуды аяқсу ретінде пайдаланып отыр деген сөз. Қазір жерасты суы жеткілікті, десе де, болашақта ол азаймайды деп ешкім кепілдік бере алмайды. Сондықтан барлық елді мекендер аяқсу жолдарымен қамтамасыз етілуі қажет. Бұл өте күрделі мәселе, солай бола тұрса да, ол болашақта шешімін табуы тиіс. Комиссия төрағасы атап өткендей, біздің облыс халқы негізінен жерасты суын тұтынып отыр, сол себепті республикада сапалы ауызсу пайдалануда алғашқы үштіктен табылатынымызды да ескеру қажет.

Ал тарифтер уақыт ағымына байланысты өзгеріп отыруы ықтимал жағдай. 2021 жылға дейін ауызсумен қамтамасыз етуді 100 процентке жеткізу міндеті тұр. Бұл, әрине, проблема таусылады деген сөз емес. Халық санының өсуіне, жаңа тұрғын аудандар салынуына орай, сондай-ақ қазіргі қолданыстағы ауыз су құбырларының тозуына байланысты бұл саланың тіршілігі де жалғаса береді.

Сөз соңында уақытша комиссия ауызсумен қамту мәселесіндегі өзекті мәселелер бойынша ақпараттар жинап, оларды шешу жолдарын облыстық мәслихаттың сессиясына шығару мақсатында құрылғанын айта кеткіміз келеді. Облыстық мәслихаттың сессиясы 29 наурыз күні өтеді. Соған дейін ауызсу мәселесі бойынша ұсыныс білдіргісі келген тұрғындар 8 (7242) 60-53-92, 70-61-61 телефондарына хабарласуларына болады.

Бетті дайындаған Ыдырыс ТӘЖІҰЛЫ, «Сыр бойы».

“SYR BOIY” GAZETINIŃ ARNAIY BETI

ALTYN tin

Жуырда әл Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінде «Қазақ фотошежірешілері: тарих, дерек, өнер» атты фотоэнциклопедиясының тұсаукесері өтті.

ҚАС-ҚАҒЫМ СӘТТІҢ ҰЗАҚ ҒҰМЫРЫ

Кітапты «Фотоөнер» ҚБ төрағасы Асылхан Әбдірайымұлы құрастырған. Фотоальбом ұлт тарихына, еліміздің даму үдерісіне қатысты деректерге бай. Кең байтақ даламыздың көрінісі, табиғат сұлулығы, еңбек адамдарының жұмыс үстіндегі сәті, қоғамдық өмірдің сан саласынан түсірілген фоторепортаждар бір дәуірдің шежіресіне бойлатады.

Автордың айтуынша, ұлтымыздың рухани көсемі Ахмет Байтұрсынов фотография өнерімен айналысқан. Кейін Әзілхан Нұршайықов өз заманының тарихи тұлғаларын өмірдің қайталанбас сәттерінде түсірген.

Бұл фотоэнциклопедияға «Сыр бойы» газетінде жарты ғасыр бойы фототілші болып еңбек еткен Болат Омарәлиевтің де туындылары енген. Суреттерінде Сыр өңірінің шежіресі тұнып тұрған әріптесіміздің архивіндегі ескінің көзіндей болған мына дүниеге назарымыз ауды.

Бұл сурет 1970 жылдары асыл өнерді алтынның сынығындай дәріптеген дүлдүлдер бас қосқан жиыннан түсірілген. Шәмшат Төлепова, Манап Көкенов, Ақмырза Тұяқбаев, Балқашбай Жүсіпов және Махамбетқали Тұрсанов сияқты өнерпаздардың төрт көзі түгел шақ екен. Қазақ өнеріндегі үлкен арна – Сыр бойындағы жыраулық дәстүрдің кеңеюіне, тереңдеуіне қызмет еткен қайран асылдар-ай...

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы тарихи-мәдени ескерткіштерді зерттеп, зерделеуге айрықша маңыз бергені белгілі. «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасының бірінші кезеңі жүзеге асырылып, қасиетті орындар, жәдігер ескерткіштер анықталды. Облыс бойынша 12 ескерткіш жалпыұлттық, 35 ескерткіш өңірлік маңызы бар қасиетті орындар тізіміне енгізілді. Біздің өңірде музей экспозицияларын жаңарту жұмыстары жүргізілуде. Бүгінгі күні облыстың 12 музейінде «Рухани жаңғыру» тақырыбы ескеріле отырып, экспозициялар жаңартылды.

МӘДЕНИЕТ – ӨМІРДІҢ МӘЙЕГІ, ДОСТЫҚТЫҢ ДӘЙЕГІ

Мұнымен қоса, мәдени мұраны насихаттау мақсатында заманауи технологияларды енгізу, виртуалды музейлерді дамыту бағытындағы жұмыстар қатар жүргізілуде. Мұның мәнісін айта кетсек, облыстық тарихи-өлкетану музейінің жаңартылған экспозициясы өңірімізге келетін қонақтарға аймақтың бай тарихымен танысуға мүмкіндік береді. Музей залдарында сенсорлық моноблок орнатылған.

Мұнан бөлек өңірімізде мәдени-тарихи мұраны сақтау, қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілуде. Сырдария ауданындағы Асанас қалашығының, Қызылорда қаласындағы теміржолшылар клубы және теміржолшылар милициясы ғимараттарының қорғау аймақтары белгіленді. Қалқай ишан кесенесі мен ашаршылық және саяси қуғын-сүргін құрбандарына арналған мемориалды ескерткішіне қайта жаңғырту жұмыстары жүргізілді. Биыл Сығанақ қалашығын қоршау, облыс көлеміндегі тарихи және мәдени ескерткіштерінің 3D модельді қозғалмалы электронды картасын әзірлеу, әрбір ескерткіштер туралы толық мәлімет беретін QR код енгізу жұмыстары «Цифрлы Қазақстан» бағдарламасы аясында жүргізілетін болады.

Ақпан айында республика бойынша алғаш рет өңірімізде тарихшылар мен өлкетанушылардың облыстық форумы ұйымдастырылып, тарихи-өлкетану музейінен «Қасиетті Қазақстан және археология» залы ашылды. Қызылорда қаласының 200 жылдығы қарсаңында «Жайнай бер, Қызылорда!» атты республикалық суретшілер симпозиумы ұйымдастырылып, көркемсурет галереясы қоры 90 жаңа туындымен толықтырылды.

Биыл мемлекеттік және ұлттық мерекелермен қатар Астана қаласының 20 жылдығын, Қызылорда қаласының 200 жылдығын кең көлемде атап өтуге байланысты мерекелік шаралар «Астана – биік төрім, Қызылорда–туған жерім» атты республикалық ақындар айтысымен басталды. Жыл көлемінде композитор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Кеңес Дүйсекеев атындағы «Туған жер», Халық қаһарманы Роза Бағланова атындағы «Ақмаңдайлым», Батырхан Шөкенов атындағы «Отан ана» атты республикалық әншілер конкурстары және «Қорқыт. Қобыз» қобызшылар байқауын, «Парасатты поэзия» фестивалі өткізіледі. Тұрымбет жыраудың 150 жылдығына арналған жыршы-термешілер фестивалі және Қазақстанның тұңғыш театр суретшісі, халық шебері Ләтипа Қожықованың 125 жылдығына арналған «Қожықовтар қолтаңбасы» атты республикалық сурет көрмесі мен ғылыми-танымдық конференция, «Ұлы дала бояулары» жобасы бойынша Қазақстанның еңбек сіңірген өнер қайраткері, график-суретші Салихидин Айтбаевтың сурет көрмелерін ұйымдастыруды қолға аламыз.

Ұлттық өнерімізді алыс-жақын шетелдерге таныстыру мақсатында театр және филармонияның шығармашылық ұжымдары өткен жылы Баку, Шеки, Орынбор және Ташкент қалаларында гастрольде болса, биыл «Рухани жаңғыру» бағдарламасының «Заманауи қазақстандық мәдениет» жобасы аясында театр ұжымы Шотландияның Эдинбург және Әзербайжан республикасының Шеки қалаларында өтетін халықаралық театрлар фестиваліне қатысуы, облыстық филармонияның Лондон қаласына және Түркия, Татарстан, Өзбекстан елдеріне гастрольдік концерттері жоспарлануда.

Жанар НҰРЖАҚЫПОВА,
облыстық мәдениет, архив және құжаттамалар басқармасының бөлім басшысы.

ӨНЕРДЕ ЖОҚ ШЕКАРА

Соңғы жылдары облыстық филармония шет мемлекеттерде де өнер көрсетіп, Сыр руханиятының өрісін танытып келеді. Өнер ұжымы үстіміздегі жылдың 2-11 наурыз күндері аралығында Ресей Федерациясының Орынбор қаласындағы қандастарымызға арнап «Наурыз–танец весны» атты мерекелік концерт қойып қайтты.

Гастрольдік сапар аясында Сыр өнерпаздары бұдан бөлек бірнеше аудандарды да аралады. Атап айтар болсақ, Соль-Илецк, Димитровский, Новоорск, Ясный, Светлый, Адамовка, Беляевкада өнер көрсетіп, елдің қошеметіне бөленді. Орындаушылар «Томирис» би ансамблі, халықаралық және республикалық байқаулардың лауреаттары Гүлфира Әлиханова, Гаухар Бисекенова, Ринат Үсенов, Бекзат Молдабергенов және жырау Марат Сүгірбай өнеріне қол соқты.

– Орынбор қаласындағы қазақтар жылда өнер ұжымын құшақ жая қарсы алады. Наурыз мерекесі қарсаңындағы бұл шара дәстүрлі түрде жалғасып келеді. Біз де бағдарламамызды түрлендіріп, жаңа дүние көрсетуге тырысамыз. Осы сапарда біздің «Томирис» би ансамблі қазақтың ұлттық биі мен өзге ұлт өкілдерінің биін нақышына келтіре орындады, – дейді облыстық филармония директорының орынбасары Әзиза Іздіқұлова.

Екі ел арасындағы достық пен ынтымақтың, бірлік пен татулықтың одан әрі нығая түсуіне атсалысқан өнер ұжымы орынборлық ағайындарға Сыр елінің ғана емес, қазақ халқының ыстық ықыласын да жеткізді.

Бұған дейін «Томирис» би ансамблі Түркияда, АҚШ-тың Нью-Йорк, Вашингтон қалаларында өткен Наурыз мерекесінде өнер көрсеткен еді. Түркияда өткен түркітілдес елдердің Наурыз мерекесіне арналған өнер фестивалінде ТҮРКСОЙ халықаралық ұйымының арнайы дипломымен марапатталды.

ӘЛЕМДЕГІ ЕҢ ЕЖЕЛГІ 10 МУЗЕЙ

Әзірге «уақыт машинасы» жасалмағандықтан адамзат өз тарихын музейлерден іздей береді. Әлемдегі тарихы тым ерте дәуірлерге қарай тартатын ең ежелгі 10 музей несімен қызықтырады? Ондағы экспонаттар несімен құнды?

Капитолий. Рим, Италия. Бұл кешен құрамына бірнеше өнер және археология музейлері кіреді. Оны құрудың алғашқы қадамын 1471 жылы Рим папасы Сикст IV антикалық қола коллекциясын сыйлаумен бастаған. Бұл музейде 400 жыл бойы жиналған экспонаттар сақталған. Капитолий музейлерінде ортағасырлық және қайта өрлеу дәуірінің өнер туындылары, ежелгі Рим статуялары, ақшалары және асыл бұйымдары тұр.

Ватикан музейлері. Бұл кешеннің алғашқы музейі XVI ғасырдың басында ашылған. Бірінші экспонатты 1506 жылы Юлий папа сыйға тартқан. Қазір мұнда антикалық скульптуралар музейі, өнер музейі, Ватикан тарихы музейі сияқты тарихы бай кешен қалыптасқан.

Амербах кабинеті. Базель, Швейцария. Алдымен бұл Базель қаласында 1661 жылы жиналған қызықты экспонаттар коллекциясы еді. Халық бұл коллекцияны 10 жылдан кейін ғана көру мүмкіндігіне ие болды. Бүгінде аталған музей Базель қаласының өткені және мәдени мұраларын сақтаушы орынға айналды.

Корольдік қару палатасы. Бұл Ұлыбританиядағы ғана емес әлемдегі ең ежелгі музейлер санатында. Мұнда дүние жүзіндегі қару-жарақтың ең бай коллекциясы жинақталған. Музейді 1660 жылдан бастап жұртшылыққа көрсете бастады. Бұған дейін оны корольдің қонақтары ғана тамашалап келген.

Көркемсурет өнері мен археология музейі. Бұл 1694 жылы ашылған Франциядағы ең ескі музей. Бүгінде картиналардың ең ірі коллекциясымен, артефактарымен және ескі жиһаздарымен танымал. Оған қоса мұнда бірнеше египеттік мумиялар, итальян, француз және испан суретшілерінің өнер туындылары сақталған.

Эшмол өнер және архология музейі. Оксфорд, Ұлыбритания. Бұл жер жаһандағы ең ежелгі университет музейі саналады. 1677 жылы Элиас Эшмол ең алғашқы сирек кездесетін экспонатты сыйға тартқан. Қазір мұнда Леонардо да Винчидің, Рафаэль мен Микеланджелоның картиналары қойылған.

Британ музейі. Лондон, Ұлыбритания. 1753 жылы құрылған музейде әлемдегі ең құнды экспонаттар жинақталған. Ұзын саны 7 миллиондай экспонаттардың арасында ғылыми ізденістер бөлімі, кітапхана және архив материалдары да бар.

Уффици галереясы. Флоренция, Италия. Аталған музей ең ежелгі (құрылысы 1581 жылы аяқталған) және ең танымал тарихи орындардың санатында. Коллекциялары мен орналасқан ғимараты оның танымалдығын арттырып тұр. Музейде Леонардо да Винчидің, Симоне Мартини, Караваджоның полотнолары бар.

Бельведер. Вена, Австрия. Алғашында Евгений Савойский ханзаданың жазғы резиденциясы болып салынған. Ханзада қайтыс болған соң император отбасы жинаған экспонаттар халыққа көрсетіле бастады. 1776 жылы музей Бельведерге көшірілген.

Лувр. Франция, Париж. Луврдың ғимараты XII ғасырда бекініс болған. Француз революциясынан кейін музей құрылып, 1793 жылы 10 тамызда ресми түрде ашылған. Қазір мұнда 35 мыңнан астам экспонат бар. Ең әйгілілері – Леонардо да Винчидің Мона Лизасы, Венера статуясы.

«АЛҒАШҚЫ ЖҰМЫСЫМ ШЕГЕ ТҮЗЕТУДЕН БАСТАЛДЫ»

Сырдариялық Болат Маханбетов – ағаш ұстасы. Қазір бірқатар көрмелерге қойылып жүрген ұлттық нақыштағы ыдыстар мен музыкалық аспаптар, кәдесыйлар мен түрлі тұрмыстық заттар осы шебердің қолынан шыққан.

Біз барғанда Болат аға кезекті туындысын жасап жатыр екен. Әке жолын жалғаған ол осы саладағы санаулы шебердің біріне айналды. Өз ойқиялымен астасқан дүниелерінде табиғат пен етене жақын ұлтымыздың өмір салтын көрсетуге тырысады. Сөз арасында шеберден қолөнерге деген құмарлық қалай қалыптасқанын сұрадық.

– Жас шағымыздан әкеміздің талай туындыларының қалай жасағанын көріп өстік. Әдемілікке құмар болдым. Біткен дүниесіне ұзақ қарайтынмын. Бейнебір жан бітіп, тіл қатып тұрғандай болатын. Өнерге алып келген де осы қызығушылық пен еліктеулер шығар. Ең алғашқы жұмысым шеге түзетуден басталған. Кейін есейе келе ұйге қажетті тұрмыстық заттар жасадым, – деді ол.

Б.Маханбетов шеберлердің көбі қолөнер бұйымдарына қажетті ағаштарды жазда кесіп алатынын айтты. Бірақ бұл мезгілде ағаш діңінде су мол болып, кескенде жарылып кетеді екен. Ал өзі күздің соңғы айларында ағаш ұйықтаған мезгілде қажетті материалдарды жинауға кіріседі. Жұмысына қара ағашты қолданады.

– Өнер адамы қашанда іздену керек. Кейде дайын болған еңбекті қайта түзететін кездерім болады. Бірде әкем баға береді. Ол кісінің идеясы толықтырып жіберетін тұстар да болатын, – дейді сөз арасында.

Болат ағаның шеберханасы ауласында, станоксыз-ақ бәрін қолмен жасайды. Ағашты кеседі, қалпына келтіреді, ояды. Ою-өрнекпен көркемдеп, әрлейді. Бұл жұмыстың бәрі де аса төзімділік пен ыдамдылықты қажет ететіні көрініп тұр. Мектеп бітірген жылы күнкөрістің қамымен бесік, сандық жасап сатқаны бар. Шеберхана ашылғасын елге қажетті астау, ожаулар жасай бастапты.

– Қолым қалт етсе, шеберханада боламын. Ойымда тұрған жаңа дүниені түртіп алғанша асығамын. Санамда әбден пісіп жетілген ойды ағашқа оямын. Қиялыммен ұштастырып, бір арнаға біріктіремін. Мұндай сәтте жасалған дүние көбіне сәтті шығады, – деп толықтыра түсті шебер.

Шебердің айтуынша соңғы кездері көне ыдыстарға тапсырыс беретіндер жиілеген. Таза, мықты ағаштан жасалған астаулар мен кеселерге сұраныс жоғарылапты. Әрине, қол ұстайтын дүниенің құны да арта түсетіні анық. Жолы түскенде музейлерде болып, ескі көне заттардағы ою-өрнектермен танысып, құрамын, жасалу жолын зерттеп қоятыны бар.

Жасыратыны жоқ, ас үйдің сөресінен ағаш ыдыс «орын таппай» көне заттар қатарына еніп кеткелі қашан? Есесіне, зиянын білсек те, Қытайдың темір-терсегі мен әйнегі, пластмассадан жасалған бұйымдарына құмармыз. Қолдан келсе, экологиялық жағынан таза, өзіміздің қолөнершілер жасаған ағаш ыдыстан ас ішкенге не жетсін?! Көгілдір экраннан ғана көретін ыдыс- аяқ шеберханада самсап тұр. Дәл мұндай шебер жасалған дүниелерді алғаш көруім.

Өнер ұрпақ бойында сақталатын қасиетті де киелі дүние. Болат осы киенің сырын ұққан, әкесінің үмітін ақтаған үздік шәкірт. Бастысы, махаббат пен құштарлықтан туған дүниенің өміршеңдігі көрініп тұр.

«ҚАЛАУЛЫМДА» БІР ҚЫЗ ЖҮР...

«Қалаулымды» көреміз деген ойымыз жоқ еді. Бәрі де аузынан тастамай, тамсанып айтқасын көңіл бөліп, 3 сағат уақытымызды қидық. Көргенімді қайтейін, жарты сағатқа жетер-жетпестен арнаны ауыстыруға тура келді. Отыз минутта көргенім – дауласқан, бір-бірін жұлуға дайын жастар. Қыздары жігіт іздеп келіпті. Ұлдары сұлу іздеймін дейді. Тіпті бағдарламаның арнайы күнделігі бар екен. Онда сарапшылар отырып, жастардың сезімін талқылайды. Сонда бұл қалай болғаны?

Осы тұста сәл кейінге шегініп көрелік. Ертеде жігіт пен қыздың арасындағы сезім қалай өрбіді? Жігіттеріміз ел-елді аралап, өзіне ұнаған аруға сезімін білдірген. Жастардың арасына дәнекер болып пысық жеңгелері жүретін. Өткен өтті де кетті несіне қозғайды деп ойлайтын шығарсыздар? Міне, осындай әдемі сезімнен бастау алып, отбасын құрғандар мәңгі бірге болды. «Ажырасу» деген ұғым болмады. Ал, бүгін ше? Жылт еткен сезімді жандырмай жатып өшіретін жастар көп. Басында «сүйдім-күйдім» деп өліп-өшкен екі ғашық отбасын құрады, арада аз уақыт өтпей сезімі сөніп, екіге бөлініп кете барады. Себебін сұрасаң, «Мінезіміз жараспады. Түсінісе алмадық» дегенді желеу етеді. Байқайсыз ба? Соңғы кездері әрбір үшінші жас отбасының шаңырағы шайқалуда. Бұл нақты дерек. Осы тұста тағыда салыстыруға тура келеді. Бұрын қыздың ата-анасы босағадан ұзатылып бара жатқанда баласына «Барған жеріңе тастай батып, судай сің» деп жатжұртқа жаралған жан екенін еске салатын. Бүгін бұл көрініс басқа. Өз алдына отау тігіп бара жатқан баласына «Қорықпа. Артында біз бармыз. Өзіңді қорлауға жол берме. Ішіме сыйған бала сыртыма да сияды» деп жауға беріп жатқандай «ақыл» айтатындар да бар. Мұны естіген қыз еркелігіне баспай ма? Бір -екі бала туып, сөзі жараспай қалса, жүгін жинап, төркінге тартады. Ата-анасы да құшақ жая қарсы алады. Бұл ашы да болса шындық. Айта берсек, мәселенің шеті шыға береді. Енді тақырыпқа қайта ойыссақ.

«Евразия» бірінші арнасынан көрсетілетін «Қалаулым» бағдарламасы жайында көпшілік пікірі екіұдай. Бірі даттайды. Жақтайтындар да жоқ емес. Не десе де балашаға, кәрі шал мен кемпір, жастар бір санын қалдырмай 3 сағат тапжылмастан теледидар алдында отырады. Мұны көріп те, естіп те жүрміз. Естеріңізде болар, елімізде ең алғаш түрік сериалдары көрсетіле бастағанда жұрт бар шаруасын ысырып, киноның қызығына батты. Бауырлас елдің «Назар» деп аталатын киносы басталғанда күллі ауыл қыбырсыз қалатын. Оның пайдасын әккі ұрылар көрсе керек. Бірде бір үйдің сиырын тапа-тал түсте ұрлап, есігінің сыртына былай «Екі көзің Назарда, екі сиырың базарда» деп жазып кеткенін де естігенбіз. Шоу десе, шашылып жатқан үйіне қарамайтындар енді «Қалаулымның» «қармағына» ілікті. Не сиқыры барын қайдам? Үлкен әжелер мен келіндер ондағы қыздардың қылығын айтып, тастап кеткен жігітін бірге жамандап, айдалада отырып күйіп-піседі. Мұның бәрі қойылым екендігімен шаруасы жоқ.

Бәрі де ойдан құралған, кейіпкерлері өнер саласының шәкірттері. Бірақ тамсанып көреді. Шоу жасаймыз дегендер қаншама жастың ойын бұзып, санасын улап, тәрбиесіне кері әсерін тигізіп жатыр. Өз басым көңілімдегі іңкәр сезімін жария етіп, жұрт көзінше жігіт іздеген қазақтың қызын осы «Қалаулымнан» көрдім. Көпшілігінің жас шамасы 18-23 аралығында. Көңілінен шығамын, ғашық ету үшін бәріне барамын дейді еш қысылмастан. Мұны көрген өзге қыздар жүрек түкпіріне сақтап жүрген нәзік сезімдерін жігіт алдына барып ақтара салмайтынына кім кепіл? Шоудағы әлгі қыздың қылығын көрмек түгілі, айтудың өзі ұят. Аузы толған былапыт сөз. «Бір құмалақ бір қарын майды шірітеді» деген. Жалғыз өзі қазақ қыздарының атына қара күйе жағып-ақ жатыр.

Атышулы бағдарламаны зиялы қауым өкілдері мен өнер адамдары да сынға алған болатын. Олар бұл шоудың қазақ менталитетіне сай еместігін айтып, жабуды талап етті. Жақында бұл мәселе Мәжілісте де талқыланды, рас болса сәуір айынан бастап экранға шықпайтын көрінеді... Не де болса әліптің артын бағып көрелік.

БЕТТІ ДАЙЫНДАҒАН РУХАНИЯТ ЖӘНЕ АҚПАРАТ БӨЛІМІ

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 22 ақпандағы № 1049 қаулысы

Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 07.03.2018 жылы № 6191 тіркелген

2018 жылға арналған субсидиялауға жататын ауыл шаруашылығы дақылдарының квоталарын белгілеу туралы

«Тұқым шаруашылығы туралы» Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 8 ақпандағы Заңының 6-1 бабына, «Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы» Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңының 7-бабының 2-тармағының 1-1) тармақшасына және «Тұқым шаруашылығын дамытуды субсидиялау қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 12 желтоқсандағы №4-2/664 бұйрығына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10190 нөмірмен тіркелген) сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Белгілесін:

1) осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын күріштің бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

2) осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын мақсарының бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

3) осы қаулының 3-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын жоңышқаның бірегей және элиталық тұқымдар квотасы;

4) осы қаулының 4-қосымшасына сәйкес субсидиялауға жататын жеміс-жидек дақылдары және жүзімнің элиталық көшеттерінің квотасы.

2. «Қызылорда облысының ауыл шаруашылығы басқармасы» мемлекеттік мекемесі осы қаулыдан туындайтын шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары С.С.Қожаниязовқа жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Кошербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «22» ақпандағы № 1049 қаулысына 1-қосымша

Субсидиялауға жататын күріштің бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

№	Тұқым шаруашылығының аттестатталған субъектілері мен аудандардың (қаланың) атауы	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының егісіне нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының егісіне нақты пайдаланған өзі өндірген суперэлиталық тұқымына, тонна	Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар элиталық тұқым өсіру шаруашылығының егісіне нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна
1.	«Ыбырай Жақаев атындағы Қазақ күріш шаруашылығы ғылыми-зерттеу институты» ЖШС	-	24	-
2.	«Түгіскен Тәжірибе Шаруашылығы» ЖШС	-	6	-
3.	«Мағжан и К» ЖШС	100	-	-
4.	«Таң ЛТД» ЖШС	56		
5.	Жаңақорған ауданы	-	-	246
6.	Шиелі ауданы	-	-	285
7.	Сырдария ауданы	-	-	479
8.	Жалағаш ауданы	-	-	469
9.	Қармақшы ауданы	-	-	363
10.	Қазалы ауданы	-	-	180
11.	Арал ауданы	-	-	-
12.	Қызылорда қаласы	-	-	78
	Облыс бойынша:	156	30	2100

Ескертпе. Аббревиатураның толық жазылуы: ЖШС - жауапкершілігі шектеулі серіктестігі.

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «22» ақпандағы № 1049 қаулысына 2-қосымша

Субсидиялауға жататын мақсарының бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

№	Қала мен аудандардың атауы	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының егісіне нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының егісіне нақты пайдаланған өзі өндірген суперэлиталық тұқымына, тонна	Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар элиталық тұқым өсіру шаруашылығының егісіне нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна
1.	Жаңақорған ауданы	-	-	-
2.	Шиелі ауданы	-	-	5
3.	Сырдария ауданы	-	-	-
4.	Жалағаш ауданы	-	-	5
5.	Қармақшы ауданы	-	-	-
6.	Қазалы ауданы	-	-	-
7.	Арал ауданы	-	-	-
8.	Қызылорда қаласы	-		-
	Облыс бойынша:	-	-	10

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «22» ақпандағы № 1049 қаулысына 3-қосымша

Субсидиялауға жататын жоңышқаның бірегей және элиталық тұқымдар квотасы

№	Қала мен аудандардың атауы	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының нақты сатып алған бірегей тұқымына, тонна	Элиталық тұқым өсіру шаруашылықтарының егісіне нақты пайдаланған өзі өндірген суперэлиталық тұқымына, тонна	Тұқым өсіру шаруашылықтарының және ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің нақты сатып алған элиталық тұқымына, сонымен қатар элиталық тұқым өсіру шаруашылығының егісіне нақты пайдаланған өзі өндірген элиталық тұқымына, тонна
1.	Жаңақорған ауданы	-	-	-
2.	Шиелі ауданы	-	-	-
3.	Сырдария ауданы	-	-	-
4.	Жалағаш ауданы	-	-	-
5.	Қармақшы ауданы	-	-	-
6.	Қазалы ауданы	-	-	-
7.	Арал ауданы	-	-	-
8.	Қызылорда қаласы	-	-	2,12
	Облыс бойынша:	-	-	2,12

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «22» ақпандағы № 1049 қаулысына 4-қосымша

Субсидиялауға жататын жеміс-жидек дақылдары мен жүзімнің элиталық көшеттерінің квотасы

№	Қала мен аудандар атауы	Нақты сатып алынған жеміс-жидек дақылдарының элиталық көшеттері, дана	Нақты сатып алынған жүзімнің элиталық көшеттері, дана
1.	Жаңақорған ауданы	20 000	-
2.	Шиелі ауданы	20000	-
3.	Сырдария ауданы	-	-
4.	Жалағаш ауданы	-	-
5.	Қармақшы ауданы	-	-
6.	Қазалы ауданы	-	-
7.	Арал ауданы	-	-
8.	Қызылорда қаласы	-	-
	Облыс бойынша:	40 000	-

Қызылорда облысы әкімінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 1056 қаулысы

Нормативтік-құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 13.03.2018 жылы № 6197 тіркелген

«Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы №33 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 9 маусымдағы № 33 қаулысына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5064 нөмірмен тіркелген, «Қызылординские вести» және «Сыр бойы» газеттерінде 2015 жылғы 28 шілдеде жарияланған) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 1-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген қаулымен бекітілген «Мектепке дейінгі білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және балаларды қабылдау» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті осы қаулының 2-қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Р.Р. Рүстемовке жүктелсін.

3. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Кошербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «27» ақпандағы № 1056 қаулысына 1- қосымша

Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы « 9 » маусымдағы № 33 қаулысымен бекітілген

«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: ауданның, облыстық маңызы бар қаланың білім бөлімдері, кент, ауылдық округ әкімдері (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы (бұдан әрі – Мемлекеттік корпорация);

3) «электрондық үкіметтің» веб-порталы www.e.gov.kz (бұдан әрі - портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны - электронды (толық автоматандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі – «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандартарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі №172 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 10981 болып тіркелген) бекітілген «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартына сәйкес (бұдан әрі - стандарт) кезекке қою туралы хабарлама беру (ерікті нысанда), орын болған жағдайда - мектепке дейінгі ұйымға жолдама беру (ерікті нысанда) немесе мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының 10-тармағында белгіленген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап.

Көрсетілетін қызметті берушіге немесе Мемлекеттік корпорацияға жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуін нәтижесі көрсетілетін қызметті берушінің кезектілікті басқарудың арнайы ақпараттық жүйесі арқылы рәсімделеді және электронды құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушыға жолданады.

Портал арқылы жүгінген кезде мемлекеттік қызмет көрсетуін нәтижесі көрсетілетін қызметті алушыға көрсетілетін қызметті берушінің уәкілеті тұлғасының электронды цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) расталған электрондық құжат нысанында «жеке кабинетке» жолданады.

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны - электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (немесе заңды өкілінің) (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті беруіне немесе Мемлекеттік корпорацияға стандартқа 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі немесе электрондық құжат нысанындағы сұраныс жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс - қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы не оның өкілі көрсетілетін қызметті беруге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар топтамасын ұсыну;

2) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы өзінің ЭЦҚ-сы арқылы порталда көрсетілетін қызметті алушының деректерін тіркейді, мемлекеттік қызмет көрсетуін нәтижесі электронды құжат нысанында көрсетілетін қызметті алушының не оның өкілінің «жеке кабинетіне» жолданады (отыз минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: деректерін тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің кезекті басқарудың арнайы ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - АЖБ) енгізіп, хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды дайындайды және ол қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: хабарлама немесе дәлелді бас тартуды дайындау және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарлама немесе дәлелді бас тартуды тексереді, қол қояды және жеке немесе мемлекеттік корпорацияның кеңсе қызметкерінде жолдайды (жиырма минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қою және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінде жолдау;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру.

Шартты белгілемелер:

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- көрсетілетін қызметті алушы рәсімінің (іс-қимылының) және (немесе) көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), өзге ұйымдардың немесе комиссиялардың атауы;
- таңдау нұсқасы;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.



«Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған графикалық нысандағы ақпараттық жүйелердің функционалдық өзара іс-қимыл диаграммасы



Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 1057 қаулысы

Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 13.03.2018 жылы № 6196 тіркелген

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы

«Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына және «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының 2013 жылғы 15 сәуірдегі Заңына сәйкес Қызылорда облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ**:

1. Қоса берілген отырған:

1) «Жұмыс ізден жүрген адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

2) «Жұмыссыз ретінде жұмыс ізден жүрген адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті;

3) «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті бекітілсін.

2. Қызылорда облысы әкімдігінің келесі қаулыларының күші жойылды деп танылсын:

1) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қыркүйектегі №141 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5134 нөмірмен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2015 жылғы 26 қыркүйекте жарияланған);

2) «Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер регламенттерін бекіту туралы» Қызылорда облысы әкімдігінің 2015 жылғы 2 қыркүйектегі №141 қаулысына өзгерістер енгізу туралы» 2016 жылғы 29 ақпандағы №380 қаулысы (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 5452 нөмірмен тіркелген, «Сыр бойы» және «Қызылординские вести» газеттерінде 2016 жылғы 21 сәуірде жарияланған).

3. Осы қаулының орындалуын бақылау Қызылорда облысы әкімінің орынбасары Қ.Д.Бөкенова жүктелсін.

4. Осы қаулы алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қызылорда облысының әкімі **Қ. Кошербаев**

Қызылорда облысы әкімдігінің 2018 жылғы «27» ақпандағы № 1057 қаулысымен бекітілген

«Жұмыс ізден жүрген адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: облыстық маңызы бар қаланың, аудандардың халықты жұмыспен қамту орталықтары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны – электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі:

«Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №279 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11342 нөмірмен тіркелген) «Жұмыс ізден жүрген адамдарды тіркеу» мемлекеттік қызмет стандартының (бұдан әрі - стандарт) 1-қосымшасына сәйкес жұмыс ізденді немесе жұмыссыз адам ретінде жеке куәлігін немесе жұмыссыз адам ретінде жеке куәлігінің телнұсқасын немесе жоғалуы туралы анықтама беру (бұдан әрі - анықтама) немесе стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі - дәлелді бас тарту).

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының (немесе заңды өкілінің) (бұдан әрі - оның өкілі) көрсетілетін қызметті беруіне стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі немесе электрондық құжат нысанындағы сұраныс жолдауы.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар топтамасын ұсыну;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері құжаттарды тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (бес минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы құжаттарды қарайды және жауапты орындаушыны анықтайды (жиырма минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттарды көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы құжаттарды тексереді және көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін «Еңбек нарығы» автоматтандырылған ақпараттық жүйесінде (бұдан әрі - АЖБ) енгізіп, хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды дайындайды және қол қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минуттан аспайды). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: хабарлама немесе дәлелді бас тартуды дайындау және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды тексереді, қол қояды және жеке немесе мемлекеттік корпорацияның кеңсе қызметкерінде жолдайды (жиырма минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қою және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінде жолдау;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (отыз минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру.

Шартты белгілемелер:

- мемлекеттік қызмет көрсетудің басталуы немесе аяқталуы;
- көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) көрсетілетін қызмет берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің), басқа ұйымдар немесе комиссияның рәсімінің (іс-қимылдың) атауы;
- таңдау түрі;
- келесі рәсімге (іс-қимылға) өту.

«Жұмыс ізден жүрген адамдарды тіркеу» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламентіне 2-қосымша

Мемлекеттік қызмет көрсетуге тартылған ақпараттық жүйелердің графикалық нысандағы функционалдық өзара іс-қимылдарының диаграммасы

Көрсетілетін қызметті алушы портал арқылы жүгінген кезде:

«Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті 2-қосымша

«Адамдарды жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет регламенті

1. Жалпы ережелер

1. Көрсетілетін қызметті берушінің атауы: аудандардың және облыстық маңызы бар қаланың халықты жұмыспен қамту орталықтары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).

Өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсесі;

2) www.egov.kz «электрондық үкімет» веб-порталы (бұдан әрі – портал) арқылы жүзеге асырылады.

2. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нысаны: электрондық (ішінара автоматтандырылған) және (немесе) қағаз түрінде.

3. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесі:

адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдама беру, ол мыналарды қамтиды:

«Әлеуметтік-еңбек саласындағы мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 28 сәуірдегі №279 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 11342 нөмірмен тіркелген) бекітілген «Адамдарға жұмыспен қамтуға жәрдемдесудің белсенді шараларына қатысуға жолдамалар беру» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартының (бұдан әрі стандарт) 1-қосымшасына сәйкес жұмыска орналасуға жолдама беру;

стандарттың 2-қосымшасына сәйкес жастар практикасына жолдама беру;

стандарттың 3-қосымшасына сәйкес әлеуметтік жұмыс орындарына жолдама беру;

стандарттың 4-қосымшасына сәйкес қоғамдық жұмыстарға жолдама беру немесе стандарттың 10-тармағында көзделген негіздер бойынша мемлекеттік көрсетілетін қызметті ұсынудан бас тарту туралы дәлелді жауап (бұдан әрі – дәлелді бас тарту).

4. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін ұсыну нысаны: электрондық және (немесе) қағаз түрінде.

2. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) іс-қимыл тәртібінің сипаттамасы

5. Мемлекеттік қызметті көрсету бойынша рәсімді (іс-қимылды) бастауға негіздеме: көрсетілетін қызметті алушының көрсетілетін қызметті беруіне стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттар топтамасымен жүгінуі немесе электрондық құжат нысанындағы портал арқылы сұрау салуды жібереуі.

6. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің құрамына кіретін әрбір рәсімнің (іс-қимылдың) мазмұны, орындаушы ұзақтығы:

1) көрсетілетін қызметті алушы көрсетілетін қызметті берушіге стандарттың 9-тармағына сәйкес құжаттарды ұсынады. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар топтамасын ұсыну;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері электрондық сұранысты тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (бес минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: электрондық сұранысты тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну;

3) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы сұранысты тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдайды (бес минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: сұранысты тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау;

4) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы сұранысты тексереді және көрсетілетін қызметті алушының мәліметтерін «Еңбек нарығы» АЖБ-сінде енгізіп, хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды дайындайды және қол қою үшін көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (отыз минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: хабарлама немесе дәлелді бас тартуды дайындау және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсыну;

5) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы хабарламаны немесе дәлелді бас тартуды тексереді, қол қояды және жеке немесе мемлекеттік корпорацияның кеңсе қызметкерінде жолдайды (жиырма минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесіне қол қою және көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкерінде жолдау;

6) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін тіркейді және көрсетілетін қызметті алушыға береді (жиырма минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін беру.

3. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдар тәртібінің сипаттамасы

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесіне қатысатын көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) тізбесі:

1) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері;

2) көрсетілетін қызметті берушінің басшысы;

3) көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысы.

8. Мемлекеттік көрсетілетін қызмет көрсету процесінде рәсімдерді (іс-қимылдардың) реттілігінің, көрсетілетін қызметті берушінің құрылымдық бөлімшелерінің (қызметкерлерінің) өзара іс-қимылдарының, сондай-ақ өзге де көрсетілетін қызметті берушілермен және ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің толық сипаттамасы осы регламенттің 1-қосымшасына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығында көрсетілген.

Мемлекеттік қызмет көрсетудің бизнес-процестерінің анықтамалығы «Қызылорда облысының жұмыспен қамтуды ұйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы» мемлекеттік мекемесінің, Қызылорда облысы әкімдігінің, Қызылорда қаласы және аудан әкімдіктерінің ресми интернет-ресурстарында орналастырылады.

4. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінде ақпараттық жүйелерді пайдалану тәртібінің сипаттамасы

9. Мемлекеттік қызметті портал арқылы көрсету кезіндегі көрсетілетін қызметті беруші мен көрсетілетін қызметті алушы рәсімдерінің (іс-қимылдарының) кезектілігі мен жүгіну тәртібінің сипаттамасы:

1) көрсетілетін қызметті алушы порталда тіркелген және электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қуәландырылған стандарттың қосымшаларына сәйкес электрондық құжат нысанындағы сұрау салуды (бұдан әрі - электрондық сұраныс) жолдайды. Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: құжаттар топтамасын жолдау;

2) көрсетілетін қызметті берушінің кеңсе қызметкері электрондық сұранысты тіркейді және көрсетілетін қызметті берушінің басшысына ұсынады (жиырма минутқа дейін). Рәсімнің (іс-қимылдың) нәтижесі: сұранысты тіркеу және көрсетілетін қызметті берушінің орындаушысына жолдау

ШЫРАҒДАННЫҢ СӘУЛЕСІНДЕЙ БІР ӨМІР

Кешегі қызыл өкіметтің қырғынында өрісін тарылтып, қонысын алдырған халқымыз тарыдай шашырап кетпеді ме? Сол алмағайып заманда ауа көшіп Ферғана жерінен пана тапқан көп қазақтың бірі Смайыл ақсақал «кеудемнен жанымды алсаң да, жүрегімнен иманымды алма» деп жайнамазын жинамаған тақуа кісі болатын. Бала-шағасы үшін туған жерінен баз кешсе де, қара басы үшін құдайсыздар қоғамына қосыла алмады. Діндарлығына қоса сауатты, араб, парсы, ортаазиялық түркі әдебиетін жақсы білген. Жібек анамыз да дәретсіз жер баспаған, бісмілләсыз сөз бастамаған жан екен.

Осы Смайыл мен Жібектен Нұртаза, Мұстафа, Әбубәкір, Жақсыгүл, Мәрия атты бес перзент өмірге келген.

Мұстафа Смайылұлы 1946 жылы туған. Соғыстан соңғы жылдары туған балалар бүтін киініп, тоя тамақ жемеді. Ересектің жүгін көтеріп, еңбекпен белі қатайған Смайылдың осы ұлы зейінді, зерек болып өсті. Әкесінің үйретуімен алты жасқа дейін-ақ арабша хат танған ол 1952 жылы Горский ауданының Янгиабад қышлағындағы жетіжылдық мектепке барады. Осы мектепті тәмамдап, Фрунзе ауданына қарасты Даңғара қыстағындағы 8 жылдықта бір жыл оқып, үйден шалғайда орналасқанына қарамай, Наманған облысындағы орта мектепті интернатта жатып оқып бітіреді.

1962 жылы көрші республикаларға көшіп кеткен қазақтар атамекеннен шақыру алып, Смайыл отбасы да туған елдегі ағайындармен қайта қауышады. Олар Қызылорда облысы Шиелі ауданы «Ленин» колхозына қоныс аударады. Ал, мектепте қазақ, өзбек, орыс тілдерінде жетік білім алған Мұстафа 1963 жылы Ташкент политехникалық институтына оқуға ниет қылады. Түсу емтихандарын да үздік тапсырады, бірақ, оқуға түскендер тізімінде жоқ болып шығады. Сол кезде алатақиялы ағайынның «Өзбекстанды тастап көшкендер үшін бізде орын жоқ» деген астыртын саясаты болды. Алайда, діннің асыл құндылықтарынан сусындап өскен Мұстафа бұл әділетсіздікке төзбеді. Болған жайды баяндап Өзбекстан Компартиясы Орталық комитетінің бірінші хатшысына арнайы хат жолдады. Арада бір ай өткенде «Ташкент политехникалық институтына жетіңіз, оқуға қабылдандыңыз» деген хат келеді.

Мұстафаны институт ректоры мен факультет деканы күтіп алады. Олар ішкі тәртіпке байланысты қателіктер кеткенін айтып, 1-курстың химия-технология факультетінің «инженер-технолог» мамандығының орыс бөліміне студент болып қабылданумен құттықтайды. Әлі студент атанбай жатып-ақ, институт басшыларын алдына келуге мәжбүрлеген Мұстафаның осы бір өжет те қайсар мінезі оның әділдік үшін алыса білетін ақиқатшыл азамат екенін аңғартады.

Мұстафа студент кезінде-ақ оқу мен еңбекті ұштастырудың жолдарын қарастырады. Ташкенттегі «Темір-бетон өнімдері» зауытында өткізілген 2-курстағы өндірістік практика кезінде өзінің жан-жақты білімділігімен танылып, заводқа маман жетіспеуіне байланысты «бетон құюшы» ретінде жұмысшы болып орналасады. Осы зауытта еңбек тәжірибесін шыңдайды.

Теория мен өндірістік тәжірибені қатар алып жүрген Мұстафа 1968 жылдың тамыз айында диплом алған кезде дайын маман еді. Сондықтан оны құрылыс материалдары комбинаты цех шебері етіп қызметке қабылдайды. Алайда, жиырма екі жастағы жігіт осы жылдың қарашасында әскери борышын өтеуге аттанады.

Міндетті әскери қызметінен соң Ташкенттегі жұмыс орны қайта шақыртады, бірақ, көпті көрген Смайыл ақсақал: «Балам, елге аман-есен оралдық, енді Қазақстанға еңбегінді сіңір, осы Шиелі ауданында өсіпөн» деп әкелік тілегін айтады.

Әке сөзін жерге тастамаған Мұстафа 1970 жылдың қаңтар айынан бастап, «Қызылордаауылқұрылыс» ТБӨ зауытына орналасып, өз мамандығына сай қызметтерге құлшына кіріседі. Көп ұзамай отбасын құрып, жаңа өмір бастайды.

1975 жылы «Телікөл» қаракөл совхозының ашылуына байланысты совхозға прораб болып тағайындалады. Жасынан еңбек десе, екі ығын тосып тұратын Мұстафа өзінің тікелей міндеттерін атқару барысындағы аз уақытта ұжымның абыройлы мүшесіне айналып үлгереді. Оның осындай қызметке адалдығын көрген басшылар 1978 жылы сәуір айында «Бәйгекұм» көкөніс-бақша совхозының құрылуына байланысты оны совхозға аға прораб етіп тағайындап, біраз тапсырмалар жүктейді.

Жаңа ашылған совхозға барған жас маман шаруашылықтың қалыптасып өсуі үшін шаршамай-талмай еңбек етті. Совхоздағы аурухана, балабақша, тұрғын үйлердің сызбалық жобасын күні-түні дайындап, зәулім ғимараттар бой көтерген қызу жұмыстың басқасында жүрді. Сол кезде салынған осы ғимараттар бүгінгі күнге дейін халықтың қызметіне жарап тұр.

Жолында жүк қалмайтын Мұстафаның іскерлігін аудан басшылығы қай жердің жұмысы ақсап тұрса, сол жерге тіреу қылды. 1984 жылдың қазан айында «Қарғалы» қаракөл совхозына аға прораб болып тағайындалып, арқасына тағы үлкен міндеттер артты. Мұстафа Смайылұлы ол совхозда да уақытпен санаспай қызмет етіп, ауылдың абаттануына зор үлес қосты.

1987 жылдың мамыр айында «Бәйгекұм» қамыс зауыты ашылды. Осы кезде «Тұрғын үй - 91» бағдарламасы жұмыс істей бастаған болатын. Бұл өндіріс орнына да аға прораб болып келген ол зауыттың елге қажет құрылыс материалдарын көптеп шығаруына күш-жігерімен кірісті. Қолға алынған нысандарда техникалық қадағалаушы болып, түрлі сызбаларды дайындап, бағдарламаны жүзеге асырды. Құрылыс сызбаларын дайындау үшін маманның өз нысанын жете білуі жеткіліксіз, бұл жерде оның суретшілік, мүсіншілік шеберлігінің де шешуші роль атқаратынын біле бермейміз. Нысандардың бой көтеруі мен онан кейінгі пайдалы қызметінің бастауы осы сызба жұмысынан шығады. Осыдан отыз жыл бұрын салынып, әлі күнге еңсесін аласартпаған Шиелі ауданындағы көптеген нысандар зейіні зерек Мұстафаның сызудағы дәлдік өлшемдері секілді.

1991 жылдың желтоқсан айында «Бәйгекұм» көкөніс-бақша совхозының қайта құрылуына байланысты «Алмас» серіктестігінің директоры болып сайланады. Алайда, бір жылдан соң-ақ, совхоз таратылып, барлық кәсіпкерліктер де жабылады.

Жаңа қоғамдық құрылыс – нарықтық экономиканың алғашқы жылдарындағы қиыншылықтарға мойымай, өзгерістерге тез бейімделу үшін тек еңбексүйгіштік қасиет ғана алға жетелейтін. Дәл осы кезеңде талайлардың «үкімет асырайды» деп әкенің қолына қараған баладай абдырап қалғаны шын. Ал, әрқашанда ізденіс үстінде жүретін Мұстафа Смайылұлы «Бәйгекұм» ауылында алғашқылардың бірі болып, 1993 жылдың басынан-ақ «Талапкер» серіктестігін ашып, кәсіпкерлікті қолға алды. Ол жылдары адамдардың жеке кәсіпкерлік жайлы түсінігі таяз болды. Сондықтан Мұстекеңнен ақыл сұрап келген ауыл, аудан тұрғындары аз болмады. Тіпті, жеке кәсіпкерлікті осы кісіден үйренгендер көп.

«Қолы қимылдағанның аузы қимылдайды» деген, кейін жеке кәсіпкерліктен пайда тауып, былайғы жұртқа да қол ұшын созуға жағдайы жеткен ауылдастары Мұстекеңнің алыстан болжайтын ақыл-парасатына көз жеткізді.

«Әке көрген оқ жонады» деген осы, Мұстафа да өз әкесінен алған өнегесін балаларына сіңіре білді. «Мұсылманның жақсысы – саналы ұрпақ өсірген мұсылман» дейтін қасиетті дін сөзін ешқашан естен шығармады. Жеті перзентін жетелі, тәлімді қылып қатарға қосты. Балаларының бәрі жоғары білім алып, өмірдегі өзі жүрген азаматтық жолмен аянбай еңбек етті. Бүгінде мәуелі ағаштың жемісіндей Мұстафа мен Алмагүлден тараған 2 ұл, 5 қыздан жиырма немере жайқалып өсіп келеді.

2004 жылы Мұстафаның отбасы Алматыға көшерде көршілері, ағайын-туысы ғана емес, осы хабарды естіген аудан тұрғындары да ел құлазып қалғандай қимастық сезімдерін білдіріп жатты.

2014 жылдың мамыр айында Шиелі ауданының әлеуметтік-экономикалық дамуына өзінің кәсіби біліктілігімен, азаматтық болмысымен, адами қасиеттерімен хал-қадірінше үлес қосқан үлкен жүректі ағамыз Мұстафа Смайылұлы дүниеден өті.

Абзал азаматтың туған жерінің төсіне ту қылып тіккен адалдығы мен асыл тұлғасы жерлестерінің жүрегінде өшпес бейне болып қалды. Отанының нар көтерер, отбасының жар көтерер жүгін арқам ауырды, қарым талды демей, ұрпағына аманаттаған кенен кісінің өмір жолы кейінгі толқын үшін шырағдандай жол табар шынайы өнеге.

Дүйсенбек АЯШҰЛЫ,
«Сыр бойы».

ЕЛ ҮШІН ЕҢБЕК ЕТСЕҢ, ХАЛҚЫҢ СҮЙМЕК...

Адам баласы сияқты табиғаттың да өзіне тән ерекшелігі, өзіне тән мінезі бар.

«Желтоқсанның желі, қаңтардың қаһары, ақпанның ашуы басылып, күлімдеген әз көктем де жетті-ау» деймін ішімнен. Уақытқа тоқтау болған ба? Дөңгеленіп жатқан өмір. Жыл мезгілдерінің, күн мен түннің, өлім мен өмірдің алмасып тұруы тіршіліктің заңдылығы екені баршаға аян. Десек те, кеше ғана жаныңда жүрген жақсының, еліне елеулі болған азаматтың жалған дүниеден ертерек кеткені көңілге сыймайтынын, жұп-жұмыр жүректің оны өлдіге қимайтынын қайтерсің. Адамзат бүгін адам, ертең топырақ дегенмен, табиғаттың заңдылығына бағыну бір бөлек те, өмірден кеткен жақсыныңды іздеп, іштей сағыну бір бөлек.

Қашан да жақсы адамның артында өшпестей ізі, өлместей ісі қалары сөзсіз. Сол істерге, сол іздерге қарап, адамзат баласы сабырлық танытып, шүкіршілік жасайтыны да шындық. Өмірден өзі өткенімен, жасаған жақсылықтары «менмұндалап» тұратын асыл жандар қаншама?!

Солардың бірі Сыр еліне есімі жақсы таныс абзал азамат Қуанышбек Сәдібекұлы болатын. Көңілі көктемдей нұр шашып, бойынан адамгершілік қасиеттер атойлап тұратын азамат тірі болғанда, биыл 70 жасқа келер еді.

Қуанышбек Сәдібекұлы 1948 жылдың 16 наурызында, яғни, күн күліп, жер жылынған, тіршілік атаулы түгелдей оянған мезгілде, Қызылорда облысы Сырдария ауданына қарасты «1-Май» кеңшарында дүниеге келген. 1972 жылы Қызылорда педагогикалық институтының физика-математика факультетін, 1991 жылы Мәскеу кәсіподақтар жоғарғы мектебін бітірген ол бар ғұмырын туған елге, өз халқына қызмет етуге арнады.

1972-1996 жылдары облыстық ауыл шаруашылығы қызметкерлері кәсіподағы комитетінде нұсқаушы, бөлім меңгерушісі, хатшы, төраға қызметтерін атқарып, облыс ауыл шаруашылығы экономикасын өркендетуге, жұмысшы қызметкерлердің әлеуметтік мәселелері мен мұқтаждықтарын шешуге үлкен үлес қосты. Қайран, дүние-ай! Ізіне ерген қос қарындасы ағаларын сағына еске ала отырып: «Әттең, бүгінгі күнге аман жеткенде ғой, Қуаныш ағамыз 70 жасқа толып, ортамызда қуанышқа бөленіп отырар еді-ау» – дейді. Жақсы адам өмірден өткенде, дүние кеміп қалғандай сезілмей ме? Қазаққа тән қарапайымдылығы мен кішіпейілділігі, басшыға тән талапшылдығы мен табандылығы, ағаға тән адалдығы мен аққөңілділігі бір бойынан табылатын Қуанышбек ағамыздың орны қашан да ойсырап тұрары сөзсіз.

1996 жылдың ақпанынан өзі өмірден озған 2012 жылға дейін облыстық кәсіподақтар кеңесіне басшылық жасаған ағамыз Қазақстан Республикасы Кәсіподақтар федерациясы Бас кеңесі атқару комитетінің алқа мүшесі болды. Арал өңірі халқын экологиялық апаттан сақтап, одан әрі әл-ауқатын жақсарту және заңға сай өтемақылардың төленуін сақтау жолында Үкімет пен Парламент алдында тиісті ұсыныстар қойып, оның іске асуына өз үлесін қосты. Қуанышбек ағамыздың Сыр елі халқы үшін жасаған еңбегі ешқашан жоқ. Ол «Еңбектегі үздігі үшін» медалімен, кәсіподақтардың бүкілодақтық, республикалық органдарының «Құрмет грамотасымен» бірнеше рет марапатталды.

Ел үшін еңбек етсең, халқың сүймек,
«Біз үшін отқа, суға түсіп жүр» деп.
Ер өлсе де еңбегін ел өлтірмес,
Неше мың жыл өтсе де, тарих білмек,

– деп жырлаған екен Сұлтанмахмұт ақын. Иә, Қуанышбектей ұлын сүйген Сыр елі халқы, ұжымдастары, ел ағалары оның атын да, еткен еңбегін де өлтірмейтіні ақиқат. Өткенді ұмытпау, өткенді ұлықтау – тірілердің парызы!

«Отбасы – тәрбие ошағы» демей ме? Сәдібек ақсақал да, Ұлған анамыз да күннің атуы мен батуына дейін үй шаруасы, қолөнер тірлігі, мал шаруашылығы, егіншілікпен айналысқан жандар еді. Олар балалары Қуанышбек, Қонысбек, Жүнісбек, Нұрия, Розаға еңбекпен тапқан нанның тәтті екенін кішкентайынан ұғындырған тәлімгерлер болатын. Сөзбен емес, өз істерімен тәрбиелей білген ата-анадан үлгі алған балалары да бақытқа тек еңбек арқылы ғана қол жеткізуге болатынын жақсы түсінді. Олар жоғары білімді, білікті, адамгершілігі мол азаматтар болып жетілді. Әрбірінің жеткен жетістігі ата-ана үшін үлкен мәртебе, үлкен қуаныш еді. Қуанышбек Сәдібекұлы Сыр бойына танымал тұлға болса, Қонысбек ағай талай жылдар бойы өскелең ұрпаққа математиканың қыр-сырын ұғындырды. Жүнісбек аға Қызылорда қаласының сән-сәулетін, салтанатын көтеруге атсалысты. Нұрия Сәдібекқызы қаладағы №253 мектепте 40 жылға жуық білім беріп, соның 20 жылында мектеп директоры қызметін атқарды. Роза Иманқызы танымал кәсіпкер қыздардың бірі. Ол «Қызылорда қаласының құрметті азаматы», «Үздік құрылысшы» төсбелгісінің иесі. Міне, бұл – Сәдібек қария мен Ұлған анамыздың өз балаларына дұрыс тәлім-тәрбие, дұрыс бағыт-бағдар берген еңбегінің жемісі.

Осындай отбасында тәрбиеленген Қуанышбек ағамыз өте бауырмал, ағайын-туысқа қайырымды, отбасының тірегі, шаңырағының шырайы болатын. Жұбайы Нұрипан екеуі 5 қыз, 1 ұл тәрбиелеп өсірді. Көз қуаныштары болған балалары жоғары оқу орындарын бітіріп, елге қызмет ететін айтулы азаматтарға айналды.

Кешегі күннің естеліктері ертеңгі күні тарихқа айналары сөзсіз. Көзден кеткенмен, көңілден кетпейтін жандар қаншама?! Қуанышбек ағамыздың әлі де алға қойған мақсаттары, биік-биік армандары, алар асулары бар болатын.

Бірі кем дүние деген осы.

Сұлушаш СҰЛТАНОВА,
ардагер ұстаз.

ОРМАН ӨРТТЕРІ ЖӘНЕ ОНЫҢ АЛДЫН АЛУ ШАРАЛАРЫ МЕН 2018 ЖЫЛҒЫ ӨРТ ҚАУПІ БАР МАУСЫМҒА ДАЙЫНДЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Облыс бойынша мемлекеттік орман қоры жерлері 6 509,7 мың гектары құрайды. Оның ішінде орманды алқаптар 3 103,2 мың гектар. Осы орманды алқаптардың 54,7 мың гектары өрт қауіптілігі аса жоғары болып саналады.

2017 жылы облыс бойынша жалпы көлемі 25,3 гектарды қамтыған 3 өрт оқиғасы тіркелді. Оның ішінде Қызылорда орман шаруашылығы мекемесінде 2 өрт (көлемі – 5,9 га), Жаңақорған орман шаруашылығы мекемесінде 1 өрт (көлемі – 19,4 га) оқиғасы орын алған. Жалпы, өрт салдарынан 15,3 га орманды алқап отқа оранып, орман ағаштары жойылып кеткен.

Орман өрттері негізінен табиғи (найзағай, күннің күрт ысуы, т.б.) және адами факторлар (демалыс кезінде алауларды толық өшірмей кету, егіс алқаптарындағы, каналдар мен арықтардағы шөптесін өсімдіктерді бақылаусыз отпен тазарту кезінде, т.б.) әсерінен орын алады.

Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясымен, 2018 жылдың 23 ақпанында, ҚР АШМ Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитетінің 12.02.2018 жылғы №17-1/36 бұйрығының 1-бөлігі 1-тармағына сәйкес, облыстық табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының өкілдері, облыс көлеміндегі орман шаруашылығы мемлекеттік мекемелері мен «Барсакелмес» мемлекеттік табиғи қорығы басшыларының қатысуымен өрт қаупі бар маусымға дайындық мәселелері бойынша кеңес өткізілді.

Кеңес барысында орман өрттерінің алдын алу, өрттерді болдырмау мақсатында атқарылатын негізгі жұмыстар талқыланып, жергілікті тұрғындар арасында үгіт-насихат жұмыстарын жандандыруды, өрт қаупі бар маусымдарда орман өрттерінің алдын алу тақырыбында БАҚ-та жариялымдар, мақалалар жариялау, жергілікті телеарналардан үнемі бейнероликтер көрсетіп отыру тапсырылды.

Дегенмен де, мемлекеттік орман қоры учаскелеріне жақын орналасқан, елді мекен тұрғындарынан, шаруашылық субъектілері мен шаруа, фермер қожалықтары басшыларынан егін алқаптары мен егістік жерлерді, каналдар мен арықтарды шөптесін өсімдіктерді тазарту кезінде отқа абай болып, оны қатаң бақылауда ұстау, табиғат аясындағы демалыс кезінде алауларды бақылаусыз қалдырмау, оны демалыс аяқталған соң мұқият сөндіру және орманды алқаптарда өрт оқиғалары байқалған жағдайда сол жерге жақын орман шаруашылығы қызметкерлеріне хабарлау сұралады.

Р.БУРАБАЕВ,
Қызылорда облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясы бас маманы.

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ келесі мүлік сауда-саттыққа шығарылатыны туралы хабарлайды:

Атауы	Орналасқан жері	Сипаттамасы	Бастапқы құны
Үш бөлмелі пәтер	Қызылорда қ., Фима Скатков көш., №104 үй, №27 пәтер.	Жалпы алаңы 59,9 ш.м., тұрғын алаңы 37,3 ш.м., ас үйі 7,8 ш.м., қабаттығы – 4 (барлығы 5), 1990 жылы салынған, қабырғаларының материалы – силикат кірпіш.	8 058 000 (сегіз миллион елу сегіз мың) теңге

Кепілдікті жарна **100 000** теңгені құрайды. Сауда-саттыққа қатысу жөніндегі кепілдікті жарна мен өтінім хабарлама жарияланған күннен бастап қабылданады және сауда-саттық басталғанға дейін 1 сағат бұрын аяқталады. Сатып алу бағасы сауда-саттық өткеннен кейін 10 банктік күн ішінде теңгемен төленеді.

Ақша қаражатын аудару үшін деректемелер: Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ шоты: KZ414322860398T00016, БСК VTBAKZKZ, БСН 110741015209.

Аукцион өткізудің орны мен уақыты: сауда-саттық ағылшынша әдіс бойынша 2018 жылдың «29» наурызында сағат 11-00-де келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., Абай даңғылы, 58 үй, Банк ВТБ (Қазақстан) ЕҰ АҚ Қызылорда қ. филиалының ғимараты.

Сенім білдірілген тұлға: Избембетов Махмут Наженович, байланыс телефоны: 8 (7242) 55 02 09, 8 701 771 49 81.

* * *

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ келесі мүлік сауда-саттыққа шығарылатыны туралы хабарлайды:

Атауы	Орналасқан жері	Сипаттамасы	Бастапқы құны
Екі қабатты тұрғын үй	Қызылорда қ., Сыр Сұлуы көш., №25 Е үй	Жалпы алаңы 443,9 ш.м., тұрғын алаңы 204,8 ш.м., ас үйі 30,4 ш.м., жер учаскесін өлшеу 0,08 га , 2013 жылы салынған, қабырғаларының материалы – күйдірілген кірпіш.	38 325 000 (отыз сегіз миллион үш жүз жиырма бес мың) теңге

Кепілдікті жарна **200 000** теңгені құрайды. Сауда-саттыққа қатысу жөніндегі кепілдікті жарна мен өтінім хабарлама жарияланған күннен бастап қабылданады және сауда-саттық басталғанға дейін 1 сағат бұрын аяқталады. Сатып алу бағасы сауда-саттық өткеннен кейін 10 банктік күн ішінде теңгемен төленеді.

Ақша қаражатын аудару үшін деректемелер: Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ шоты: KZ414322860398T00016, БСК VTBAKZKZ, БСН 110741015209.

Аукцион өткізудің орны мен уақыты: сауда-саттық ағылшынша әдіс бойынша 2018 жылдың «30» наурызында сағат 11-00-де келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., Абай даңғылы, 58 үй, Банк ВТБ (Қазақстан) ЕҰ АҚ Қызылорда қ. филиалының ғимараты.

Сенім білдірілген тұлға: Избембетов Махмут Наженович, байланыс телефоны: 8 (7242) 55 02 09, 8 701 771 49 81.

* * *

Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ келесі мүлік сауда-саттыққа шығарылатыны туралы хабарлайды:

Атауы	Орналасқан жері	Сипаттамасы	Бастапқы құны
Екі қабатты тұрғын үй	Қызылорда қ., «Арай» мөлтек ауданы, Хорасан ата көш., №19 үй	Жалпы алаңы 209,3 ш.м., тұрғын алаңы 126,8 ш.м., ас үйі 11,6 ш.м., жер учаскесін өлшеу 0,1 га , 2012 жылы салынған, қабырғаларының материалы – күйдірілген кірпіш .	30 177 000 (отыз миллион жүз жетпіс жеті мың) теңге

Кепілдікті жарна **200 000** теңгені құрайды. Сауда-саттыққа қатысу жөніндегі кепілдікті жарна мен өтінім хабарлама жарияланған күннен бастап қабылданады және сауда-саттық басталғанға дейін 1 сағат бұрын аяқталады. Сатып алу бағасы сауда-саттық өткеннен кейін 10 банктік күн ішінде теңгемен төленеді.

Ақша қаражатын аудару үшін деректемелер: Банк ВТБ (Қазақстан) АҚ ЕҰ шоты: KZ414322860398T00016, БСК VTBAKZKZ, БСН 110741015209.

Аукцион өткізудің орны мен уақыты: сауда-саттық ағылшынша әдіс бойынша 2018 жылдың «29» наурызында сағат 15-00-де келесі мекенжай бойынша өткізіледі: Қазақстан Республикасы, Қызылорда қ., Абай даңғылы, 58 үй, Банк ВТБ (Қазақстан) ЕҰ АҚ Қызылорда қ. филиалының ғимараты.

Сенім білдірілген тұлға: Избембетов Махмут Наженович, байланыс телефоны: 8 (7242) 55 02 09, 8 701 771 49 81.

(ҚР Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінен 2014 жылдың 23 желтоқсанында №1.2.14/39 лицензиясы берілген)

ХАБАРЛАНДЫРУ

Жалағаш ауданының әкімдігі Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 19 наурыздағы №18-04/245 бұйрығымен бекітілген «Аңшылық алқаптар мен балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөнінде конкурс өткізу» Қағидаларына сәйкес резервте тұрған балық шаруашылығы маңызы бар су айдындарын бекітіп беруге конкурс жариялайды.

Конкурстың өткізілетін уақыты мен орны:

Конкурс 2018 жылы 29 наурыз күні, сағат 10.00-де өткізіледі.

Өтетін орны: Жалағаш кенті, ДЭУ көшесі №11 үй, «Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі, байланыс телефондары- 8(724) (31) 31870, 31884.

Конкурсқа қойылатын балық шаруашылығы су айдындары және (немесе) учаскелерінің тізбесі

№	Су айдындарының атауы	Ауданы (га)	Бекітіп беру мерзімі	Балық шаруашылығын жүргізу мақсаты	Жыл сайынғы балықтандыру көлемі (дана)
1	Бақаш-Маман	25	он жыл	кәсіпшілік	4375
2	Құмкөл	38	он жыл	кәсіпшілік	6650
3	Мақпалкөл	15	он жыл	кәсіпшілік	2625
4	Шағала	30	он жыл	кәсіпшілік	5250

Конкурстық құжаттар топтамасын Жалағаш кенті, ДЭУ көшесі №11 үй, «Жалағаш аудандық ауыл шаруашылығы бөлімі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінен алуға болады.

Сонымен қатар, конкурстың тәртібі Қызылорда облысы әкімдігінің ғаламтор-ресурсында **(e-kyzylorda.gov.kz)** жарияланады.

Конкурстық өтінімдерді қабылдау мерзімі - 2018 жылы 28 наурыз сағат 18.00-ге дейін.

Өтінім тігілген күйінде, нөмірленген беттерімен беріледі және соңғы беті қол қою арқылы және мөрмен куәландырылады (егер болса, жеке тұлға үшін).

Жеке немесе заңды тұлғалар әрбір мәлімделетін балық шаруашылығы су айдынына және (немесе) учаскесіне жеке конкурстық өтінім дайындап, оны хабарландыруда көрсетілген мекенжай бойынша ұсынады.

Конкурстық құжаттар қатысушының толық атауы мен мекен-жайы, конкурсты ұйымдастырушының мекен-жайы және «Балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурс» деген сөздер көрсетілген мөр басылған конвертте ұсынады.

Конкурстық өтінім тіркелген сәттен бастап өтінім берген тұлға конкурсқа қатысушы болады.

Конкурстық комиссия.

ЕСІРТКІ ЕГІП ТҰТЫЛДЫ

2017 жылдың 10 тамызында облыстық ішкі істер департаментінің Есірткі бизнесіне қарсы күрес басқармасы және Шиелі аудандық ішкі істер бөлімінің полиция қызметкерлері бірлесіп, К.Атакаев пен Ж.Бимашевтың құрамында есірткі заты бар, өсіруге тыйым салынған сора өсімдіктерін еккен алқабын анықтаған болатын. Жалпы, Шиелі ауданындағы Ботабай ауылының батыс жақ бетіне 8 шақырым жерден орналасқан алқаптан 760 түп құрамында есірткі заты бар сора өсімдіктері, 23 қапқа салынған жалпы салмағы 251 360 грамм болатын «кептірілмеген марихуана» есірткі заттары және 1 қапшыққа салынған жалпы салмағы 2 900 грамм болатын «кептірілген марихуана» есірткі заттары алынып, аталған дерек сотқа дейінгі тергеп-тексеру бірыңғай тізіліміне тіркелген.

Осы қылмыс бойынша Сырдария аудандық сотының үкімімен бұл екі азаматқа бас бостандығынан 5 /бес/ жылға айыру жазасы тағайындалды.

Қызылорда ОПД ЕБҚКБ.

АТАКАЕВ КАНАТ АБДРЕЕВИЧ

БИМАШЕВ ЖАСУЛАН ТЕМИРБЕКУЛЫ

Егер Сіз, кім және қай жерде есірткі сататындығын және сора өсімдігін егіп жүрген адамдар жайлы немесе сора өсіп тұрған жер туралы білсеңіз «Сенім» телефондарына хабарласыңыз.

Шынайы ақпараттарға сыйақылар қарастырылған.

Ақпараттың жасырындығы сақталады.

Сенім телефоны: +7 (7242) 27 55 42 немесе 102

ҚАРАҢҒЫҒА СІҢІП КЕТКЕН ЖАРЫҚТАЙ

Осыдан бір жыл бұрын, наурыздың 23-күні әулетіміздің ағасы, отбасымыздың панасы, асыл әке, адал жар, абзал бауыр Шиелі ауданы «Ботабай» ауылының тұрғыны Шәкірбек Аяшұлы Беркінбаев 63-ке толған шағында өмірден озды.

Шәкең ауылда өсті, шаруашылықта жұмыс істеді. Марқұм Аяш әкеміз алты баласын бір төбе, осы баласын бір бөлек жақсы көріп, «Төре» дейтін. Төре десе төредей болып, өз ортасына қадірін арттырып, беделін бекем ұстаған жан еді. Жас күнінде күреспен айналысып, Ресей қалаларында өткен жарыстардан жүлделі оралатын.

Отбасын құрып, 4 ұл, 1 қызды тәрбиеліп, қияға ұшырып, ұяға қондырды. Он немеренің атасы атанды. Жиырма жылға жақын бір салада, «ҚұмкөлТранссервис» мекемесінде еңбек етті. «Ағайынның басын қосып, ұжымымды шақырып, Пайғамбар жасына толғаныма той жасаймын» деп жүруші еді. Еңбек еткен ұжымын жақсы көретін, олардың әрқайсысын дәріптеп айтатын. Бірақ, ұжымы зейнет жасына жеткендегі шапан-шаттығын жаназасында әкеліп, балаларына берді. Міне, тағдыр деген осы. Дүниеге келу мен кетудің уақыты бір Аллаға ғана аян.

Жатқан жері жайлы болсын, Жаратқан ием мәңгілік жайын жаннат бақшасынан нәсіп етсін дейміз. Дұғадан іздейміз.

Өлмейді рух, Алла білер расын,
Қарасақ та елесіне қаныққан.
Кеудемізге сәуле құйып тұрасың,
Қараңғыға сіңіп кеткен жарықтай.

Еске алушылар: бауырлары, зайыбы, балалары.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы кәсіпкерлік негіздері бойынша «Бизнес-Кеңесші» 2 күндік қысқа мерзімді оқыту курсының өткізілетінін хабарлайды. Курс төмендегі кесте бойынша жүргізіледі:

1	05-06 сәуір	- Қызылорда қ., Әйтеке би к-сі, №28
2	12-13 сәуір	- Жосалы кенті, Рысқұлов к-сі, № 8
3	19-20 сәуір	- Байқоңыр қ., Абай даңғылы, №16
4	03-04 мамыр	- Қызылорда қ., Әйтеке би к-сі, №28
5	17-18 мамыр	- Жаңақорған кенті, А.Иманов к-сі, №134а
6	24-25 мамыр	- Шиелі кенті, Рысқұлов к-сі, №5
7	31 мамыр-01 маусым	- Қызылорда қ., Әйтеке би к-сі, №28
8	12-13 маусым	- Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, №46

Қосымша ақпарат беру мен тіркелу келесі мекен-жайда өтеді: Қызылорда қ., Әйтеке би к-сі, 28 үй. тел.**: 40-08-74.**

* * *

Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы облыс тұрғындары үшін кәсіпкерлік қызметті жүргізу және дамытудың функционалдық бағыттары бойынша қысқа мерзімді оқытуды көздейтін «Бизнес-Өсу» курсының өткізілетінін хабарлайды.

1	09-14 сәуір	- Қызылорда қ., Әйтеке би к-сі, №28
2	21-25 мамыр	- Арал қ., Бақтыбай батыр к-сі, №46
3	04 -09 маусым	- Жалағаш кенті, Сәрке батыр к-сі, №8
4	04-09 маусым	- Жосалы кенті, Рысқұлов к-сі, №8

Қосымша ақпарат беру мен тіркелу келесі мекен-жайда өтеді: Қызылорда қ., Әйтеке би к-сі, 28 үй. тел.**: 40-08-74. Call-Center – 1432.**

САТЫЛАДЫ

Жедел түрде 5 бөлмелі жоспарлы үй сатылады. Барлық жағдайы жасалған.

Мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Б.Майлин көшесі №16 үй, байланыс тел.: 8 777 287 98 99, 8 701 886 87 50.

ЛИЦЕНЗИЯ ТӨЛЕМІНІҢ КОДЫ БЕЛГІЛЕНДІ!

Құрметті салық төлеушілер! 2018 жылдан қолданысқа енген Қазақстан Республикасының «Салық» кодексіне «Жекелеген қызмет түрлерімен айналысуға лицензияны қолдану үшін төлемақылар туралы» тарау енгізілген.

Осыған орай, лицензияны пайдаланғаны үшін төлем **105434** бюджеттік сыныптама кодына төленетіні белгілі болды.

Төлемақы жылына 4 рет тең үлестермен төленетін болады. Яғни, төлемақы төлеушілер жыл сайын төлемақы сомаларын өзінің тұрған жері бойынша ағымдағы жылғы **25 наурыздан, 25 маусымнан, 25 қыркүйектен және 25 желтоқсаннан** кешіктірмей төлейді.

Төлемақы мөлшерлемелері, Астана және республикалық маңызы бар қалалар және облыс орталықтарын қоспағанда, басқа қалалар мен кенттер үшін 60 айлық есептік көрсеткішке, ауылдық елді мекендер үшін 20 айлық есептік көрсеткішке тең.

Бұл ретте лицензия алу кезінде төлемақы төлеу жөніндегі міндеттеме лицензия алған жылдан кейінгі күнтізбелік жылдан бастап туындайтындығын хабарлаймыз.

Байланыс телефоны: 23-52-09.

Қызылорда облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті.

«ТОРҒАЙ-ПЕТРОЛЕУ

СҰХБАТ

ДІН: ДӘСТҮР ЖӘНЕ ДӘЙЕК

Елбасы Жарлығымен бекітілген Дін саласындағы мемлекеттік саясаттың 2017-2020 жылдарға арналған тұжырымдамасы аясында жаңа заңнама қабылдау мәселесі қарастырылып жатыр. Осыған байланысты Қызылорда облыстық ішкі саясат басқармасы Дін мәселелерін зерттеу орталығының басшысы Бақытжан Камаловпен әңгімелескен едік.

– Алғашқы сауалымыз, деструктивті діни ағымның сыртқы белгілері дегеніміз не? Жалпы көпшілік мұны қалай ажыратады?

– Бүгінгі күні қоғамда «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне діни қызмет және діни бірлестіктер мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар туралы» заң жобасы талқыланып жатыр. Аталған заң жобасы дін саласындағы заңнаманы жетілдіруге және діни радикализмнің алдын алуға бағытталған. Заң жобасына қатысты көптеген теріс, негізсіз пікірлер де айтылуда. Атап айтқанда, діни ортада дін ұстанушылардың сыртқы келбетіне қатысты шектеулер қойылуы мүмкін деген пікірлер. Шындығында, заңда азаматтардың діни ұстанымына қатысты сыртқы формаларына мәселен, (сақал, қысқа балақ, т.б) тыйым салу көзделмеген.

Деструктивті діни ағымдардың сыртқы белгілерін көпшілікке көрсету мәселелері бойынша теріс діни идеологиялардың елімізде таралуына тосқауыл қою мақсатында заң жобасында бірқатар қажетті шаралар қабылданады деп күтілуде. Атап айтқанда, теріс діни ағымдардың айшықтары мен сыртқы белгілерін пайдалану мен көпшілікке көрсетуге шек қою, теріс діни ағымның идеологиясын тарату мен насихаттауға тыйым салу мәселелері де қарастырылуда. Жалпы деструктивті діни ағым дегеніміз – адамның қорғалатын құқықтары мен бостандықтарына қатер төндіретін, имандылық негіздерді, рухани және мәдени құндылықтар мен дәстүрлерді әлсіретуге және (немесе) бұзуға қабілетті діни көзқарастар, идеялар, сондай-ақ, ілімнің жиынтығы.

Десек те, алдағы уақытта деструктивті діни ағымға сыртқы тиістілік белгісі заңға қосымша актімен бектілуі мүмкін. Сол кезде сыртқы белгілерге не жататындығын еліміздегі белгілі діни бірлестіктер өкілдері, теологтар, дінтанушылар және сарапшылар жан-жақты зерделеп, бекітілетін болады.

– Дін саласы бойынша мамандар даярлау мәселесі қалай шешілетін болады? Елімізде бұл бағытта білім беретін қандай оқу орындары бар және олар талапкерлердің сұранысына сай қызмет көрсетуге қауқарлы ма? Оқу орнын бітірген жастардың өз мамандығына сай жұмысқа орналасуына қажетті жағдайлар қарастырылған ба?

–Қазіргі таңда елімізде діни кадрларды даярлаудың өзектілігі жылдан жылға артып келеді. Бүгінгі күні елімізде ислами бағыттағы «Нұр-Мүбарак» Египет ислам мәдениеті университеті мен тоғыз медресе (соның ішінде 5 медресе-колледж) жұмыс жасауда. Қазір «Нұр-Мүбарак» университетінде 1180 адам (1093-і бакалавриатта, 62-сі магистратурада, 25-і докторантурада) оқиды. Сондай-ақ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Е.Бөкетаев атындағы ҚарМУ, Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті мен Шет тілдері және іскерлік карьера университеттері дінтану мамандығы бойынша білім беруде.

Жалпы, сөз басында айтқанымыздай, бүгінгі күні теолог, исламтанушы, дінтанушы мамандарға Қазақстан мұсылмандары діни басқармасы мен мемлекеттік органдарда да сұраныстар бар. Аймақтағы Қазақстан мұсылмандары діни басқармасына қарасты мешіттердегі діни қызметкерлердің 13 проценті жоғары, 15,5 проценті орта, 70 проценттен астамы мешіт жанындағы сауаттылық арттыру курстарында білім алған. Айта кетейік, бүгінгі таңда жергілікті атқарушы органдарда да, өзіміздің дін орталығына да теолог, дінтанушы мамандарға сұраныс бар. Қазірдің өзінде біздің орталыққа теолог қыз балалар қажет.

Қазақстан Республикасының дін саласындағы мемлекеттік саясатының 2017-2020 жылдарға арналған Тұжырымдамасын іске асыруға арналған іс-шаралар жоспарында радикалды діни идеологияға ұшыраған адамдарды оңалту, радикалды көзқарастан арылту мәселелері тапсырылған. Сондықтан да, қазіргі жаһандану дәуірінде діни экстремизм мен терроризм қауіп-қатерінің артуына байланысты қоғамда ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізетін теолог мамандарға сұраныстың артары сөзсіз. Осы орайда, биылғы жылы аймақтағы мешіттер мен мемлекеттік органдарға қажетті діни кадрларды шақыру мақсатында, облыстық ішкі саясат басқармасының басшысы А.Қайруллаевпен бірге Алматы қаласындағы «Нұр-Мүбарак» университеті студенттерімен кездесу ұйымдастырылып, бітірушілерді елге шақырдық.

– Деректерге сүйенсек, дін саласы бойынша шет елдерде білім алып, елге оралған жастар арасында ұлтымыздың дәстүр құндылығын бағаламайтын жайттар кездесіп жатады. Осы жөнінде айтып өтсеңіз...

– Тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейінгі алғашқы жылдары біздің елімізде діни оқу орындарының болмауына байланысты жастарымыз Египет, Сирия, Ливан, Йемен, Ливия, Сауд Арабия Королдігі, Пәкістан, Малайзия секілді алыс-жақын мұсылман елдерінен білім ала бастады. Алайда, ғасырлар бойы өз үйлесімі мен жалғасын тауып келе жатқан дәстүрлі діниміз бен бабалар сабақтастығынан хабары жоқ кейбір жастарымыз ол жақта тек қана діни білім алмай, сол елдерде бұрыннан қалыптасқан біздің дәстүрімізге жат ағымдардың ықпалында қалып қойды. Кейін өкінішке қарай, сол жат діни идеологияларды елімізде тарата бастады. Содан болар, қазіргі таңда елімізде тыйым салынған «Таблиғи жамағат», «Хизбут-тахрир», «Ат-такфир уал хиджра», т.т. ағымдар пайда болды. Сондай-ақ, шет елдерде білім алған кейбір жастарымыз қоғамда ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі діни ұстаным мен беташар, келіннің сәлем салуы, бата қайыру және аруақтарға Құран бағыштау секілді салт-дәстүрлерді жоққа шығарып, «мынау ширк», «мынау бидғат» деп пікір айта бастағандары да шындық. Оның басты себебі, сол жастарымыздың өз тарихы мен мәдениетін, ұлттық рухани құндылықтарын жетік білмегендіктен болса керек. Осындайда Ж.Баласағұн бабамыздың «Кімде-кім халқынан алмаса тәлім, оны үйрете алмас ешбір мұғалім» деген сөзі ойға оралады. Осы сөздің астарында үлкен мән бар. Сондықтан да, қазіргі заң жобасында діни ілім алушыларға бірінші кезекте отандық діни оқу орындарынан білім алып, содан кейін, жолдамамен шетелдік оқу орындарында білімін жалғастыру ұсынылуда. Бұл өз кезегінде еліміздің дәстүріне жат діни ағымдардан сақ болуына және теріс діни ағымның арбауында қалмауына өз септігін тигізеді.

– Жаңа заңнамада мемлекеттік және бюджеттік ұйым қызметкерлеріне қатысты қандай жауапкершіліктер қарастырылып отыр?

– Мемлекетіміздің дін саласындағы кейбір заңнамаларына өзгерістер мен толықтырулар туралы заң жобасында мемлекеттік және бюджеттік ұйым қызметкерлерінің дін саласындағы ұстанымдары мен құқықтарын шектеулер көзделмеген. Тек мемлекеттік қызметшілердің қызмет бабын діни бірлестіктер мүддесіне пайдалануға, өзге адамдарды діни қызметке араласуға мәжбүрлеуге тыйым салу және діни бірлестікті құрушы немесе діни бірлестіктің мүшесі болуға тыйым салынуы ұсынылуда. Сол сияқты, мемлекеттік бюджет және ҚР Ұлттық Банк бюджетінен қаржыландырылатын ұйымдардың қызметкерлеріне де қызмет бабын діни бірлестіктердің мүддесіне пайдалану мен өзге адамдарды діни бірлестіктердің қызметіне араласуға мәжбүрлеуге жол берілмеу талаптары қойылуда.

Алайда, мемлекеттік, бюджеттік сала қызметкерлері жұмыстан бос уақытта діни рәсімдерге, құдайға құлшылық етуге және басқа іс-шараларға көпшілікпен бірдей қатыса алады. Яғни, мемлекеттік қызметшілердің ар-ождан бостандығына ешқандайда шектеулер жоқ.

– Жаңа заңнамада діни бірлестіктер қызметін жеңілдететін қандай шаралар қабылданбақ?

– Жоғарыда аталған заң жобасында бірқатар діни бірлестіктердің қызметін жеңілдететін нормалар бар. 2011 жылғы ҚР «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Заңының 4-тарауы, 12-бабында діни бірлестіктерге жергілікті, өңірлік және республикалық діни бірлестіктер деп мәртебе берілген болатын. Осы заң аясында өңірлік діни бірлестік – кемінде екі облыстан, республикалық маңызы бар қалалардан және Астанадан өкілдік ететін, олардың әрқайсысынан Қазақстан Республикасының кемінде екі жүз елу азаматы бар екі және одан көп жергілікті діни бірлестіктердің қатысушылары (мүшелері) болып табылатын, Қазақстан Республикасының кемінде бес жүз азаматының бастамасы бойынша құрылатын. Ал, қазіргі заң жобасында өңірлік діни бірлестіктерді мүшелерінің саны кем дегенде екі жүз елу адамнан тұратын, еліміздің екі және одан да көп аймақтарында орналасқан жергілікті діни бірлестіктер құра алады. Бұл түзетулер еліміздегі діни бірлестіктердің ұсыныстарына сәйкес енгізілуде.

Сұхбаттасқан **Ғазиза ӘБІЛДА,**
«Сыр бойы».

РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ

ЖЫР ЖАМПОЗЫ – ЖАППАР ЖЫРАУ

Сәрсенбі күні Тұрмағамбет ауылында Сыр сүлейлерінің ізбасары, жырау Жаппар Тұңғышбаевтың туғанына 85 жыл толуына орай, «Жыр жампозы – Жаппар жырау» атты облыстық жыршы-жыраулар фестивалі өтті. Фестивальда Сыр бойындағы ұзандар өнегесін жалғастырып, өскелең ұрпаққа насихаттап жүрген Бидас Рүстембеков бастаған 15-ке жуық белгілі жыр жампозы өнер көрсетті. Кеше құлақ құрышын қандырар мақам саздарымен төгілте жырлаған жыраулар бірінен бірі қалыспай, сүлейлер өнерінің өміршең екендігін тағы бір мәрте дәлелдегендей.

– Киелі мекеннің перзенті Жаппар Тұңғышбаев Тұрмағамбет ақынның жай оғындай жарқылдаған алымдығын пір тұтып, ежелгі өнерге өзгеше өрнек қосқан жырау болатын. Өнегесі мол Рүстембек, Үбісұлтандай ағаларынан үлгі алып, дәстүрлі өнерді жалғаған Жаппар жырау жырсүйер жұрттың жадында мәңгі сақталуы тиіс. Бүгінгі фестивальдің де мақсаты осы, – дейді К.Рүстембекұлы атындағы Жыраулар мектебінің директоры Серік Жақсығұлов.

Жүз шайыр шыққан Қармақшы топырағы қашанда киелі. Бұл мекенде Қорқыт бабадан бастау алған жыраулық дәстүрді Тұрмағамбет, Жиенбай жырау, Кете Жүсіп, Шораяқтың Омары, Дүр Оңғар, Сәрсенбай жыраулар жалғаса, олардың ізін Алмас Алматов, Бидас Рүстембековтер басып, ұлы өнерді кейінгі ұрпаққа насихаттап келеді. Бұл ретте, елдің сыйлысы болған Жаппар жыраудың да орны ерекше болып қалмақ.

Мейрамгүл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ,
“Сыр бойы”.

КӨП ҚОЛДАҒАН БАСТАМА

Домбыра – қазақ халқының өте ерте және кең тараған, музыкалық аспабы. Сан ғасырлар бойы халықпен бірге жасасып келе жатқан домбыраның қасиетін жастарға түсіндіре отырып, насихаттау біздің парызымыз.

Биыл Қызылордада ұлттық символға айналған домбыраны дәріптеудің қадамдары жасалды.

«Рухани жаңғыру» орталығының ұйымдастыруымен «Қолөнер» орталығы мен «Ұшқын» қоғамдық бірлестігінің демеушілігі нәтижесінде «Ана мен бала» орталығындағы» 20 сәбиге өз есімдері жазылған домбыра сыйлыққа берілді. Қазанғап атындағы музыкалық колледж студенттері мен Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университетінің өнерпаздары Қ.Мұхамеджанов атындағы №1 мектеп-гимназияда күй тартып, Сыр сүлейлерінің жырларын орындады. Бұл шараның мақсаты алдағы уақытта білім беру мекемелерінде үзілісте ұлттық күйлерімізді орындау арқылы білім алушылардың бойында патриоттық сезімді ояту еді.

Көп ұзамай бастама өз нәтижесін көрсетті. Мәселен осы шарадан кейін мектеп ұжымы тарапынан ұлттық аспаптар оркестрі мен «Рухани жаңғыру» кабинетін ашу туралы ұсыныс айтылды.

Көп ұзамай, мектеп-гимназияда «Рухани жаңғыру» кабинеті ашылып, ұлттық аспаптар оркестріне Балтабай Ибраев демеушілік жасап, өз қаржысынан 10 домбыра сыйлады.

Бұл шара ұлттық құндылықтарды құрмет тұтатын кез келген жанның көңілінен шықты.

Қолдау көрсеткен жеке кәсіпкер Балтабай Сүлейменұлы: «Перзентханада домбыра сыйланғанын жаңалықтардан көріп, мынау бір игі бастама екен деп ойладым. Араға бір-екі күн сала орталықтан хабарласып, осы мектепте «Рухани жаңғыру» кабинетін ашып, ұлттық аспаптар оркестрін құруға демеуші керек екенін айтты. Ойланбастан келістім. Себебі, осындай бастамаларды қолдап, жүзеге асыруға көмектесу азаматтық парызым деп білемін. Домбыра – қазақтың жаны. Домбыраның қасиетін бойына құйып өскен бала рухани дүниесі бай азамат болады. Домбыра ұстаған кішкентайларымызды көріп, қатты қуанып отырмын. Осындай өскелең ұрпағымыз барда болашағымыз жарқын болады, – дейді.

Меруерт ҚУАНЫШБЕКОВА,
«Рухани жаңғыру» орталығының маманы.

МЕРЕКЕЛІК ІС-ШАРАЛАР

ҚЫЗЫЛОРДА ҚАЛАСЫ

17 наурыз

Мереке қарсаңында тұрғындарды, мекеме ұжымдарын көркейту-көгалдандыру шарасына тарта отырып, «Наурыз - Көк» тақырыбымен жалпыхалықтық сенбіліктер, «Наурыз – тал» акциясын ұйымдастыру. Қала аумағы, сағат 09.00.

18 наурыз

Ерікті жастарды тарта отырып, Ұлы Отан соғысы, еңбек және тыл ардагерлері, тұрмысы төмен жалғызбасты азаматтарға «Ардагерлерге тағзым» атты қысқы мезгілден кейінгі тазалау, көркейту-көгалдандыру жұмыстарына жәрдем беру шаралары, сағат 10.00.

19 наурыз

Наурыз мейрамына орай ұлттық спорт түрлерінен (қазақша күрес, асық, көкпар және т.б.) сайыстар ұйымдастыру, «Көктем» марафоны. Орталық алаң, сағат 10.00.

Заманауи спорт түрлерінен (Воркаут, Стритбол, Скейтбол) сайыстар. Қаладағы спорт алаңдары, сағат 12.00.

Қала көлеміндегі «Сыбаға», «Жайна», «Талғат» базары кәсіпкерлерінің тұрғындарға арналған сый-тартуы. Қазантаев көшесі, сағат 10.00.

20 наурыз

«Наурыз – рух тірегі» атты мерекелік концерт. М.Ералиева атындағы мәдениет үйі, сағат 10.00.

20-31 наурыз

«Көктем лебі» тақырыбында жас суретшілердің көрмесі. Көркемсурет галереясы, сағат 11.00.

21 наурыз

«Домбыра думан» мерекелік шарасы. Орталық алаң, сағат 11.00-13.00.

«Жастар кеші». Орталық алаң, сағат 20.00-22.00.

22 наурыз

Астана қаласының 20 жылдығы, Қызылорда қаласының 200 жылдық мерейтойлары аясында Наурыз мерекесіне арналған мәдени-көпшілік шара. Орталық алаң, сағат 09.00.

АРАЛ АУДАНЫ

21 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік шара. Арал қаласы. Орталық алаң, сағат 10.00.

ҚАЗАЛЫ АУДАНЫ

22 наурыз – Қазалы ауданының тарихи-өлкетану музейінің ашылуы. Әйтеке би кенті, сағат 10.00.

22 наурыз – Наурыз мерекесіне арналған мерекелік шаралар. Әйтеке би кенті. Орталық алаң, сағат 11.00.

ҚАРМАҚШЫ АУДАНЫ

21 наурыз – «Наурыз тойы – мереке, салт-дәстүрім – береке» тақырыбында этнографиялық көрме. Аудандық тарихи-өлкетану музейі, сағат 10.00.

22 наурыз – «Армысың, Әз Наурыз!» атты мәдени-көпшілік шаралар. Жосалы кенті. Орталық алаң, сағат 10.00.

ЖАЛАҒАШ АУДАНЫ

20 наурыз – Наурыз мерекесіне арналған спорттық шаралар. Жалағаш кенті. Орталық алаң, сағат 10.00.

22 наурыз – «Нұрын шашқан, Әз Наурыз!» тақырыбында мерекелік шара. Жалағаш кенті. Орталық алаң, сағат 09.00.

СЫРДАРИЯ АУДАНЫ

21 наурыз – Ұлыстың ұлы күніне арналған мерекелік салтанатты шара. Тереңөзек кенті. Орталық алаң, сағат 10.00.

ШИЕЛІ АУДАНЫ

21 наурыз – Наурыз мерекесіне арналған мерекелік шара. Шиелі кенті. М.Шоқай атындағы орталық алаң, сағат 10.30.

ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫ

21 наурыз – «Мәңгілік елді мәртебелеп нұрландырған Әз Наурыз!» тақырыбындағы мерекелік шара. Жаңақорған кенті. Орталық алаң, сағат 09.00.

«СЫР ЕСКЕРТКІШТЕРІ» ЖАРЫҚ КӨРДІ

Алматы қаласындағы «Аспантау» баспасынан Қорқыт ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті «Қорқыттану және өлке тарихы» ғылыми-зерттеу институтының ғылыми қызметкері Бақытжан Ахметбектің «Сыр ескерткіштері» атты кітабы жарық көрді. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында басма жүзін көрген туындыда Сыр өңіріндегі көне қалалар, киелі жерлер, ел қорғаған батырлар, білікті билер, ғұлама, әулиелер жөнінде деректер топтастырылған.

ҰСТАЗДАР БІЛІКТІЛІГІМЕН БӨЛІСТІ

Қызылорда қаласындағы Ж.Нұрсейітов атындағы №233 мектепте «Жаңартылған білім беру мазмұны бойынша бастауыш сыныптардағы пәндердің жүргізілуі» тақырыбында семинар өтті. Оған қаладағы білім ордаларының бастауыш сынып мұғалімдері қатысып, аталған мектеп ұстаздарының ашық сабақтарын көріп, тәжірибелерімен бөлісті.

Бұдан бөлек жаңартылған білім беру мазмұны бойынша мұғалімдердің біліктілігі мен шеберліктерін арттыру мақсатында түрлі коучинг сабақтары өткізілді.

Семинар соңында сөз алған Қызылорда қаласы педагогикалық шеберлік орталығының тренері Е.Оспанов жиынға қатысушылардың белсенділігіне тәнті болып, ұйымдастырушыларға алғысын білдірді.

Ринат ӘБДІҚАЛЫҚ.

Газеттің келесі саны 21 наурыз, сәрсенбі күні шығады.

Кезекші редактор **Сара АДАЙБАЕВА.**

Меншік иесі

СЫР МЕДИА

жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ
қабылдау бөлмесі
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36

БАС РЕДАКТОР
Қуат ШАРАБИДИНОВ
қабылдау бөлмесі –
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43
Жауапты хатшы – 70-00-81

Бөлімдер:
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41
экономика – 70-00-41, 70-00-68
әлеумет және саясат – 70-00-73
жарнама – 70-00-49, 70-00-52
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.

Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.
Тіркеу куәлігі № 12993-Г, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертификатталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
“АҚ” - ақылы қызмет.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, “Сыр медиа” ЖШС өз баспаханасында басылды.
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 30321
Тапсырыс №413

Редакция мекен-жайы: Қызылорда қаласы, Бейбарыс Сұлтан көшесі, 4 “А”.

e-mail: syrboyi@yandex.kz / www.syrboyi.kz